Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 37.013.42 қолжазба құқығында

ЖОМАРТОВ АЙДОС КОРАБАЕВИЧ

Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың әлеуметтік-педагогикалық негіздері

8D01801 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші:
педагогика ғылымдарының докторы,
қауымдастырылған профессор
А.А.Булатбаева

Шетелдік кеңесші:
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Е.И. Казакова (Ресей)

Қазақстан Республикасы

Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР 3
АНЫҚТАМАЛАР 4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР 5
КІРІСПЕ 6
1. СТУДЕНТ ЖАСТАРДА ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ САНАНЫ ДАМЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ
1.1 Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудағы әлеуметтік-педагогикалық қамтамасыз етудің тарихи-практикалық алғышарттары 19
1.2 Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың мәні мен мазмұны 42
1.3 Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың әдіснамалық негіздері 60
Бірінші бөлім бойынша тұжырым 73
2 СТУДЕНТ ЖАСТАРДАТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ САНАНЫ ДАМЫТУДЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ
2.1 Жоғары оқу орны студенттерінің терроризмге қарсы санасын дамыту үдерісін жобалау стратегиясы 75
2.2 Студенттің манипулятивтік тәсілдерге қарсы тұрудағы жеке тұлғалық ресурстары 87
2.3 Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың әлеуметтік-педагогикалық моделі 103
Екінші бөлім бойынша тұжырым 121
3 СТУДЕНТ ЖАСТАРДА ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ САНАНЫ ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС МАЗМҰНЫ
3.1 Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың бастапқы деңгейінің нәтижелері 123
3.2 Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамыту бағдарламасы 135
3.3 Эксперименттің қалыптастырушы кезеңінің нәтижелері 145
Үшінші бөлім бойынша тұжырым 161
ҚОРЫТЫНДЫ 164
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ 168
ҚОСЫМША А - Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ- дің жергілікті этикалық комитетінің анықтамасы 183
ҚОСЫМША Б - Ғылыми-зерттеу жұмысын енгізу актісі 184
ҚОСЫМША В - Сауалнама және аяқталмаған сөйлемдер сауалы 187
ҚОСЫМША Г- Терроризмге қарсы сана компоненттерін жеке бағалау сауалнамасы 193
ҚОСЫМША Д - Курс бойынша тест сұрақтары 194
ҚОСЫМША Е – Авторлық куәлік 199

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық зерттеу жұмысында келесідей нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалды:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған).
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 2007 жылғы 27 шілде (2024 жылғы соңғы өзгерістерімен және толықтыруларымен).
3. «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 1999 жылғы 13 шілде (2026 жылғы жағдай бойынша өзгерістерімен және толықтыруларымен).
4. «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 2005 жылғы 18 ақпан (өзгерістерімен және толықтыруларымен).
5. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 2011 жылғы 11 қазан (өзгерістерімен және толықтыруларымен).
6. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген.
7. Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген.
8. Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2023–2027 жылдарға арналған кешенді жоспар, ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 29 қыркүйектегі № 841 қаулысымен бекітілген.
9. «Білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы». Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығымен бекітілген, 2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығымен өзгерістер енгізілген
10. Білім беру объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығы (2024 жылғы 7 ақпандағы № 26 бұйрығымен енгізілген соңғы өзгерістерімен).
11. Білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығымен бекітілген.
12. Қазақстан Республикасында терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы, ҚР Үкіметінің 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № 1404 қаулысы (ҚР Үкіметінің 2025 жылғы 16 маусымдағы № 443 қаулысымен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен).

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық зерттеуде келесі анықтамалар қолданылады:

Сана – қоршаған әлемнің объективті, тұрақты қасиеттері мен заңдылықтарын жалпыланған түрде бейнелеудің ең жоғарғы формасы.

Терроризмге қарсы сана – сыртқы әлеуметтік ортада туындауы мүмкін жағымсыз құбылыстар (физикалық зорлық-зомбылық қаупі, қорқыту және т.б.) туралы тұлғаның саналы түрде қалыптасқан түсініктері мен бағалау жүйесі болып табылады.

Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамыту – сыртқы әлемдегі ықтимал теріс оқиғаларды саналы түрде түсіну, дамыған сыни ойлау, осы оқиғаларды пайымдау, талдау және оларға қарсы тұру қабілетіндегі өзгерістер, сондай-ақ студенттердің көзқарастарын, сенімдерін қорғау және оң өзін-өзі анықтау (кәсіби, жеке) қабілеттерін жетілдіруге бағытталған әлеуметтік-педагогикалық процесс.

Стратегия – жоғары оқу орнының білім беру процесі субъектілерінің студенттердің оқу кезеңінде экстремистік мінез-құлыққа төзбеушілікті дамыту қабілетін қалыптастыруға және тәуекелдердің белгісіз әрі ерекше жағдайларында терроризмнің алдын алуға ықпал етуге бағытталған, теориялық және әдіснамалық тұрғыдан негізделген, мақсатқа сай ұйымдастырылған педагогикалық әрекеттер жүйесі.

Терроризмге төзбеушілік – қатынасты қалыптастыру қабілеті және терроризмнің жолын кесуге жәрдемдесуге дайын болуы олардың өмірлік қызметінің барлық салаларында терроризм қатерлері мен тәуекелдеріне қарсы іс-қимыл ұстанымын саналы түрде таңдау.

Ақпараттық бақылау – алдауды қолдану, сыртқы ықпалды барынша азайту (кітап оқуға, жаңалықтар көруге тыйым салу), топ мүшелерін бақылау және қадағалау бағдарламаларын енгізу

Ойды бақылау – культтегі өмірді жалғыз шынайы өмір ретінде қабылдатуға мәжбүрлеумен сипатталады, гипноздық тәсілдерді және «ойлауды тоқтату» үшін арнайы тілді қолдану.

Эмоциялық бақылау – кінә мен ұят сезімдерін манипуляциялау, «сыртқы әлемнен» қорқыныш тудыру, бағынбаған жағдайда көпшілік алдында айыптау және оқшаулаумен қорқыту.

Сыни ойлау – бұл басқалардың қателігін дәлелдеуге немесе оларды түзетуге емес, керісінше өзін-өзі талдау және өзін-өзі жетілдірумен байланысты дағдылар жиынтығы.

Жорамалдар – бұл фактілер шеңберінен шығатын жеке пікірлерге негізделген болжамдар.

Модельдеу – күрделі, көпэлементті және көпқұрылымды жүйелерді зерттеуде қолданылатын жүйелі талдаудың маңызды технологияларының бірі.

Дипфейк – жасанды интеллект технологиялары арқылы адамның бейнесін, дауысын немесе әрекетін шынайыға ұқсатып қолдан жасау.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҰҚШҰ	-	Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы
ҰҚК	-	Ұлттық қауіпсіздік комитеті
ШЫҰ	-	Шанхай ынтымақтастық ұйымы
БҰҰ	-	Біріккен ұлттар ұйымы
ТҚО	-	Терроризмге қарсы орталық
ҚазҰУ	-	әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
ТЭЖ	-	Тәжірибелік-эксперименталдық жұмыс
ҚХР	-	Қытай Халық Республикасы
АҚШ	-	Америка Құрама Штаттары
БАҚ	-	Бұқаралық-ақпараттық құралдар
ҚР ҚК	-	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
НҚА	-	Нормативтік-құқықтық актілер
ЖОО	-	Жоғары оқу орындары
СӨЖ	-	Студенттің өзіндік жұмысы
СҒЗЖ	-	Студенттің ғылыми зерттеу жұмысы
ИГИЛ	-	Исламское государство Ирака и Леванта
ҒЖБССҚК	-	Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті
м.а.	-	міндетін атқарушы
т.б.	-	тағы басқалар
ID	-	Identification
SPSS	-	Statistical Package for the Social Sciences
CST	-	Critical Studies on Terrorism
DAC	-	Dynamics of Asymmetric Conflict
BSTPA	-	Behavioral Sciences of Terrorism and Political Aggression
JTR	-	Journal of Terrorism Research
JDR	-	Journal for Deradicalization
UNESCO	-	United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization
NAHT	-	National Association of Head Teachers
CSTPV	-	Center for the Study of Terrorism and Political Violence
BITE	-	Behavior Control, Information Control, Thought Control, Emotional Control
БТ	-	Бақылау топ
ФТ	-	Фокус топ
ЭТ	-	Эксперименттік топ
ID	-	Identification

КІРІСПЕ

Тақырыптың өзектілігі. Экстремизм мен терроризмнің алдын алу мәселелері қазақстандық және шетелдік сарапшылық-ғылыми қауымдастық тарапынан көптеген жылдар бойы талқыланып келеді және соңғы жылдары бұл мәселелерге деген назар айтарлықтай артты.

БҰҰ құжаттарында терроризмнің қауіпсіздікке нұқсан келтіретіні, мемлекеттерді тұрақсыздандыратыны, азаматтық қоғамды әлсіретіп, дамуды тежейтіні, сондай-ақ оның негізгі құқықтарға, ең алдымен өмір сүру, бостандық және жеке басқа қолсұғылмаушылық құқығына әсері орасан зор екені нақты көрсетілген. Сонымен қатар құжатта терроризмге қарсы күрес заң, адам құқықтарын құрметтеу және ашықтық негізінде құрылуы тиіс екені атап өтіледі [1]. Бұл тұрғыда БҰҰ-ның «Human Rights, Terrorism and Counter-terrorism» атты талдау құжатының маңызы зор. Оның тұжырымдамалық ұстанымы – адам құқықтарын қорғау мен терроризмге қарсы күрес бірін-бірі жоққа шығаратын бағыттар емес, керісінше олар біртұтас стратегияның бірін-бірі толықтыратын элементтері ретінде қарастырылуы тиіс [2].

Жастар мен студенттер ортасында бұл тенденцияның таралуы әлеуметтік жағынан әлі толыспаған адамға жағымсыз әлеуметтік және психологиялық факторлардың кешенді әсер етуіне байланысты туындайды. Бұл факторлар тұлғаның әлеуметтік дамуының жас ерекшеліктерімен күшейе түседі: топтардың ықпалымен қарым-қатынасқа ұмтылу; тәуекелді мінез-құлыққа әкелетін өзін-өзі көрсетуге бейімділік; дербестікке және отбасынан (мектептен, университеттен) бөлінуге тырысу; ересектерше тәуелділікті жеңуге ұмтылу; манипуляциялық әсерге берілгіштік және теріс ақпаратты сынсыз қабылдау; тұлғаның рухани-адамгершілік санасының, құндылықтарының, идеалдарының, көзқарастарының, дүниетанымының және азаматтық ұстанымдарының қалыптасуындағы дағдарыспен қатар жүретін әлеуметтік белсенділігінің артуы.

Ашық қолжетімділіктегі журналдар мен басылымдарды талдау терроризм мәселесіне деген зерттеушілік қызығушылықтың артып келе жатқанын көрсетеді. Бірқатар беделді халықаралық журналдар бар, мысалы: *«Терроризмді сыни зерттеу»* (CST, 2008–қазіргі уақыт), *«Асимметриялық қақтығыстар динамикасы: терроризм мен геноцидке апаратын жолдар»* (DAC, 2008 – қазіргі уақыт), *«Терроризм және саяси агрессия туралы мінез-құлық ғылымдары»* (BSTPA, 2009 – қазіргі уақыт), *«Терроризмді зерттеу журналы»* (JTR, 2011 – сәуір 2018) және *«Дерадикализация журналы»* (JDR, 2014 – қазіргі уақыт). Бұның бәрі террористік зорлық-зомбылықтың жеке тұлғалардың, қауымдастықтар мен мемлекеттердің әл-ауқатына айқын әрі жиі қорқынышты қауіп төндіретінін дәлелдейді. Ғалымдар терроризмді зерттеудегі мемлекеттік тәсіл алып келуі мүмкін біржақтылықты сыни тұрғыдан қайта пайымдауды негіз ретінде ұсынады.

Дегенмен соңғы онжылдықтарда терроризмді зерттеу жұмыстары оның үстірттігі мен жалпылауға бейімділігі үшін қатаң сынға ұшырап келеді. Көптеген еңбектердің жекелеген жағдайларға ғана сүйенетіні және құбылыс туралы тұтас

түсінік бермейтіні атап өтіледі. Халықаралық беделді сарапшылардың бірі Б.Шурман [3] бастапқы деректерге жүгіну, әдіснамалық құралдарды кеңейту және терроризмнің алдын алу процесінің объективтілігін арттыру қажеттігін көрсетеді. Қазіргі заманғы сын-қатерлер тек террористік құбылыстардың өзін талдауды ғана емес, сонымен қатар қоғамда және адамдарда оларға деген көзқарастың қалай қалыптасатынын, қауіп-қатерді қабылдауға қандай факторлар әсер ететінін және жас кезден бастап оларға төзімділікті қалай дамытуға болатынын түсінуді талап етеді. Зерттеу фокусын осы бағытқа қарай кеңейту ғылыми білімді тереңдетіп қана қоймай, оны білім беру және алдын алу тәжірибесі үшін шынайы маңызды етуге мүмкіндік береді.

Бұл зерттеудің өзектілігі қазіргі заманғы сын-қатерлер жағдайында терроризмге қарсы іс-қимыл тәсілдерін қайта пайымдау қажеттілігімен айқындалады. Дәстүрлі күш қолдану әдістері құқықтық және гуманистік құндылықтарға негізделген тұрақты қоғамдық сананы қатар қалыптастырмайынша, шектеулі тиімділік көрсетуде. Осы орайда жоғары оқу орнының білім беру ортасында студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытуды зерттеу ерекше маңызға ие болып отыр.

Зерттеу мәселесінің зерттелу деңгейі.

Жастардың терроризмге қарсы күрес туралы хабардарлығын арттырудағы елеулі табыстар құқықтық шараларды, нормативтік актілерді, заңдарды, экономикалық, халықаралық және алдын алу шараларын қамтиды. Соңғы жылдары профилактикалық бағыт ерекше маңызға ие болды. Өйткені негізгі назар радикалданудың алдын алуға және радикалды идеялардың таралуына әлеуметтік қарсылықты қалыптастыруға аударылуда.

А.М.Нургалиева, Ж.К.Нургалиева [4], Ж.Толен [5], Н.А.Биекенов, А.К. Искаков [6] зерттеулерінде радикалды бірлестіктер тарапынан өз санын арттыру мақсатында Қазақстан жастары ерекше жіті назарға алынатын нысан болып табылатындығын көрсетеді. Діни экстремизм терроризм және фундаментализммен ажырамас байланыста екені белгілі.

Қазақстандық зерттеушілер терроризммен күрес тек күш қолданумен шектелмейтінін және білім беру мен әлеуметтік-мәдени механизмдерді қамтитын кешенді көзқарасты талап ететінін атап көрсетеді [7, 8].

А.Б. Бауберикова мен Г.Х. Бектлеуова [9] еңбектері радикалдану үдерісіндегі негізгі нүктелерді анықтайды, ал авторлар жеке психологиялық ерекшеліктерге және әлеуметтік-мәдени контексттің ықпалына ерекше көңіл бөле отырып, террористік тұлғаның қалыптасу динамикасына назар аударады.

М.Р. Исламгалеева [10] ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатерлерді қарастыра отырып, террорист тұлғасына ерекше типтегі адам ретінде назар аударады. Олардың мінез-құлқы мен іс-әрекетінде рационалды компоненттер толығымен дерлік болмайды, ал эмоциялық компоненттер басым болып, тіпті аффективті деңгейге дейін жетеді деген пікір айтады.

Белгілі саясаттанушы-сарапшы Р.С. Иржанов [11] өз сұхбатында терроризмге қарсы сананы қалыптастыруға бағытталған мақсатты жұмысты жүргізудің қажеттігін атап өтеді және ол діни экстремизмнің алдын алуда қалаулы нәтижеге қол жеткізу үшін тек объектімен ғана емес, сонымен қатар

профилактика субъектісімен де ақпараттық-түсіндіру және әдістемелік жұмыстар жүргізу қажет екенін ерекше көрсетеді.

А.С. Касеноваың [12] зерттеуі, әсіресе жастар арасындағы ерте радикалданудың алдын алудың маңыздылығына арналған. Ғалым дәл білім беру ортасы деструктивті оқыту және қауіпсіз мінез-құлық дағдылардан айырмашылығы, сыни ойлауды қалыптастырудың басты негізіне айналатынын көрсетеді. Отандық сарапшылар мен зерттеушілер цифрлық ортадағы контентке қарсы радикалды іс-қимылдың және ақпараттық қауіпсіздіктің маңыздылығын баса айтады. Қазіргі заманғы қауіптер, көбінесе, интернет арқылы таралады, бұл коммуникативтік білімді дамытуды және ақпаратты сыни тұрғыдан талдай білуді талап етеді деп көрсетеді [13]. Алдын алудың тәжірибелік-бағдарланған аспектілері халықтар мен діндер арасындағы өзара іс-қимылдың құндылықтарын, мағыналы әрекеттесу, әлеуметтік және мәдени міндеттемелерін дамыту мәселелерін қамтуы тиіс [14]. Осы орайда, Г.Ө.Насимова, Б.Қ.Рахимбекова, Ж.А.Басығариева бірлестігінде жазылған мақалада студенттердің саяси және қоғамдағы белсенділіктеріне қатысты жоғары мектеп оқытушының басты назарында студенттің тұлғасы, оның стандартты емес ойлау қабілетін, рухани дүниетанымын дамыту жайлы ой айтылады [15].

Мұнымен қатар, Қазақстандық беделді ғалымдардың жастар мен студенттердің арасындағы діндарлық, тұлғалық бірегейлену, әлеуметтену мен құндылық бағдарларының мәселелерін зертеген О.Х. Аймаганбетова [16], Г.С. Абдирайымова, А.В.Веревкин, Т.Ю.Лифанова [17], Ш.Рысбекова, С. Абжалов, Г.Рысбекова [18], А. Сайлаубекқызының [19], студент жастар арасында діни толеранттылықты қалыптастыру туралы жазған Ж.К.Шаймерденова еңбектерін атап кеткен жөн [20].

Қазақстанда Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығы алдын алу шараларын әзірлеу мен іске асыруға, мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруге, терроризм мен экстремизмнің алдын алу бағдарламаларын орындауға, сондай-ақ халықтың хабардарлығын арттыруға елеулі үлес қосып келеді [21].

Нәтижесінде Қазақстанның ғылыми және практикалық тәжірибесі терроризмнің алдын алудың қазіргі заманғы жүйесі – бұл тек әрекет ету стратегиясы ғана емес, сонымен бірге алдын алу қатері екенін растайды. Бұл тұрғыда терроризмге қарсы сананы қалыптастыру ұлттық қауіпсіздіктің маңызды элементі болып табылады.

Студент жастар арасында радикалдану көріністерінің алдын алу мәселесі қазіргі әлеуметтік, педагогикалық зерттеулердің маңызды бағыттарының бірі екені белгілі. Осы тұрғыда Б.А. Аманжолова мен А.М. Калгужинова [22] еңбегінде Орталық Азиядағы студент жастарының радикалдану ерекшеліктері зерттеліп, кәсіби білім беру ұйымдары білім алушыларының радикалдану деңгейіне қатысты статистикалық көрсеткіштер талданған (2-кесте).

Бірқатар шетелдік зерттеулер де назар аударуға тұрарлық. Көптеген жұмыстар әлемдік деңгейдегі террористік актілерден кейін пайда болды және олардың көпшілігі жастардың жай ғана қорғау объектісі ретінде емес, өздерінің күнделікті ортасында (мысалы, мектептерде) күмәнді іс-әрекеттер туралы

бақылауға және хабарламаға қосқан үлесі ерте сатыдағы қауіп-қатерлерді болдырмау үшін өте маңызды болып табылатын белсенді серіктес ретінде қарастырылатынын атап көрсетеді [23].

Осылайша Sas M. білім беру жүйесі мен дамушы елдердегі жастардың радикалдану процестері арасындағы күрделі өзара байланысты зерттейді. Ол үш мәселені, нақты айтқанда оқуға тең емес қолжетімділікті, оның төмен сапасын және білім беру бағдарламаларының еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес келмеуін атап көрсетеді. Зерттеу барысында ол сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру, пікірталастар үшін қауіпсіз кеңістіктер құру және жастарды жұмысқа орналастыру үшін нарықтық реформалар жүргізу қажеттігін негіздейді. Бұл жастардың радикалдануын едәуір азайтуы мүмкін [24].

Osemwende, V. M. O. O. [25] өз жұмысының негізіне білімнің жоқтығы мен кедейлік жастардың террористік топтарға кіруіне ықпал ететін негізгі факторлар болып табылатын шиеленіс теориясын алады. Осыған байланысты автор сапалы білім алуға және кәсіби даярлыққа қолжетімділікті қамтамасыз етуді, қауіпсіздікті ақпараттандыру мен оқытуды халықтың радикалдану ықтималдығын төмендететін ұзақ мерзімді алдын алу шарасы ретінде бөліп көрсетеді.

Al Zou'bi, R. [26] терроризмнің алдын алу мәселесін қарастыра отырып, оны студенттердің терроризм феномені, оның бастаулары мен жіктелуі туралы хабардар болу деңгейінің дамуымен байланыстырады. Автор студенттердің террористік актілердің анықтамалары мен түрлерін дұрыс түсінетінін, бірақ олардың шынайы міндеттері туралы бұрмаланған түсінігі бар екенін көрсеткен сауалнама нәтижелерін талдайды. Атап айтқанда студенттер саяси және идеологиялық факторлардың әсерін бағаламай, экономикалық қиындықтар мен кедейшілікті радикализацияның басты катализаторы ретінде қате түрде бөліп көрсетеді. Зерттеу көрсеткендей, жастар зорлық-зомбылықты әлеуметтік оқшаулаумен және қаржылық қолайсыздықпен жиі түсіндіреді. Мәселені шешу үшін автор университеттерді экстремизмнің алдын алу және сыни ойлауды дамыту бойынша білім беру бағдарламаларын енгізуге шақырады. Академиялық ортаның діни нанымдарда бірқалыптылық құндылықтарды қалыптастыруға белсенді қатысу қажеттігіне ерекше назар аударылады.

Сыни ойлау, арнайы бағдарламаларды әзірлеу және алдын алудың жүйелілігі жастарды террористік топтарға тарту тәуекелділігін төмендетуде басым болып танылады. Осыған байланысты de Silva, S. [27] спорт пен өнерді «алдап-арбауға» қарсы тұрудың тиімді құралына айналуы мүмкін деп санайды. Өйткені бос уақыттың «вакуумын» толтыру оң балама мен өмірлік маңызды дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

Campbell, T.G. [28] және т.б зерттеуі жеке қатыстылық пен кәсіби орта адамдардың күдікті белсенділік туралы хабарлауға дайындығына қалай әсер ететінін зерттейді. Автордың атап өтуінше, студенттердің қауіпсіздік бойынша ақпарат іздеу бастамасы сирек кездеседі және студенттерде терроризмге мән беру процесі ерекшеленеді. Сондықтан ол студенттермен алдын алу іс-шараларында жеке қатыстылық пен тартымдылықты, бірегейлік факторларын,

контртерроризмге қатысты ақпаратты тұтынудағы пассивтілікті және ақпарат көздерінің сенімділігін ескеруді ұсынады.

Alidina, A. [29] жұмыстары оқу бағдарламалары мен жоғары оқу орындары басшылығының жұмыс істеу тәсілдерін бейтараптықтан азат қауіпсіз орта құру үшін реформалау қажеттігін атап көрсетеді. Бұл ретте ол студенттермен жұмыс істеуде феноменологиялық тәсілді пайдалануды, сөз бостандығы мен оның автономдылығын қамтамасыз етуді, исламды қарапайым қабылдаудан бас тартуды, интерсекционалдық теориясын пайдалануды ұсынады.

Біздің зерттеуімізге қатысты Odhiambo N.A.[30] жұмысы да айрықша қызығушылық тудырады. Автор «Сандық құлдық» (Digital Enslavement) ұғымын енгізеді, ол жүйенің шағын деңгейіндегі процесс ретінде сипатталады. Бұл ретте қоғам мен жеке тұлғалар сандық технологияларға тәуелді болғандары соншалықты, бұлар олардың ойлары мен идеяларын бақылай бастайды. Терроризмнің алдын алу контекстінде бұл құбылысты ескеру идеологияны қабылдау дағдыларын қалыптастыруды, «құлдандыру» тетіктерін түсінуді, ұжымдық интеллектіні пайдалануды, халықтың дәстүрлері мен мәдениетін жастарды тәрбиелеуге интеграциялауды, бүкіл халықты жан-жақты оқытуды білдіреді.

Террорлық актілердің әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық себептерін зерттеулермен айналысатын ресейлік ғалымдар еңбектеріне де жеке тоқталып өткен жөн: терроризмнің мотивациясымен (Ю.М. Антонян [31], В.А. Брагин [32]); терроризм психологиясы, террористің жеке ерекшеліктері (А.И.Донцов [33], Д.В. Ольшанский [34]); студенттердің терроризмге көзқарасының психологиялық ерекшеліктері (В.С. Собкин, В.М. Кропачев [35], Т.В. Романова [36]); жасөспірімдердің экстремизмге қатынасына әсер ететін әлеуметтік факторларды анықтау (С.В. Яковлева [37], А.А. Мкртычян, В.С. Собкин [38]); террористік акт туралы түсінік (Ю.В. Быховец [39], Н.В. Тарабрина [40]) және т.б.

Алайда сананы зерделеуге және терроризмге қарсы іс-қимыл мәселесіне арналған әлеуметтік-психологиялық зерттеулердің орасан зор көптігіне қарамастан, адамның терроризмге қарсы санасын зерделеумен тікелей айналысатын зерттеулер анықталмағанын атап өткен жөн.

Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамыту проблемасын талдау нәтижелері мынадай **қарама-қайшылықтардың** бар екенін анықтады:

- студент жастардың террористік топтарға тартылуына қарсы іс-қимыл факторы ретінде терроризмге қарсы сананы дамыту мәселесін теориялық, әдіснамалық және эмпирикалық зерттеудің төмен деңгейі мен олардың жоғары оқу орындарының әлеуметтік-педагогикалық практикада жоғары сұраныстың болуы арасында;

- терроризмге қарсы іс-қимылға қатысты эмпирикалық деректердің көптігі мен студент жастарда терроризмге қарсы сананың әлеуметтік-педагогикалық ерекшеліктерін зерделейтін жұмыстардың болмауы арасында;

- жастарды террористік топтарға тартуға қарсы іс-қимылдың және мінез-құлықты реттеудің заманауи технологияларына әлеуметтік-педагогикалық

практиканың сұранысы мен жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың кешенді әлеуметтік-педагогикалық технологияларының болмауы.

Анықталған қайшылықтар мынандай сұрақтарға жауап іздеуден тұратын зерттеудің **ғылыми мәселесін** анықтауға әкелді: терроризмді алдын алу жүйесіне адам құқықтары, сыни ойлау және әлеуметтік жауапкершілік мәдениетін дамытуды қалай біріктіруге болады? Білім алушыларда адам өмірі мен адам құқықтарының құндылығын түсінуді қалыптастыру; қауіпсіз және жауапты мінез-құлық дағдыларын дамыту; жанжалдарды шешу тәсілі ретінде төзімділікке және зорлық-зомбылықтан бас тартуға тәрбиелеу үшін қандай әдістемелік құралдарды әзірлеу керек?

Диссертациялық зерттеудің мақсаты: жоғары оқу орындарының тәрбие мен білім беру процесінде студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың әлеуметтік-педагогикалық моделі мен бағдарламасын теориялық негіздеу және тәжірибелік-эксперимент барысында сынақтан өткізу.

Зерттеу нысаны: жоғары оқу орындарындағы тәрбие мен білім беру процесі.

Зерттеу пәні: жоғары оқу орындарында студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың әлеуметтік-педагогикалық мазмұны, әдістері мен тетіктері.

Зерттеу гипотезасы: *егер* жоғары оқу орнының білім беру ортасында студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамыту үдерісі әзірленген әлеуметтік-педагогикалық модель мен бағдарлама негізінде ұйымдастырылса, *онда* студенттерде терроризмге қарсы сананың даму деңгейі когнитивті, құндылықтық-уәждемелік, сыни-талдамалық және іс-әрекеттік-мінез-құлықтық критерийлер бойынша жоғарылайды, *өйткені* модель мен бағдарлама терроризм туралы білімді, зорлық-зомбылықты құндылықтық тұрғыдан қабылдамауды, ақпаратты сыни талдау қабілетін және заңға бағынатын әрі конструктивті мінез-құлыққа дайындықты өзара байланысты түрде қамтамасыз етеді.

Мақсатқа қол жеткізу үшін мынандай **міндеттер** қойылды:

1. Студент жастарда терроризмге қарсы сананың дамуында әлеуметтік-педагогикалық зерттеулерге теориялық-әдіснамалық талдау жүргізу және зерттеудің категориялық аппаратын нақтылау;

2. Студенттік ортада терроризмге қарсы сананың даму ерекшеліктерін айқындайтын жастардың әлеуметтік-психологиялық сипаттамаларын саралау және оның құрылымдық-мазмұндық ерекшеліктерін тұжырымдау;

3. Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамыту процесін жобалау стратегиясын әзірлеу;

4. Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың әлеуметтік-педагогикалық моделін құрастыру;

5. Студент жастарда терроризмге қарсы сананы даму деңгейін анықтайтын диагностикалық құралдарды жинақтау, әлеуметтік-педагогикалық модель мен бағдарламаны апробациялау;

6. Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың әлеуметтік-педагогикалық моделі мен эксперименттік бағдарламаны жүзеге асырғанға

дейінгі және одан кейінгі даму деңгейлерінің ерекшеліктеріндегі айырмашылықтар динамикасын анықтау.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі. Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамыту мәселесін қарастыруда, оның құрылымы мен кезеңдерін сипаттауда жалпы әдіснамалық, атап айтқанда жүйелік, іс-әрекеттік, тұлғаға бағдарланған тәсілдер пайдаландық. Зорлық-зомбылықсыз, жауапты өмір сүру құндылықтарын насихаттайтын аксиологиялық, қоршаған орта әсерлерін ескеретін ресурстық орта және когнитивтік-белсенділік тәсілдерінің әлеуеті; қарастырылып отырған феноменнің психологиялық негізін түсіндіретін ішкі әлемге бет бұру теориясы, студент тұлғасының жеке ресурстық құрамдас бөліктерін есепке алу, өзін-өзі дамыту және жеке тұлғаны өзін-өзі тәрбиелеу процесін жандандыру, психо-технологияның жеке психикаға әсер ету ерекшеліктері туралы тұжырымдамалық ережелер; осы процесті жүзеге асыруға көмектесетін педагогикалық негіздер: студент жастар арасында терроризмнің алдын алу мазмұны мен технологияларын жобалауға кешенді және жүйелі көзқарастар негіз болды.

Зерттеудің жетекші идеясы: студенттерде терроризмге қарсы сананы дамыту үдерісінің тиімділігі студенттердің өзгелерге қатынасы және оларды қабылдауы, өшпенділік деңгейі, пайымдауларының дербестігі, тәуекелді мінез-құлыққа және әсерлерді іздеуге бейімділігі, сондай-ақ жылдам сыйақыға ұмтылысы сияқты психологиялық ерекшеліктерін ескерумен байланысты.

Зерттеуде қойылған міндеттерді шешу және болжамды тексеру үшін зерттеудің жалпы ғылыми және психологиялық-педагогикалық **зерттеу әдістерінің** кешені пайдаланылды:

теориялық деңгейде - әлеуметтік-құқықтық талдау, ағымдағы НҚА мен статистиканы зерттеу, зерттелетін мәселе бойынша философиялық, әлеуметтанулық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді теориялық талдау; жүйелілік және салыстырмалы талдау; алынған деректерді жүйелеу және түсіндіру, теориялық модельдеу.

Эмпирикалық деңгейде - аяқталмаған сөйлем әдісі, жедел сауалнама, фокус-топтық зерттеу, сауалнама, педагогикалық эксперимент. Терроризмге қарсы сана даму деңгейін зерттеу үшін диагностикалық әдістер пакеті: квиздар, викториналар және тестілік материалдар даярланды. Студенттерде терроризмге қарсы сананы дамыту үдерісінің тиімділігіне әсер ететін психологиялық ерекшеліктерді көрсететін және критерийлері бойынша талдамалық мүмкіндіктерді кеңейтетін Басқаларды қабылдау В.Фей шкаласы, өшпенділік В. Кук - Д. Медлей шкаласы, топтағы мінез-құлық тенденцияларын «Q-сұрыптау» әдісі, Цукерманның өткір сезімдерді іздеу әдісі қолданылды.

Өңдеу деңгейінде - сипаттамалық статистика. алынған деректерді талдау, салыстыру, жалпылау және түсіндіру, SPSS компьютерлік бағдарламасы қолданылды.

Зерттеудің эмпирикалық базасы мыналарды қамтиды: 1-2 курс студенттерімен фокус-топтық зерттеу нәтижелері (12 адамнан 4 топ); Зерттеудің екі, яғни айқындаушы және қалыптастырушы кезеңінде студент жастардың сауалнамасының нәтижелері (N-808= 277+531); Аяқталмаған сөйлемдер әдісінің

нәтижелері (N-114 респондент); Қалыптастырушы эксперименттің динамикасы (бақылау және эксперименттік топтардың 50 студенті). Зерттеу жұмысын ұйымдастыру барысы мен әдістері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Жергілікті этикалық комитетте қарастырылып мақұлданды (IRB –A739).

Зерттеу көздері:

- Терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы, жоғары білім беру саласындағы заңнамалық және нормативтік-құқықтық құжаттар;
- Философиялық, социологиялық және психологиялық-педагогикалық әдебиеттер;
- Оқу-педагогикалық құжаттамалар, жоғары оқу орындарының тәрбие жұмысының жоспарлары, әлеуметтік-гуманитарлық мазмұндағы пәндер бағдарламалары;
- Университеттің электрондық кітапханасындағы ғылыми мақалалар мен жарияланымдар, Google Scholar және ғылыми-практикалық конференциялар мен форумдардың материалдары;
- Жоғары оқу орнындағы оқытушылық қызмет.

Зерттеу кезеңдері. Зерттеу 2022 және 2026 жылдар аралығында жүргізілді және жұмыс жоспарына сәйкес өзара байланысты 3 кезеңді қамтыды.

Бірінші кезең (2022-2023 жж.) –дайындық - терроризмге қарсы сананы дамыту мәселесі бойынша қазіргі заманғы теориялық-әдіснамалық және эмпирикалық зерттеулерді көрсететін ғылыми әдебиет зерделеніп, талданды. Категориялық аппарат және зерттеудің негізгі теориялық-әдіснамалық ұғымдары айқындалды. Зерттеудің мақсаты, міндеттері, нысаны мен пәні белгіленді; оның негізгі болжамдары нақтыланды; жоспарланған зерттеуді жүргізуге әдіснамалық тәсілдер бөлініп көрсетілді және негізделді; студенттердің терроризм мәселелерімен діни білімді қабылдау туралы пікірлеріне алдын ала зерделеу жүргізілді.

Екінші кезең (2023-2024 жж.) – тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың (ТЭЖ) анықтаушы және қалыптастырушы кезеңдері - студенттердің терроризмге қарсы ойларын зерттеу сауалнамалары әзірленді және эксперимент бағдарламасы жасалды; университеттің Этикалық комитетінің мақұлдауы алынды; Қазақстанның негізгі өңірлері мен жоғары оқу орындарын қамти отырып, 1-2 курс студенттері арасында фокус-топтық зерттеу және сауалнама жүргізілді; нәтижелерді сапалық және сандық өңдеу жүзеге асырылды; студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың (экспериментті қалыптастыратын) әлеуметтік-педагогикалық моделі мен эксперименттік бағдарламасы (түрлері, әдістері мен технологиялары) әзірленіп, сыннан (апробация) өткізілді; диагностикалық әдістемелер пакеті қалыптастырылды және бақылау мен эксперименттік топтарда өлшемдер жүргізілді.

Үшінші кезең (2024-2026 жж.) – бақылау - математикалық статистика құралдарымен өңделген айқындаушы және қалыптастырушы эксперименттердің эмпирикалық нәтижелерін теориялық жалпылау, салыстырмалы талдау және сипаттау (интерпретация) жүргізілді. Даму динамикасы талданып, әзірленген бағдарламаның тиімділігі дәлелденді. Зерттеудің негізгі ережелері мен

қорытындылары тұжырымдалды; практикалық ұсынымдар әзірленді; диссертация қолжазбасы ресімделді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

«Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамыту» ұғымына анықтама берілді. Анықтама беру барысында біз философия мен психологиядағы теориялық тұжырымдамалар мен түсініктерге сүйендік және сананың келесі сипаттамаларын негізге алуға мүмкіндік берді: белсенділік, интенционалдылық, рефлексивтілік және өмірлік тәжірибеге сүйену. Терроризмге қарсы сананың келесі компоненттері анықталды: терроризмнің мәні мен салдарын білу, зорлық-зомбылықсыздық нормаларын игеру уәждері, әртүрлі әсерлерді талдау және бағалау, құқықтық және азаматтық белсенділікке дайындық. Сондай-ақ, біз тұлғаның дамуының негізгі теорияларын және радикалдану үлгілерін талдадық. Студенттік жас кезеңі ең осал жас, және дәл осы кезеңде өзін-өзі тануда деструктивті ауытқулар болуы мүмкін. Осыған байланысты біз терроризмге қарсы сананы дамытудың келесі әдіснамалық тәсілдерін белгіледік: аксиологиялық, жүйелік, іс-әрекеттік, ресурстық-орта және жүйелілік, диалогтық немесе серіктестік, рефлексивтілік, мақсаттылық, кешенді араласу қағидаттарын анықтадық.

Теориялық және эмпирикалық деңгейлерде студент жастарда терроризмге қарсы сананың әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық ерекшеліктері айқындалды. Әлеуметтік-педагогикалық процесті ұйымдастыру кезінде ПОҚ мен кураторлар назар аударуы қажет студенттік жастың маңызды сипаттамалары өзін-өзі тану дағдарысы, құндылықтардың өзгеруі және топтық сәйкестіктің нығаюы екендігі негізделді. Әлеуметтену деңгейіндегі девианттылықтың алдын алу «зеріккен» (анық мақсаттары мен мүдделері жоқ) студенттерге және маргиналданған жастарға бағытталуы керек. Бұл ретте студенттерде терроризмге қарсы сананы дамыту кешенді мониторингке, деструктивті әсер ету индикаторларын есепке алуға (риториканың өзгеруі, нақты аксессуарларды пайдалану, мінез-құлқындағы өзгерістер және т.б.), студенттерді деструктивтілікке тарту әдістері туралы («кішігірім жеңілдіктер» және кінә сезімін тудыру үшін «қателіктер» әдістері) оқытуға бағдарлануы тиіс. Алынған нәтиженің ерекшелігі біз терроризмге қарсы сананы дамытудың психологиялық тетігін түсіндіретін және әлеуметтік-педагогикалық жұмысты дараландыруға мүмкіндік беретін маңызды көрсеткіштерді анықтадық: агрессивтілік, өзгелерге қатынас немесе оларды қабылдау, пайымдаулардың дербестігі, тәуекелді мінез-құлыққа бейімділік, әсерлерді іздеу және жылдам сыйақыға ұмтылу.

Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың әлеуметтік-педагогикалық моделі мен оны жүзеге асыруға көмектесетін эксперименттік бағдарлама әзірленді, оның негізінде тиімді әлеуметтік-психологиялық технологиялар: сендіргіш әсер ету технологиясы, топтық пікірталас, психологиялық тренинг, ойын моделдеу және кейс-технологиясы берілді. Жоғары оқу орындарында студенттерде терроризмге қарсы сананы дамыту әлеуметтік-гуманитарлық және педагогикалық пәндер әлеуетін сипаттайтын терроризмге қарсы білім матрицасын жасау, кураторларға арналған әдістемелік нұсқаулықты даярлау, «Мен, сен, біз терроризмге қарсымыз» атты студенттерге

арналған курс мазмұны мен материалдарын құрастыруды қамтитын бағдарлама жүзеге асырылды.

Діни көзқарастарды зерттеу және террористік қатерлерді түсіну бойынша авторлық сауалнама әзірленді, студент жастарда терроризмге қарсы сана дамуының критерийлерін өлшемдеуге арналған көпдеңгейлі диагностикалық құралдар жинақталды. Когнитивті критерийді өлшеу үшін тест пен квиз, викториналар, ал, құндылықтық-уәждемелік, сыни-талдамалық, іс-әрекеттік-мінез-құлықтық критерийлер бойынша өзгерістерді айқындауға бағытталған сауалнамалар, жағдаяттық кейстер, өзіндік бағалау сауалнамасы және психологиялық әдістер ұсынылды.

Қалыптастырушы экспериментті жүргізгеннен кейін бақылау және эксперименттік топтағы студент жастарда терроризмге қарсы сананың даму деңгейлерінің көріну ерекшеліктеріндегі айырмашылықтар динамикасы айқындалды. Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытуға әзірленген әлеуметтік-педагогикалық модель мен эксперименттік бағдарламаның тиімділігі эксперименталды түрде дәлелденді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы «терроризмге қарсы сананы дамыту» ұғымын теориялық анықтау арқылы әлеуметтік педагогика бөлімін дамыту және тәрбие мен әлеуметтену салаларының әдіснамасын толықтыру; терроризмге қарсы сананы дамытудың факторлары мен механизмдері туралы теориялық-әдіснамалық ұғымдарды кеңейту; студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың әлеуметтік-педагогикалық моделін әзірлеу және өзектендіру, ақпараттандыру, оқыту, ынталандыру мен бақылау кезеңдеріндегі әдіс-тәсілдерді сипаттау арқылы жоғары оқу орындарында тәрбие мен білім беру процесін нақты-ғылыми және дидактикалық деңгейде тереңдетуден тұрады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы. Алынған нәтижелер әлеуметтік педагогика, жастар ортасындағы әлеуметтік жұмыс технологиялары, құқықтану және әлеуметтік психология бойынша оқу курстары шеңберінде жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына, сондай-ақ, студент-педагогтарды даярлау үшін бағдарламалық материалдарға енгізілуі мүмкін. Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін анықтау мақсатында ұсынылған психодиагностикалық құралдар жастардың санасына әсер беретін төзбеушілік, тәуекелге ұмтылыс, өшпенділік, өзгелерді қабылдаудағы қиындықтарды уақтылы анықтауға және әлеуметтік-педагогикалық моделді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. «Мен, сен, біз терроризмге қарсымыз» атты курс мазмұны мен «ЖОО білім беру ортасында терроризмнің алдын алу жөніндегі жұмыс формалары: куратор-эдвайзерге көмек. Әдістемелік жинақ» материалдары жастарды террористік топтарға тартуға қарсы іс-қимыл мәселесі бойынша жастармен жұмыс істейтін педагог-психологтарды, әлеуметтік педагогтарды даярлау кезінде біліктілікті арттыру институттарында пайдаланылуы мүмкін.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамыту сыртқы әлемдегі ықтимал теріс оқиғаларды саналы түрде түсіну, дамыған сыни ойлау, осы

оқиғаларды пайымдау, талдау және оларға қарсы тұру қабілетіндегі өзгерістер, сондай-ақ, студенттердің көзқарастарын, сенімдерін қорғау және оң өзін-өзі анықтау (кәсіби, жеке) қабілеттерін жетілдіруге бағытталған әлеуметтік-педагогикалық процес ретінде қарастырылады. Оның дамуы қауіпсіздіктің қазіргі заманғы сын-қатерлері жағдайында әлеуметтік педагогиканың маңызды бағыты болып табылады.

2. Студент жастарда терроризмге қарсы сананың дамуы әлеуметтік-педагогикалық факторлардың жиынтығы (жас ерекшеліктері, әлеуметтену деңгейі, білім беру ортасының әсері, медиа кеңістігі және әлеуметтік-мәдени контекст) және студент тұлғасының психологиялық сипаттамаларымен (өзге адамдар мен әлеуметтік топтарға қатынасы, өзге ойларға агрессивтілік және өз бетінше пайымдау деңгейі, тәуекелге бейімдік және өткір әсерлерді іздеу, уәждемелік жүйесі) байланысты. Терроризмге қарсы сананың құрылымы өзара байланыста болатын және тұлғаның деструктивті идеологияларға төзімділігін айқындайтын терроризмнің әлеуметтік-құқықтық мәні мен салдарын түсінуін, зорлық-зомбылықты қабылдамауын, манипуляциялық ықпалдарды сыни бағалау қабілетін мен терроризмге қарсы құқықтық және азаматтық мінез-құлыққа дайындығын біріктіретін бөліктерді қамтиды.

3. Студенттерде терроризмге қарсы сананы тиімді дамыту аксиологиялық, жүйелік, ресурстық-орталық және іс-әрекеттік тәсілдерді интеграциялау негізінде қамтамасыз етіледі. Терроризмге қарсы сананы дамыту мазмұнын жобалаудың базалық құралы ретінде стратегиялық тұғыр таңдалды. Терроризмге қарсы ұстанымдарды педагогикалық процесте жобалау студенттердің даярлау жүйесіне кіріктірілген және ол тұлғаны қорғау қызметін атқарып, ішкі қайшылықтардың алдын алады. Стратегияны жобалау белгісіздік пен тәуекелдер жағдайында құқықтық-құндылықтық бағдарлауды, сыни ойлауды, интерактивті тәжірибе мен рефлексия арқылы өзектендіру мен ақпараттандыру, оқыту мен ынталандыру және бақылау кезеңдерін қамтитын педагогикалық процесті әзірлеуге мүмкіндік береді.

4. Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытуға әзірленген әлеуметтік-педагогикалық моделі субъекттер, құндылықты-мақсаттық, мазмұндық, процестік-іс-әрекеттік және критериалды-бағалау компоненттерін қамтитын тұтас жүйе болып табылады және терроризмге қарсы тұрақты ұстанымдарды қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беру іс-әрекеттің тәрбиелік және интерактивті түрлері арқылы іске асырылады.

5. Жинақталған диагностикалық құралдар терроризмге қарсы сананың даму деңгейін оның негізгі көрсеткіштері бойынша кешенді бағалауға мүмкіндік береді. Белсенді және интерактивті әдістерге (ойынды моделдеу, тренингтік техникалар, кейс-технологиялар, пікірталастар) негізделген бағдарлама студенттерде осы қасиеттің көрсеткіштерімен сәйкестендірілген және мақсатты дамуын қамтамасыз етеді.

6. Әлеуметтік-педагогикалық модель мен бағдарламаны эксперименттік апробациялау студент жастарда терроризмге қарсы сананың дамуында оң динамикасын көрсетті. Ол қауіпті, жарамды және оңтайлы деңгейлерінің

статистикалық маңызды өзгерістерінен көрінеді, бұл ұсынылған тәсілдің тиімділігін растайды.

Алынған нәтижелердің **дұрыстығы мен негізділігі** зерттеуді ұйымдастыру мен жүргізуде, отандық және шетел ғылыми еңбектерін зерделеу, әдіснамалық тәсілдерді салыстыру, негізгі ұғымдардың анықтамаларын нақтылау, студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың мазмұны мен ерекшеліктерін логикалық біріктіру, сараптамалық бағалау жүргізумен; зерттеудің нысанына, пәніне, мақсаттары мен міндеттеріне барабар диагностикалық әдістемелер кешенін пайдалану; эмпирикалық зерттеу әдістерін қолдану, сондай-ақ, іріктеменің өкілеттілігі (репрезентативтілігі); нәтижелерді кеңейтілген сандық және сапалық талдаумен және түсіндірумен, математикалық-статистикалық әдістерді қолданумен айқындалады.

Зерттеу базасы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақтың спорт және туризм академиясы.

Диссертацияның негізгі ережелері Қазақстан, Чехия және ҚХР-дағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда ұсынылды. Диссертация тақырыбы бойынша ҒЖБССҚК ұсынған журналдарда мақалалар, сондай-ақ, Scopus базасында индекстелген халықаралық журналда мақала жарияланды.

Диссертацияның құрылымы мен көлемі.

Диссертацияның құрылымы қойылған мақсат пен негізгі міндеттерден туындайтын зерттеу логикасына сәйкес анықталады. Диссертация кіріспеден, 3 бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер мен қосымшалар тізімінен тұрады.

Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, зерттеу проблемасының зерттелу деңгейі негізделеді, зерттеудің мақсаттары, нысаны, пәні мен міндеттері, оның ғылыми және практикалық маңыздылығы, қорғауға шығарылатын ережелер айқындалады, зерттеу кезеңдері мен жұмыс құрылымы сипатталады.

Диссертацияның «Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші бөлімінде студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытуды әлеуметтік-педагогикалық қамтамасыз етудің тарихи-практикалық алғышарттарына баса назар аударылған, терроризмге қарсы сананы дамытудың мәні мен мазмұны айқындалған, қарастырылып отырған феноменнің дамуын зерттеудегі аксиологиялық, жүйелік, ресурстық-орта және іс-әрекеттік тәсілдердің әлеуеті талданды. Бұл бөлімде «терроризмге қарсы сана» және «студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамыту» ұғымдары тұжырымдалған.

«Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың тұжырымдамалық негіздері» атты екінші бөлімде жоғарғы оқу орындары студенттерінің терроризмге қарсы санасын дамыту жобалық процесінің стратегияларын қамтитын зерттеу тәсілінің мазмұндық тұстары берілген, сананы манипуляциялауға қарсы іс-қимылда студенттің жеке ресурсы ретінде өзін-өзі бақылаудың негіздемесі, студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытуды әлеуметтік-педагогикалық моделі ұсынылған.

«Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытуға арналған тәжірибелік-эксперименттік жұмыс мазмұны» атты үшінші бөлімде

педагогикалық эксперименттің айқындаушы және қалыптастырушы кезеңдері барысында алынған негізгі нәтижелер сипатталған; терроризмге қарсы іс-қимылдың құқықтық негіздерін түсінуге және білуге, сыни ойлау және өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыруға және ақпараттық манипуляцияға барабар әрекет етуге, жанжалдар мен мәселелерді шешуде зорлық-зомбылық әдістерін қабылдамауға баса назар аудара отырып, терроризмге қарсы сананы дамыту бағдарламасының апробациясы ұсынылды.

Қорытындыда зерттеу қорытындылары бойынша тұжырымдар мен ұсынымдар баяндалады, осы бағыттағы одан әрі ғылыми ізденістердің перспективалары белгіленеді.

Қосымшада зерттеудің қалыптастырушы кезеңінің материалдары және көмекші әдістемелік материал көрсетілген.

1 СТУДЕНТ ЖАСТАРДА ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ САНАНЫ ДАМЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ - ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудағы әлеуметтік-педагогикалық қамтамасыз етудің тарихи-практикалық алғышарттары

Қазақстан Республикасында терроризмге қарсы іс-қимылдың мемлекеттік жүйесі тәуелсіздік жылдарында біртіндеп қалыптасты. Осы жүйенің маңызды үйлестіруші құрылымдарының бірі – Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 маусымдағы № 588 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы орталығы туралы ережеге» сәйкес, Терроризмге қарсы орталық экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган жанынан құрылатын, тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Оның негізгі мақсаты – экстремизм мен терроризмге қарсы тиімді іс-қимыл үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының осы саладағы келісілген әрекеттеріне ықпал ету.

Терроризмге қарсы халықаралық ынтымақтастықтың маңызды бағыттарының бірі Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ) қызметімен байланысты. Аталған ұйым шеңберінде терроризмге, экстремизмге және сепаратизмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша мемлекетаралық өзара әрекеттесу жүзеге асырылады. Мәселен, 2017 жылы ШЫҰ Аймақтық терроризмге қарсы құрылымы Атқарушы комитеті директорының орынбасары А.Ғ. Мұқашевтің мәліметіне сәйкес, оған дейінгі үш жыл ішінде ұйымға мүше мемлекеттердің құзыретті органдары террористік және экстремистік сипаттағы 550-ден астам қылмыстың алдын алған [41]. Бұл көрсеткіш ұйым қызметінің сол кезеңдегі нәтижелерін сипаттайды.

ШЫҰ аясындағы терроризмге қарсы ынтымақтастық кейінгі жылдары да жалғасты. Атап айтқанда, 2024 жылғы 29 наурызда Ташкент қаласында ШЫҰ Аймақтық терроризмге қарсы құрылымы кеңесінің 41-отырысы өткізілді [42]. Оған Қазақстан, Қытай, Үндістан, Иран, Қырғызстан, Пәкістан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстанның құзыретті органдарының өкілдері, сондай-ақ ШЫҰ-ның тиісті құрылымдары қатысты. Бұл іс-шара терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың жалғасып отырғанын көрсетеді.

Осыған байланысты студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамыту барысында халықаралық тәжірибені ескеру, ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау, манипуляциялық ықпалдарды тану және зорлық-зомбылық идеологиясын саналы түрде қабылдамау дағдыларын қалыптастыру маңызды болып табылады.

Терроризмге қарсы қызметті құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ету халықаралық саяси жағдайдағы өзгерістерді, Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерін және елдегі әлеуметтік үдерістерді ескере

отырып, үнемі жетілдіріліп отыруды талап етеді. Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің резолюцияларын орындауды қамтамасыз етіп, атқарылған жұмыстар жөніндегі Ұлттық баяндаманы жыл сайын БҰҰ Терроризмге қарсы комитетіне ұсынады. Сонымен қатар Қазақстан терроризмге қарсы күрес жөніндегі барлық он үш халықаралық әмбебап конвенцияға қосылған:

- Азаматтық авиацияның қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілермен күрес туралы конвенция (Монреаль, 1971 жылғы 23 қыркүйек, қосылу мерзімі – 1994 ж.).

- Азаматтық авиацияның қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілермен күрес туралы конвенцияны толықтыратын Халықаралық азаматтық авиацияға қызмет көрсететін әуежайларда жасалатын заңсыз актілермен күрес туралы хаттама (Монреаль, 23 қыркүйек 1971 ж., 24 ақпан 1988 ж. жетілдірілген, қосылу мерзімі– 1994 ж.).

- Әуе кемелерін заңсыз басып алумен күрес туралы конвенция (Гаага, 16 желтоқсан 1970 ж., қосылу мерзімі– 1994 ж.).

- Әуе кемесінің бортында жасалған құқық бұзушылықтар және кейбір басқа актілер туралы конвенция (Токио, 14 қыркүйек 1963 ж., қосылу мерзімі– 1994 ж.).

- Пластикалық жарылғыш заттарды табу мақсатында оларды таңбалау туралы конвенция (Монреаль, 1 наурыз 1991 ж., қосылу мерзімі– 1994 ж.).

- Халықаралық қорғауда болатын адамдарға, соның ішінде дипломатиялық агенттерге қарсы қылмыстардың алдын алу және оларды жазалау туралы конвенция (Нью-Йорк, 14 желтоқсан 1973 ж., қосылу мерзімі – 1996 ж.).

- Кепілге алуға қарсы күрес туралы халықаралық конвенция (Нью-Йорк, 18 желтоқсан 1979 ж., қосылу мерзімі – 1996 ж.).

- Террористік жарылыстармен (бомбалық терроризммен) күрес туралы халықаралық конвенция (Нью-Йорк, 12 қаңтар 1998 ж., қосылу мерзімі– 2002 ж.).

- Терроризмді қаржыландырумен күрес туралы халықаралық конвенция (Нью-Йорк, 10 қаңтар 2000 ж., қосылу мерзімі – 2002 ж.).

- Теңіз кеме қатынасы қауіпсіздігіне қарсы заңсыз актілермен күрес туралы конвенция (Рим, 10 наурыз 1988 ж., қосылу мерзімі – 2003 ж.).

- Континенттік қайраңдағы тұрақты платформалардың қауіпсіздігіне қарсы заңсыз актілермен күрес туралы хаттама (Рим, 10 наурыз 1988 ж., қосылу мерзімі – 2003 ж.).

- Ядролық материалдарды физикалық қорғау туралы конвенция (Вена, 3 наурыз 1980ж., қосылу мерзімі – 2004 ж.).

- Ядролық терроризм актілері мен күрес туралы халықаралық конвенция (Нью-Йорк, 14 қыркүйек 2005 ж., қосылу мерзімі– 2005 ж.).

Қазақстанда терроризмге қарсы күрестің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қылмыстық кодекс, Қазақстан Республикасының 1999 жылғы № 416-I «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңы және басқа да заңдар, халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормалары, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары, ҚР Президентінің жарлықтары мен өкімдері, ҚР Үкіметінің қаулылары мен өкімдері, сондай-ақ оларға сәйкес қабылданатын мемлекеттік

органдардың өзге де нормативтік құқықтық актілері құрайды. Сонымен бірге ҚР терроризм мен экстремизмге қарсы әрекетті құқықтық қамтамасыз ету мәселелерін А.С. Байкенжеев өз зерттеуінде қарастырған. Автор терроризм мен экстремизмнің ұлттық қауіпсіздікке төндіретін қатерін атап өтіп, оларға қарсы күресте тек күш қолдану және тыйым салу шараларымен шектелу жеткіліксіз екенін көрсетеді. Ғалым алдын алу шараларына басымдық беру, қолданыстағы заңнаманы жетілдіру және мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының өзара қимылын күшейту қажеттігін негіздейді [43].

Соңғы 6 жылда ғана осы бағытқа қатысты келесі құжаттар дайындалды:

- «Терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 13 мамырдағы заңы;
- «Объектілерді террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызу Қағидалары мен өлшем шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі қаулысы;
- «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 06 мамырдағы қаулысы;
- «Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық» 2022 жылғы 30 наурыздағы бұйрық;
- «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі» 2022 жылғы 03 мамырдағы нұсқаулық;
- Қазақстан Республикасының аумағында сот шешімімен тыйым салынған экстремистік және террористік ұйымдардың тізімі [44];
- «Терроризм актісінің алдын алуға немесе оның жолын кесуге көмектескен ақпарат үшін сыйақы белгілеу және төлеу қағидалары» 2023 жылғы 16 маусым № 45 [45];
- Кәмелетке толмағандар арасында экстремизм мен терроризмнің алдын-алу жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған жол картасы;
- «Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 2024 жылғы 7 ақпанындағы №26 бұйрығы.

«Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңына сәйкес (Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі № 416 «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңы) терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға: ұлттық қауіпсіздік органдары, ішкі істер органдары, Мемлекеттік күзет қызметі, Қорғаныс министрлігі, уәкілетті органдар жатады.

Өңірлік немесе облыстық, аудандық білім департаменттері де ерекше рөл атқарады. Олардың негізгі функциялары мектептерде, техникалық және кәсіптік колледждерде, лицейлер мен гимназияларда (меншік нысанына қарамастан)

терроризм мен экстремизм идеологиясына қарсы іс-қимыл жұмыстарын ұйымдастырумен байланысты; мұғалімдерді, тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасарларын және білім беру ұйымдарының басшыларын терроризм мен экстремизм идеологиясына қарсы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары мәселелері бойынша даярлау және қайта даярлауды қамтамасыз ету; балалар мен жасөспірімдермен жұмыс істеу бойынша оқыту семинарларын өткізу; жастар арасында толерантты мінез-құлық пен терроризмге қарсы құндылықтарды қалыптастыру мақсатында мектептерге, жоғары оқу орындарына, кітапханаларға арналған әдістемелік ұсынымдарды әзірлеп шығару; білім беру ұйымдары үшін терроризмге қарсы тақырыптағы плакаттар дайындау; әскери-патриоттық және рухани-адамгершілік тәрбие бағытындағы іс-шаралардың өткізілуіне ықпал ету.

Терроризмге қарсы сананы дамыту тұтас білім беру процесімен байланысты және осыған орай Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында, атап айтқанда университеттердің үшінші миссиясы атты 5-тармақта көрсетілгендей студенттерді дамытудың кешенді жүйесі білім беру жұмысының жаңа нысандары мен әдістерін қамтуы керек деп айтылған. Жастар арасында азаматтық белсенділікті дамытуға, студенттердің өзін-өзі басқаруын нығайтуға, тәртіпсіздіктердің алдын алуға және қиын өмірлік жағдайларға тап болған студенттерге психологиялық қолдау көрсетуге ерекше назар аударылады. Жалпы білім беру мекемелерінде жүзеге асырылып отырған «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы оқушы жастар бойында ұлттық және азаматтық құндылықтарды дамытуға бағытталғандығын атап өту керек.

Терроризмнің таралу мәселесі қазіргі уақытта халықаралық деңгейде өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Терроризм ұғымы ғылыми әдебиеттерде әртүрлі тұрғыдан түсіндіріліп, оның мәні мен мазмұнын, себептері мен салдарын кешенді түрде зерттеуді талап етеді. Терроризм құбылысының қалыптасуы мен таралуында психологиялық және эмоциялық факторлар маңызды орын алады, себебі дәл осы факторлар арқылы қоғамның санасына ықпал ету жүзеге асырылады. Терроризмнің белгілі бір кезеңдері мемлекеттердің террористік әрекеттерді алдын алу және оларды болдырмау бағытындағы қызметінің тиімділігімен немесе тиімсіздігімен де байланысты болуы мүмкін. Терроризмнің басты қауіптерінің бірі – кейбір ұйымдар мен адамдар топтарының оны белгілі бір мақсаттарға жетудің құралы ретінде пайдалануы. Көп жағдайда террорлық әрекеттерді ықпал ету тетігі ретінде қоғамда өз орнын таба алмаған, әлеуметтік қолдау мен мойындауға ие болмаған тұлғалар қолдануы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда жастардың терроризм идеологиясын насихаттау үдерісіне тартылуы ерекше алаңдаушылық тудырады және бұл құбылыстың алдын алу қазіргі қоғам алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі болып табылады [46].

Қазіргі жағдайлар қоғамды кәсіби және жеке өмірдің әртүрлі бағыттарын таңдауға мәжбүр етті. Соның нәтижесінде қазіргі жастар арасында маргиналдылық құбылысы байқалады, ол әлеуметтік мәртебенің айқын болмауымен, әлеуметтік өзін-өзі іздеумен және өмірлік қиындықтарға бейімделудің күрделілігімен сипатталады. Жас кезеңіне тән психикалық

ерекшеліктер жастар санасында радикалды әрекеттерге қатысты ішкі көзқарастар мен ұстанымдардың қалыптасуына белгілі бір жағдай жасайды, ал бұл өз кезегінде экстремизм немесе терроризм арқылы жүзеге асатын әрекеттерге бейімділіктің пайда болуына ықпал етуі мүмкін. Қазіргі уақытта жастардың терроризмге тартылу деңгейінің артуына әсер ететін көптеген факторлар бар. Осы тұрғыдан алғанда саяси, идеологиялық, әлеуметтік, экономикалық, этникалық, діни, өңірлік және өзге де факторлардың рөлі ерекше маңызға ие [47].

Қазақстандық психологиялық зерттеулерде террористік қызметке бейімділіктің қалыптасу мәселесі қазіргі қоғам мен жалпы адамзатқа қауіп төндіретін қауіпті әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде қарастырылады. Терроризмге қарсы іс-қимыл құралдары мен терроризмге қарсы қызметті ұйымдастыру мәселелерін зерттеген Н.Н. Абдыкаликова [47]терроризмге бейім тұлға, әдетте, белгілі бір идеяны ұстанып, оған шамадан тыс мән беретінін атап көрсетеді. Террористік әрекет белгілі бір идеяны жүзеге асырудың құралы ретінде қарастырылып, тұлғаның жеке шеңберінен шығып, пікірлес адамдардың мүдделерін ұстануына, сондай-ақ жасалған әрекеттің дұрыстығына сеніп, оны моральдық тұрғыдан негізделген деп қабылдауына мүмкіндік береді. Дегенмен ғалым өз зерттеуінде студенттерде терроризмнің алдын алу мәселесін түсіну ерекшеліктерін толық қарастырмайды. Бұл жағдай аталған ұғымның мазмұнын ғылыми тұрғыдан тереңірек ашу қажеттігін айқындайды.

Практикалық тұрғыдан алғанда терроризмді тежеу саясатының құрамдас бөліктері жүйесінің қалыптасуы жалпы адамзаттық моральдық құндылықтардың дамуымен тығыз байланысты екенін түсіну ерекше маңызды. Бұл құндылықтар қоғамның жекелеген топтарына тән идеологиялардан жоғары тұруы тиіс. Осы мәселеге Қазақстан прокуратурасының терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі практикалық қызметін зерттеген ғалым К.Ж. Далматов [48] назар аударады. Оның пікірінше, моральдық құндылықтардың рөлін бағаламау білім беру жүйесінің негізгі мақсатына сәйкес келмейді және жастардың қоғамға лайықты тұлға ретінде қалыптасуына кері әсер етуі мүмкін. Автордың зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, терроризм мәселесі контексіндегі жастардың құндылықтық бағдарларының мәні мен мазмұны жеткілікті дәрежеде ашылмаған.

Қазақстандағы терроризмге қарсы іс-қимыл моделін және лаңкестікке қарсы күрестің даму факторларын зерттеген Ш.И. Капар [49] студенттердің тұлғалық құндылықтарын қалыптастыру мен түзету экстремистік және террористік идеологиялардың таралуына қарсы тұруға бейімділікті күшейтіп, жастардың терроризмге қарсы санасының дамуына ықпал ететінін көрсетеді. Алайда зерттеу шеңберінде халықаралық деңгейде терроризмге қарсы іс-қимылдағы мемлекеттік қызмет мәселелері жеткілікті дәрежеде қарастырылмаған. Осы мәселені өзіміздің алдыңғы зерттеуімізде қарастыруға тырысып, алғышарттарын анықтаған едік [50].

1-кестеде біз тақырыбымызға жақын діни экстремизмге қарсы мінез-құлықты және ұстанымдарды қалыптастыру мәселесіне арналған философия және саясаттану факультетінің журналында жарияланған еңбектерді жүйеледік.

1-кесте – Қазақстандық зерттеушілердің жарияланымдарындағы діни экстремизмнің алдын алу мәселесі бойынша соңғы жарияланымдарды талдау

Еңбектер	Авторлардың негізгі тезистері
1	2
Арыстанбекұлы Н. (2024). Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға қатысты қабылданған Қазақстан Республикасы мемлекеттік бағдарламаларының нәтижесі. *ҚазҰУ Хабаршысы. Дінтану сериясы*, *40*(4), 79–92. https://doi.org/10.26577//EJRS.2024.v40.i4.a8	Қазақстанның төл зайырлылық қағидаттарына сәйкес бейбіт ұстанымды негізге ала отырып, діни тұрақтылықты қамтамасыз ету саясаты қарастырылған. Мемлекеттік саясаттың нәтижелерін сараптап, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жүйесін жетілдіруге қатысты ұсыныстар берген
Болатжан Ә.-Ф., Бишманов К. (2024). Профилактика религиозного экстремизма и терроризма в условиях противостояния светскости и религиозного символизма. *Eurasian Journal of Religious Studies*, *38*(2), 50–60. https://doi.org/10.26577//EJRS.2024.v38.i2.r5	Авторлар үш негізгі құрамдас бөліктерді бөліп көрсетеді: 1) Қазақстанда қолданылатын француздық зайырлылық үлгісінің ерекшеліктерін қарастыру; 2) елде сыртқы деструктивті діни ықпалды талдау; 3) болжамды діни және идеологиялық тәуекелдер
Джанабаева А., Адилбаева С., Мукан, А. (2025). Социальные факторы, влияющие на религиозность подростков: роль семьи, сверстников и окружения. *Eurasian Journal of Religious Studies*, *44*(4), 94–104. https://doi.org/10.26577//EJRS20254449	Діни экстремизмнің алдын алу және діни бірегейлікті дамыту дискурсы аясында отбасы динамикасының, ата-аналардың сенімдерінің, сондай-ақ балалардың діни бірегейлігіне әсер ететін олардың ерекше тәрбие стилінің маңыздылығы атап өтіледі. Сонымен қатар, құрдастар мен білім беру ортасы жасөспірімдерге үлкен әсеретеді, ұлттық және этникалық шығу тегі, әлеуметтік медиа да әсер етеді.
Шанбаева А., Кантарбаева Ж., Махони Ј. (2024). Деятельность мечетей Казахстана в сфере религиозного образования. *Eurasian Journal of Religious Studies*, *38*(2), 16–29. https://doi.org/10.26577//EJRS.2024.v38.i2.r2	Мақалада авторлар еліміздегі діни білім беру саласындағы жұмысының тиімді жақтарын анықтап, қоғамның заманауи сын-қатерлері мен сұраныстарын ескере отырып, бұл қызметті жетілдіру шараларын ұсынады
Адайхан А., Затов, Қ., Абжалов С. (2025). Діни бірегейліктің қалыптасуына әсер ететін психологиялық себептер: теориялық талдау. *ҚазҰУ Хабаршысы. Дінтану сериясы*, *41*(1), 15–24. https://doi.org/10.26577//EJRS20254112	Діни бірегейліктің қалыптасуында адамның сенім жүйелері, эмоциялар, әлеуметтік байланыстар мен мәдени ықпалдар қарастырылады. Діни сенімдер мен құндылықтардың адамның тұлғалық дамуына, мінез-құлқына және қоғамдағы орнына қалай әсер ететіні талданады

1-кестенің жалғасы	
1	2
Керім Ш., Бердімұрат Д. (2025). Жастардың діни санасына әлеуметтік желінің тигізетін ықпалы. *ҚазҰУ Хабаршысы. Дінтану сериясы*, *43*(3), 23–30. https://doi.org/10.26577//EJRS20254333	Әлеуметтік желі ислами оқу, білім алудың баламалы, қосымша тәсілдері мен алуан платформаларына жол ашуда. Түрлі қосымшалар діни тәжірибемен дәстүрлерді, жораларды атқаруға септеседі. Студенттердің жауаптары әлеуметтік желінің дін мен оның құндылықтарды үйрену алаңдарының бірі екенін, діни көзқарастарына, тақуалығына ықпалын тигізетінін қуаттайды
Жетпісбай Н., Қалякбар У, Бишманов К., Ачилов Д. (2025). Әйелдер арасында радикализациялау жұмыстарын жүргізудің негізгі аспектілері. *ҚазҰУ Хабаршысы. Дінтану сериясы*, *42*(2), 30–39. https://doi.org/10.26577//EJRS20254223	Негізгі нәтижелер мен талдауда радикализациялау бағдарламаларындағы теологиялық түзету мен әлеуметтік психологиялық жұмыстың маңыздылығы, әйелдер мен балаларды әлеуметтік оңалтудағы рөлі айқындалды
Сақбаева А., Жорабек Ж., Байтенова Н. (2025). Радикалды қозғалыстардың ықпалына түскен мұсылман әйелдердің әлеуметтік-психологиялық портреті. *ҚазҰУ Хабаршысы. Дінтану сериясы*, *41*(1), 3–14. https://doi.org/10.26577//EJRS20254111	Мақаланың жаңалығы радикалды ұйымдарға кірген мұсылман әйелдердің әлеуметтік-психологиялық сипаты жасалып, халықтың психологиялық менталитетін ескере отырып, оларды радикализациялау бойынша іс-әрекеттер ұсынады
Шаповал Ю. (2024). Вовлечение казахстанских женщин в террористическую организацию ИГИЛ: фактор идентичности.*Eurasian Journal of Religious Studies*, *38*(2), 3–15. https://doi.org/10.26577//EJRS.2024.v38.i2.r1	Э. Эриксонның теориясын қазақстандық материалға қолдану кезінде көптеген әйелдердің жас ерекшелік дағдарыстарының кезеңдерінен өту барысында қоғам мен отбасынан алшақтауға, ұрпақтық қатынасты үзуге, этникалық және мәдени дәстүрлерден қашудың себебі болған «бірегейліктің шатасуы» және теріс бірегейліктің қалыптасуында шешілмеген қақтығыстардың жинақталуы қарастырылған

Көріп отырғанымыздай, қазақстандық зерттеушілердің назарында діни экстремизмге қарсы сананы дамыту мәселесінің өзекті және көкейтесті болуы басымдық танытады. Б.А. Аманжолова мен А.М. Калгужинованың [22] ғылыми тұжырымдарына сәйкес, олардың зерттеу жұмысы жастар арасында терроризмге қарсы іс-қимылдың практикалық құралдарын зерттеуге бағытталған. Авторлардың пікірінше, мағыналық динамика мағыналық реттеу мен мағына қалыптастыру үдерістерінің өзара байланысын қамтиды. Осы тұжырымдама аясында жағдаяттық немесе тұрақты мағына жастардың өмірлік іс-әрекетін реттеудің маңызды тетігі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар мағына айқындықтан белгісіздікке дейінгі әртүрлі деңгейде көрініс тауып, тұлғаның мағыналық дамуына ықпал ететін құндылықтар жүйесі арқылы байқалады.

Н.Ж. Байтенованың, Б.М. Шойбек және Д.Д. Досмағамбетованың [51] пікірлері де осы мәселе аясында маңызды болып табылады. Олардың ғылыми жұмысының негізгі мазмұны студент жастар арасындағы радикализм мәселесіне

шолу жасауға бағытталған. Ғалымдардың пікірінше, әртүрлі жас топтар өкілдерінің мәдениетін, ұстанымдарын, стратегияларын, құндылықтарын және мінез-құлық ерекшеліктерін зерттеу әлеуметтік өзара әрекеттесуді реттеу жағдайында толеранттылықты құндылықтық және психологиялық тұрғыдан дамытуға бағытталған тәсілдерді анықтауға мүмкіндік береді. Бұл мәселе білім беру үдерісі аясында өзекті болып табылады, өйткені, онда этномәдени, әлеуметтік-мәдени, конфессиялық және толеранттылықтың өзге де түрлері айқын айшықталады. Аталған зерттеулердің ортақ сипаты – Қазақстанның әлеуметтік кеңістігіндегі адам қауіпсіздігі контексінде террористік сана мәселесінің жеткілікті дәрежеде зерттелмеуі болып табылады [52].

Осылайша ғылыми зерттеудің мақсаты – жастардың терроризмге қарсы санасының дамуын қазіргі білім беру ұйымдары қызметіндегі және жалпы білім беру кеңістігіндегі өзекті мәселелердің бірі ретінде қарастыру, сондай-ақ аталған бағыттағы жұмысты тиімді жүзеге асыруға кедергі келтіретін негізгі мәселелерді анықтау болып табылады.

Қазіргі жағдайда Азия елдерінің аумағында терроризм мен экстремизм мәселесі мемлекеттік билік органдарының ғана емес, сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарының да назарын көбірек аударуда [53]. Бұрын жастар ақпаратты негізінен адамдар арасындағы тікелей қарым-қатынас арқылы алатын болса, қазіргі уақытта деструктивті ұйымдар интернет кеңістігіндегі виртуалды желілерді белсенді пайдаланып, өз ықпалын студент жастар арасында таратуда. Осыған байланысты жас ұрпақ арасында терроризм мен экстремизмнің алдын алу бағытындағы жүйелі жұмыстарды күшейту қажеттілігі арта түсуде [53]. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатының 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында жастардың азаматтық белсенділігін арттыру, олардың әлеуетін дамыту және қоғам өміріне қатысуына қолайлы жағдай жасау мәселелеріне назар аударылады [54].

Қазақстанның студент жастарында терроризмге қарсы сананы дамыту аясында жасанды интеллект көмегімен жасалатын дипфейктерден туындайтын интеллектуалдық манипуляцияларды қалай анықтап, олардың ықпалын қалай түзете алады деген мәселе қазіргі таңда көп туындауда.

Дипфейк – жасанды интеллект технологиялары арқылы адамның бейнесін, дауысын немесе әрекетін шынайыға ұқсатып қолдан жасау. Мұндай материалдар жалған ақпарат таратуға, қоғамдық пікірді манипуляциялауға және радикалды идеяларды насихаттауға пайдаланылуы мүмкін.

Дипфейктерді анықтау дағдыларын қалыптастыру бейне мен аудиодағы сәйкессіздіктерді байқау, ақпараттың бастапқы дереккөзін тексеру және күмәнді материалды басқа сенімді дереккөздермен салыстыру, белгілі бір тұлғаның сөзі немесе әрекеті көрсетілген бейнені бірден шындық ретінде қабылдамай, оның түпнұсқалығына дәлел іздеу, қорқыныш, ашу-ыза, өшпенділік немесе діни сезімдерге әсер етуге бағытталған жалған материалдарға асығыс реакция жасамау және оларды тексермей таратпау арқылы танып, білуге болады.

Дипфейкті тек сыртқы белгілеріне қарап анықтау әрдайым мүмкін емес. Сондықтан студенттерге бейнедегі визуалдық ақауларды іздеумен шектелмей,

ақпараттың шығу тегін, бастапқы жарияланымын және тәуелсіз дереккөздердегі растауын тексеруді үйреткен дұрыс.

«Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес терроризм – күш қолдану идеологиясы және халықты үрейлендіруге байланысты және жеке адамға, қоғам мен мемлекетке залал келтіруге бағытталған күш қолдану және (немесе) өзге де қылмыстық әрекеттерді жасау не жасаймын деп қорқыту жолымен мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының немесе халықаралық ұйымдардың шешім қабылдауына әсер ету практикасы [55]. Өз кезегінде ғалым C.C. Combs [56] терроризм ұғымын адамдардың өміріне қауіп төндіретін, физикалық немесе материалдық зиян келтіруге әкелетін немесе басқа да қауіпті салдарларға соқтыратын зорлық-зомбылық әрекеттерімен қорқыту ретінде сипаттайды. Мұндай әрекеттердің негізгі мақсаты – халықты үрейлендіру, террористік топтарға тиімді шешімдердің қабылдануына қысым жасау, соғысқа арандату немесе халықаралық қатынастарды шиеленістіру болып табылады. Осы ғылыми тұжырымдарды талдай отырып, терроризм құбылысы қоғам қауіпсіздігін бұзуға бағытталған, адамдарды қорқыту арқылы қоғамдық санаға әсер етуді көздейтін және билік органдарының белгілі бір шешімдер қабылдауына ықпал етуді мақсат ететін қызмет түрі екенін қорытындылауға болады. Сонымен қатар ол экстремистік топтардың өз мақсаттарына жету үшін қолданатын тәсілдерінің бірі әрі экстремизмнің көрінісі ретінде қарастырылады.

Терроризмге қарсы сана құбылысының біртұтас ұғымын гуманитарлық ғылымдар саласының мамандары нақты айқындап бермейді. Сондықтан ең алдымен «сана» ұғымының мәнін қарастыру маңызды. Философияда сана адамды тұлға ретінде айқындайтын, оның ойлау, пайымдау қабілеттерін білдіретін және шынайы өмір құбылыстарына қатысты жеке көзқарасы мен қатынасын білдіретін қасиет ретінде түсіндіріледі. Психологиялық еңбектерде сана ағзаның психикалық күйі ретінде түсіндіріледі. Ол қоршаған орта жағдайларын және адамның өз денесінің күйін субъективті түрде сезіну мен қабылдау арқылы көрініс табады. Бұдан басқа сана адамның шынайы болмысқа жауап ретінде қалыптасатын психикалық реакциялары мен әрекеттерінің көрінісі ретінде де қарастырылады. Сана және терроризм ұғымдарының терминологиясына сүйене отырып, терроризмге қарсы сана террористік әрекеттерге жол берілмейтіндігіне қатысты көзқарастар жүйесін білдіреді. Ол терроризмді қоғамға қауіпті үдеріс ретінде түсінуді, сондай-ақ, терроризм қатеріне қарсы тұру құралдарын сипаттауды, қоғам мен мемлекетті оның ықпалынан қорғау жолдарын қамтиды. Терроризмге қарсы дұрыс қалыптасқан сана террористік ұйымдарға тарту жағдайларында тұлғаның қорғаныс шекараларын қамтуы тиіс. Сонымен қатар ол қоғамдық мәселелерді террористік әрекеттер арқылы шешуге болады деген пікірлердің пайда болуына қарсы тұратын берік ұстанымды қалыптастыруға бағытталуы қажет [57].

Террористік ұйымдар студент жастарды дербес әлеуметтік топ ретінде ерекше назарға алады. Мұның себебі – қазіргі қоғамда қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, сондай-ақ жастардың қызығушылығын тез ояту және оларды алдап-арбау мүмкіндігінің салыстырмалы түрде жеңіл болуы. Сонымен

бірге психологиялық факторлар да маңызды рөл атқарады. Қазіргі заман студенттері интернеттегі желілік платформалар арқылы жасалатын психологиялық ықпалға жиі ұшырайды. Мұндай ықпал өз кезегінде террористік көзқарастардың қалыптасуына және белгілі бір өмір салтының таралуына жағдай жасауы мүмкін. Жастардың терроризмге бейімділігінің себептеріне қоғамның материалдық және қаржылық мүмкіндіктері, табыс деңгейі мен өмір сапасының айырмашылықтары бойынша жіктелуі, идеологиялық келіспеушіліктер жатады. Әлеуметтік қауіпсіздік деңгейінің төмендігі, бұқаралық ақпарат құралдарының теріс ықпалы да маңызды факторлар болып табылады. Бұдан бөлек тұлғаның өзіндік құндылығын сезінбеуі, жанжалға бейімділік, өзін-өзі дәлелдеуге ұмтылу, әлеуметтік желілерді құқыққа қайшы әрекеттер үшін пайдалану да жастардың терроризмге тартылуына әсер ететін себептердің қатарына кіреді [58].

Қазақстандағы терроризмнің қалыптасуына ықпал ететін факторлардың қатарына мыналарды жатқызуға болады: әлеуметтік-экономикалық факторлар – материалдық игіліктер деңгейіне, жұмыссыздыққа, жастар арасындағы әлеуметтік теңсіздікке байланысты; идеологиялық факторлар – жас ұрпақпен жұмыс жүргізуде ескірген идеологиялық тәсілдерді қолдану әрекеттерінің нәтижесінде қалыптасады, бұл өз кезегінде әртүрлі субмәдениеттердің пайда болуына және жеке тұлғаның мінез-құлқын манипуляциялауға әсер етеді; миграциялық факторлар – көші-қон ағындарының артуымен байланысты болып, жаңа ортада қоныстану және бейімделу мәселелерінің туындауына, этникалық құрамның өзгеруіне, сондай-ақ ұлтаралық қатынастардағы шиеленістің күшеюіне әкелуі мүмкін.

Жастар арасында патриоттық сезімнің төмендеуі де маңызды факторлардың бірі ретінде қарастырылады. Бұл жағдай көбіне болашаққа деген сенімсіздікпен, оны өзгертуге деген ұмтылыспен және оған қалай ықпал ету керектігін түсінбеумен байланысты қалыптасады. Қазіргі жастардың кейбір өкілдері өздерінің болашақтағы қоғамдағы орнын айқын елестете алмайтынын атап өтеді. Осыған байланысты олар кей жағдайда жеке амбицияларын жүзеге асыру мақсатында қалыптасқан қоғамдық тәртіптер мен жүйелерге қарсы әрекет етуі мүмкін. Мұндай үрдістер агрессиялық көңіл-күйдің күшеюіне және радикалды үгіт-насихаттың таралуына ықпал етуі ықтимал. Экстремистік немесе террористік көзқарастарға бейім жастар назардан тыс қалуды қаламайды, керісінше, өз ұстанымдарын алға тартып, қоғамдағы өз рөлінің маңыздылығын көрсетуге ұмтылады. Олар шынайы өмірдің талаптары мен жағдайларын қабылдауда қиындықтарға тап болады, сондықтан көбіне өздерінің жеке әлемін құруға ұмтылады. Мұның айқын мысалы ретінде интернет желісіндегі виртуалды кеңістікті айтуға болады. Виртуалды ортаға ұзақ уақыт бойы ену жастар арасында қарым-қатынас жасау дағдыларының әлсіреуіне әкеледі. Жасөспірім және студент жастардың психикасы тұрақсыз болып келетіндіктен, олар сыртқы факторларға тез әсерленеді. Мұндай жағдайлар агрессияның пайда болуына, тіпті құқық бұзушылықтарға, терроризм немесе өзге де заңсыз әрекеттерге алып келуі ықтимал. Бұл терроризм мен экстремизм мәселесінің өзектілігін көрсетеді, себебі студент жастар белгілі бір «жаумен» күресемін деп есептегенімен, мұндай әрекеттер тұлғаның өзіне де зиян келтіріп, қоғамның

басқа мүшелеріне теріс ықпал етуі мүмкін. Сондықтан Қазақстан Республикасында да, Азияның басқа мемлекеттерінде де терроризмге қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттарының бірі – экстремистік сана қалыптасуының алдын алу болып табылады. Бұл мәселе өскелең ұрпақ, қоғамдық ұйымдар және білім беру жүйесі үшін аса өзекті болып саналады.

Ғалымдар Б.А. Аманжолова мен А.М. Калгужинова [22] орта кәсіптік білім беру ұйымдарында зерттеу жүргізіп, оның аясында Орталық Азиядағы студент жастар арасында радикалдану көріністерінің ерекшеліктерін зерттеген. Зерттеу нәтижелері негізінде студенттердің радикалдану деңгейінің өсуі контексінде статистикалық деректерге талдау жасалған (2-кесте).

2-кесте – Студент жастар арасындағы радикалдық көзқарастар көрсеткіштерінің өзгеру динамикасы

№	Зерттелетін құбылыс	Сауалнамаға қатысқан студенттер, %		
		2020ж. дейін	2021 ж.	2022 ж. кейін
1	Құқықтық жүйеге қарсы радикалдық көзқарастар	26,2	8,3	9,5
2	Мемлекеттік мүдделерге қатысты радикализм	23,7	20,2	17,7
3	Терроризм мәселесіне қатысты радикализм	24,2	19,7	16,3
4	Идеялық-саяси мәселелердегі радикализм	16,7	13,3	12,7

Дереккөз: [22].

2020 жылға қарай құқықтық жүйеге қатысты радикалдық қарсылық көрсеткіші – 26,2%, ал 2021 жылғы жағдай бойынша бұл көрсеткіш 3,2 есе азайып, 8,3% болған. 2022 жылы аталған көрсеткіш 9,5%-ды құрады, бұл 2021 жылғы деңгейден 1,2%-ға жоғары болғанымен, 2020 жылғы көрсеткіштен 16,7%-ға төмен. Осылайша қарастырылған кезеңде көрсеткіштің жалпы төмендеу үрдісі байқалады, алайда 2022 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда аздаған өсім тіркелген.

2020 жылға дейінгі кезеңдегі деректер бойынша студенттердің 23,7%-ын соттар, ең алдымен мемлекет мүдделерін қорғауы тиіс деп есептеген. 2021 жылы бұл көрсеткіш 20,2% болса, 2022 жылы сот билігінің заңнамалық нормаларды сақтау мәселесіне қатысты жастар арасындағы радикализм көріністері өткен жылдармен салыстырғанда 1,3 есе төмендеп, 17,7% болған. 2020 жылға қарай сауалнамаға қатысқандардың 24,2%-ы терроризм деңгейін олармен байланыс орнатпау арқылы төмендетуге болады деп санаған.

Қазіргі уақытта бұл мәселеге қатысты радикализм деңгейі 1,5 есе төмендеп, 2022 жылғы жағдай бойынша 16,3% болған. 2018–2020 жылдар кезеңіндегі деректер бойынша, егер мемлекеттік билік тиімді жұмыс істейтін болса, онда сайлау өткізудің қажеті жоқ деген абстрактілік көзқарас ұсынылған.Мұндай ұстаным нақты жағдайларда сайлау өткізудің Конституция талаптарының

бұзылуына алып келуі мүмкін деген пікірмен түсіндірілген. Сол кезеңде сауалнамаға қатысқандардың 16,7%-ы осы пікірді қолдаған. Қазіргі уақытта бұл көрсеткіш бастапқы деңгеймен салыстырғанда 1,3 есе төмендеп, 12,7% болды.

Осылайша зерттеу нәтижелері студент жастар арасында саяси бағытта көрініс табатын ерекшеліктердің бар екенін көрсетеді. Бұл ерекшеліктер террористік үгіт-насихаттың күшеюі және тиісті ақпараттық ресурстарға қолжетімділіктің артуы жағдайында белсенді байқалып, радикалды ұстанымдардың қалыптасуына ықпал етеді.

Террористік сана әртүрлі қырларында, тіпті жоғары дамыған елдерде де көрініс табуы мүмкін. Ұлыбританияның әлеуметтік-саяси кеңістігінде саяси көпмәдениеттілік басым, ол жекелеген мәдени бағыт өкілдерінің білім алу, дәстүрлерін сақтау, дінін ұстану, еңбек ету және басқа да салаларда тең мүмкіндіктерге ие болуына жағдай жасайды, сондай-ақ олардың мемлекет саясатына белгілі бір деңгейде ықпал етуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар діни ерекшеліктердің болуы мұсылман балалардың жергілікті балалармен бірлесіп, білім алу үдерісін белгілі бір деңгейде күрделендіреді. Осылайша мұсылман ұйымдарының маңызды мақсаттарының бірі – Сүре мен Құран талаптарына сәйкес жеке білім беру ұйымдарын құру болды. Қазіргі уақытта Ұлыбританиядағы бастауыш білім беру жүйесі Білім беру министрлігінің бақылауында болса, ал діни аспектілер оқу орындарының басшыларының басшылығымен жүзеге асырылады [59].

Бүгінде Еуропалық Одақ елдері терроризмнің жолын кесу мәселесінде жеткілікті прагматикалық саясат ұстанады. 2016–2017 жылдары Францияда, Бельгияда, Германияда және Испанияда орын алған бірқатар террористік актілерден кейін Еуропалық Одақ Кеңесі терроризм мен радикалдануға қарсы іс-қимыл шараларын әзірлеу және қабылдау жұмыстарын жалғастырды. Жасалған террористік әрекеттерге қатысты мәліметтерге сәйкес, оған қатысы бар тұлғалардың орташа жасы 21–25 жас аралығын құраған. Осы жағдай Еуропа елдерінің бақылау әдістерін күшейтіп, жастардың интернет желісіндегі, әсіресе діни идеологияларға қатысты жария пікір білдіруіне ерекше назар аударуына алып келді. Сонымен қатар радикалдануды насихаттаған көптеген шетел азаматтары мәжбүрлі түрде депортацияға ұшыраған [60; 61; 62].

Неміс педагогикалық дереккөздерінің мәліметтері бойынша Германияда әлеуметтік желілер арқылы жүзеге асатын ақпараттық терроризм басым. Мысалы, Facebook желісі адамдарды тарту мақсатында сирек қолданылады, өйткені бұл қосымшада пайдаланушылардың орналасқан жерін, хабарламалардың жарияланған уақытын және басқа да деректерді анықтауға мүмкіндік беретін бірқатар құралдар бар. Алайда аталған желі көбінесе орталықтандырылмаған платформа ретінде қарастырылып, онда жарияланған хабарламалар пікірлес адамдардың назарын аударып, белгілі бір жеке идеологияны таратуға ықпал етуі мүмкін. Twitter желісінің террористік ұйымдар үшін бірқатар артықшылықтары бар, себебі бұл платформада жарияланған хабарламаларға қатысты ақпаратты бақылау салыстырмалы түрде қиын. Соның нәтижесінде террористік топтардың коммуникациялық мүмкіндіктері кеңейеді. Мұндай жарияланымдар арқылы террористер белгілі бір елдің билік

органдарымен немесе оппозициялық өкілдерімен ақпараттық кеңістікте өзара әрекеттесуі мүмкін. Сонымен қатар аталған әлеуметтік желі арандатушылық сипаттағы ақпаратты тарату үшін де жиі қолданылады, бұл жағдай ықтимал террористке әрекеттерді насихаттауға қолайлы жағдай туғызады [62].

Террористер жиі пайдаланатын желілердің бірі – экстремистік сипаттағы бейнематериалдарды таратуға арналған платформа ретінде YouTube болып табылады. Неміс ғалымдары бұл платформаның бірқатар артықшылықтарын атап көрсетеді: пікір қалдыру мүмкіндігі, жеке арналар құру, жекелеген пайдаланушылар арқылы ақпарат тарату, сондай-ақ жабық мазмұнды көруге мүмкіндік беретін сілтемелермен бөлісу. Террористік сипаттағы бейнематериалдардың таралуының негізгі себептері – ортақ мақсатты көздейтін пікірлес адамдар санын көбейту, террористік әрекеттерді насихаттау және белгілі бір идеологиялық ұстанымдарды кеңінен тарату болып табылады [63, 64, 65, 66].

G. Mukhatayeva авторлығымен жүргізілген зерттеуде WhatsApp платформасындағы чат мазмұнына аналитикалық талдау жасалған. Аталған чаттың қатысушылары Қазақстан Республикасының әртүрлі өңірлерінен 18 бен 26 жас аралығындағы мессенджер пайдаланушылары болған. Зерттеудің эмпирикалық бөлігінің нәтижелері радикалды ұстанымдардың қалыптасуы көбіне зайырлы өмір салтына теріс көзқараспен, діни идеологиялардың шектелуі ретінде қабылданатын жағдайлармен, сондай-ақ әртүрлі елдердегі мұсылмандарға өмірдің түрлі салаларында қолдау көрсетуге ұмтылумен байланысты екенін көрсетеді. Жүргізілген талдау нәтижелері кестеде көрсетілген (3-кесте) [67].

3-кестеде берілген деректер бойынша, радикалды діни идеологияның бар екені айқындалады. Оның өкілдері діни экстремизм үшін көзделген қылмыстық жауапкершілікті ислам дінін ұстанушыларға қатысты әділетсіздік ретінде қарастырады.

3-кесте – Әлеуметтік желі контентін жастардың радикалдануы контексінде талдау

№	Контент түрі	Зерттеу нәтижесі, %/ хабарламалар саны	Сипаттамасы
1	Діни	73/2190	Пікірталастардың басым бөлігі діни тақырыптар мен идеологияларға арналған
2	Әлеуметтік	19/570	Қазақстандағы мұсылмандарға қаржылай қолдау көрсету, сондай-ақ (экстремистік әрекеттер жасағаны үшін) сотталғандардың отбасыларына көмек көрсету мәселелері талқыланады
3	Радикалды	2/60	Өзге діни ағымдарға, мемлекеттік билікке және Қазақстан Республикасының заңнамасына қатысты теріс көзқарастар білдіріледі

Дереккөз: [67].

2 және 3-кестелерде ұсынылған зерттеу нәтижелері жастар ортасындағы радикалды көзқарастардың жекелеген көріністерін және олардың әлеуметтік-коммуникативтік кеңістікте таралу ерекшеліктерін сипаттайды. Аталған деректерді барлық студент жастарға жалпылауға болмайды, өйткені зерттеулердің іріктемелері мен әдіснамалық ерекшеліктері әртүрлі. Дегенмен бұл нәтижелер жастардың радикалдануына ықпал етуі мүмкін әлеуметтік, идеологиялық және ақпараттық факторларды тереңірек зерттеудің қажеттілігін көрсетеді. Осы тұрғыда жоғары оқу орындарында сыни ойлауды, ақпараттық сауаттылықты және терроризмге қарсы сананы дамытуға бағытталған профилактикалық жұмыстың маңызы артады.

Орталық Азия терроризмге қарсы күрес саласында едәуір тәжірибе жинақтаған аймақтардың бірі болып табылады. Бұл өңірдегі әрбір мемлекеттің радикалдану мен террористік топтарға қарсы іс-қимылдың өзіндік тарихы бар. Соңғы жылдары экстремистік және террористік топтардың еркін қозғалысы арта түскені байқалады. Осыған байланысты 2022 жылы БҰҰ-ның Терроризмге қарсы комитеті Орталық Азия елдері бойынша ашық брифинг өткізді. Аталған іс-шараға өңір мемлекеттерінің арнайы өкілдері, негізінен, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан, Ауғанстан сияқты елдердің өкілдері, сондай-ақ Терроризмге қарсы комитеттің қызметкерлері қатысты. Брифинг барысында соңғы уақытта террористік шабуылдардың Орталық Азия өңірлерінде тарала бастағанына ерекше назар аударылды. Осы тұрғыда радикалданудың таралуына әртүрлі топтардың ықпалы, олардың ауқымының кеңеюі және өңірлік деңгейге шығуы мәселелері қарастырылды. Өңір мен террористік белсенділігі жоғары аумақтар арасындағы географиялық байланыс қолданыстағы қауіп деңгейіне қатысты террористік әрекеттердің даму үрдісін қайта бағалауға ықпал еткен негізгі факторлардың бірі ретінде айқындалды.

Брифинг кезінде Комитеттің Орталық Азия елдеріне бақылау сипатындағы сапарларының саны артқаны атап өтілді. Мәселен, Өзбекстанға кешенді сапар екі рет ұйымдастырылған, ал Қырғызстанға бақылау сапары терроризмге қарсы күрестің маңызын айқындау мақсатында жүзеге асырылған. Түрікменстан өкілдерінің айтуынша, өңірде зорлық-зомбылық сипатындағы экстремизм мен терроризмді тежеудің дәстүрлі тәсілдерімен қатар, терроризм қатеріне, есірткі заттарының заңсыз айналымына және экстремизмге қарсы іс-қимылға бағытталған өңірлік жоспар іске асырылуда. Аталған жоспар БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің қарарларымен қолдау табады. Осылайша Орталық Азияда терроризмге қарсы стратегиялық бастамаларға Батыс елдерінің қызығушылығының артып келе жатқаны байқалады [68].

Террористік әрекеттердің алдын алу мемлекет пен өзге де билік органдары тарапынан әлеуметтік, саяси, ақпараттық, экономикалық, білім беру, құқықтық және басқа да бағыттарды қамтитын кешенді жүйелерді әзірлеу және іске асыру арқылы жүзеге асырылады.

Бұл шаралардың мақсаты – терроризмді анықтау және жолын кесу, оның салдарын азайту, сондай-ақ террористік әрекеттердің пайда болу себептерін айқындау болып табылады. Студент жастар арасында терроризмнің алдын алу мәселесі тек мемлекеттік билік пен құқық қорғау органдарының ғана емес,

сонымен қатар білім беру саласы мамандары мен психологтардың да назарын талап етеді. Бұл ең алдымен жастардың психологиялық жағдайын жақсартумен, олардың қоғамға бейімделуін қамтамасыз етумен және тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттырумен тікелей байланысты [69].

Терроризмге қарсы іс-қимылдың маңызды құралдарының бірі – сапалы білім беру. Сапалы білім беру жағдайында студенттер оқу үдерісіне ынталанып, оның маңыздылығын түсінеді, алға мақсат қояды. Соның нәтижесінде олар оқу орнынан тыс жерде «қызықтырақ», бірақ сонымен қатар қауіпті болуы мүмкін жолдарды іздеуге ұмтылмайды. Әлеуметтік қорғау қазіргі жастар үшін ерекше маңызды, себебі олардың психикалық жағдайы ересек өмірді қабылдау және дүниетанымының қалыптасу кезеңінде болады. Осыған байланысты жастарға арналған курстар тек әлеуметтік ұйымдар немесе психологтар базасында ғана емес, сондай-ақ білім беру ұйымдары негізінде де ұйымдастырылуы тиіс. Мұндай курстар психологиялық қолдауға, құқықтық және қаржылық сауаттылықты арттыруға бағытталуы мүмкін. Сонымен қатар бұл тұрғыда студенттердің оқуын аяқтағаннан кейінгі өміріне назар аудару, жастардың жұмыспен қамтылуына көмектесу маңызды болып табылады. Жаһандану жағдайында жастарды әртүрлі инновациялар туралы, соның ішінде болашақ мамандықтар бағытындағы мүмкіндіктер туралы ақпараттандыру, олардың кәсіби бағдарын таңдауда қолдау көрсету маңызды. Бұл жастардың радикалды үгіт-насихатқа, террористік әрекеттерге және экстремизмге бейім болмауына ықпал етеді. Студенттердің бос уақытын, әсіресе, шағын қалалар мен ауылдық жерлерде тиімді ұйымдастыру мәселесін де ескеру қажет. Осы мақсатта концерттер, фестивальдар, оқу дәрістері және басқа да мәдени-ағартушылық іс-шараларды өткізу үшін ұйымдастырушыларды тартуға болады. Терроризмге қарсы іс-қимылдың барлық құралдарын кезең-кезеңімен енгізу маңызды, сонымен қатар жастардың белгілі бір топтарының мінез-құлқы мен ерекшеліктерін, олардың психологиялық және әлеуметтік бейімділіктерін жан-жақты зерттеу қажет [70].

Шетелдік тәжірибеге жасалған, тіпті үстірт талдаудың өзі азаматтық қоғам институттарын ұлттық терроризмге қарсы жүйеге белсенді түрде тарту оның тиімділігін одан әрі арттыруға мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Осыған байланысты соңғы онжылдықта АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Германия және басқа да елдер жинақтаған белгілі бір тәжірибе зерттеліп, бейімделіп, біздің елімізде де қолданылуы мүмкін.

Тағы да атап өтетін жайт, терроризм мен экстремизм идеологиясына қарсы іс-қимылдың терроризмге қарсы жүйесі деп біз заңнамалық базаның болуын, мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың, азаматтық қоғам институттарының осы жүйенің құрамдас бөліктері ретінде қызметін, сондай-ақ олардың терроризмге қарсы іс-қимыл жасауға және террористік қатерді барынша азайтуға бағытталған әрекеттері мен іс-шараларын түсінеміз.

АҚШ-та терроризм идеологиясына қарсы іс-қимыл моделін қарастырғанда, мақсатты терроризмге қарсы үгіт-насихат бастамасы мемлекет тарапынан жүзеге асырылатынын ескеру қажет. Әдетте, бұл бағыттағы негізгі үн мен бастаманы президент немесе оның аппараты айқындайды. Сонымен қатар АҚШ

заңнамасында «экстремизм» ұғымы нақты бекітілмеген. Экстремист ретінде террористермен қатар діни, нәсілдік, саяси және басқа да негіздерде зорлық-зомбылықты қолдайтын тұлғалар да қарастырылады. АҚШ-тағы үкіметтік емес ұйымдар, мысалы, Халықаралық терроризмге қарсы ведомстволар басшылары қауымдастығы (The International Counter-Terrorism Officers Association), Әлемдік саясат институты (World Policy Institute) негізінен гранттар мен ауқатты демеушілердің қаржылық қолдауы арқылы жұмыс істейді және террористік әрі экстремистік көріністер туралы ақпарат жинаумен айналысады. Бір жағынан, мемлекет бұл үдерістерге араласпайтындай әсер қалдырады, ал екінші жағынан, бұл азаматтық қоғам институттарының рөлінің жоғары екенін көрсетеді. Терроризм мен экстремизмге қарсы насихат, негізінен, бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет кеңістігінің қызмет саласына жатады. АҚШ университеттері бұл жұмысқа айтарлықтай қатыса бермейді. Тек кейбір жоғары оқу орындарында, (мысалы, испан тілді студенттердің үлесі жоғары Калифорния университетінде) толеранттылықты дамыту орталықтары жұмыс істейді. Алайда, олардың қызметі терроризмнің алдын алуға емес, студенттер арасындағы түрлі ұлттар, халықтар және этникалық топтар арасындағы өзара қатынастарды реттеуге бағытталған. Ал мектептерде бұл міндетті көбінесе жеке қорлар мен ата-аналар өз мойнына алады [71].

Мысал ретінде 2007 жылы қабылданған Ұлыбританияның сыртқы саяси доктринасын келтіруге болады, аталған құжатта «Аль-Каида» идеологиясына қарсы күрес стратегиясын әзірлеуге, сондай-ақ қарсылас режимдер тарапынан экстремистік насихаттың басқа да түрлерін пайдалануға қарсы іс-қимыл жасауға жауапты арнайы бөлімше құру туралы жарияланған. Ал Италия, Германия және Франция елдерінде құқық қорғау органдары өткен ғасырдың өзінде-ақ терроризмге қарсы іс-қимыл саласында айтарлықтай тәжірибе жинақтаған.

Аталған елдердің терроризмге қарсы іс-қимыл жүйелеріне тән ортақ белгілері мынандай: терроризмге қарсы заңнаманың болуы, терроризмге қарсы орталықтардың жұмыс істеуі және жақсы дамыған сот жүйесі; құқық қорғау органдарының, арнайы қызметтердің және террористік актілердің салдарын жоюмен айналысатын қызметтердің тиімді қызметі; экстремизм мен терроризмге қарсы бағытталған бағдарламалардың жүзеге асырылуы, сондай-ақ азаматтық қоғам институттарының қатысуы; БАҚ террористік көріністерді жариялауға ықпал етуі; кең ауқымды материалдық-техникалық базаның (байланыс құралдары, компьютерлік техника, заманауи технологиялар және заманауи көлік құралдары) болуы.

Дегенмен әлемдік тәжірибеде терроризм идеологиясына қарсы іс-қимылдың біртұтас жүйесі әлі толық қалыптаспағанын атап өткен жөн.

Қазіргі уақытта Батыс елдерінде кең таралған тәсілдердің бірі – үкіметтің азаматтардан бастама күтпестен бұрын халықты террористік қатер деңгейі, қабылданып жатқан шаралар, жағдайдың даму болжамдары және басқа да маңызды мәселелер туралы ақпараттандыру міндетін өз мойнына алуы. Мұндай жағдайларда ақпараттың қоғамның түрлі топтарын қаншалықты қамтитынын анықтау мақсатында мониторинг жүргізу, сондай-ақ халықтың қабылданып

жатқан шаралардың маңыздылығы мен уақыттылығын қалай бағалайтынын зерделеу міндетті болып саналады.

Азаматтарды терроризмге қарсы іс-қимыл жүйесінде бағдарлау АҚШ әрекет ететін Халықаралық терроризмге қарсы ведомстволар басшылары қауымдастығының (The International Counter-Terrorism Officers Association) маңызды бағыттарының бірі болып табылады. 2001 жылғы 11 қыркүйек оқиғаларынан кейін құрылған бұл қауымдастықтың құрамына құқық қорғау органдарының қызметкерлері, өртке қарсы қызмет пен әскери құрылымдардың өкілдері, жедел әрекет ету қызметінің мамандары және қауіпсіздік саласындағы басқа да мамандар кіреді. Қауымдастықтың ұстанымы бойынша, азаматтық қоғам терроризмге қарсы күреске тікелей тартылуы тиіс. Тек осы жағдайда ғана шынайы жалпыұлттық терроризмге қарсы жұмыстың жүргізіліп жатқандығы туралы айтуға болады. Алайда бұл үшін қоғамда халықаралық терроризмнің мәні, оның қауіп-қатерінің ауқымы және мемлекет тарапынан қабылданып жатқан шаралардың сипаты туралы бірыңғай түсінік қалыптасуы қажет. Аталған қызметтің маңызды көрсеткіштері ретінде ықтимал террористік қауіптердің алдын алу саны, сондай-ақ осы бағыттағы жұмысқа қатысатын үкіметтік емес ұйымдардың саны қарастырылады [72].

Бүкіл әлемде терроризмнің алдын алуға бағытталған көптеген жастар ұйымдары жұмыс істейді (Pakistani Youth Against Terrorism, African Youth Against Terrorism AYAT), «Youth Have a Say Against Terrorism» in F.Y.R. Macedonia, Albania, Kosovo, etc.) [73].

Үндістанның Дели қаласында орналасқан «Бейбітшілік үшін бірге» («Together for Peace») ұйымы жастар ортасында терроризмнің алдын алуға бағытталған ұлттық ауқымдағы науқандар өткізеді, шаралар аясында дәрістер, семинарлар, мәдениет күндері ұйымдастырылады, олардың негізгі мақсаты – қоғамда демократияны нығайту және толеранттылықты дамыту болып табылады[73].

Косово, Албания және Македония жастары бейбітшілік пен толеранттылық атмосферасын нығайту, сондай-ақ жастардың лаңкестік әрекеттерге қатысуының алдын алу мақсатында UNESCO қолдауымен жүзеге асырылатын «Жастардың терроризмге қарсы айтар сөзі бар» («Youth Have a Say Against Terrorism») жобасы аясында бірікті.

Терроризмге қарсы жастар Декларациясы әзірленіп, ол әлемнің көптеген елдерінде қабылданды. Аталған жастар Албания, Косово және Македониядан келген жастардың қатысуымен қақтығыстарды реттеуге арналған семинарларды ұйымдастыру арқылы өңірдегі ұлтаралық шиеленісті төмендетуге тұрақты түрде ықпал етіп келеді.

Терроризмге қарсы күреске бағытталған үкіметтік емес ұйымдардың саны терроризмге қарсы іс-қимыл жүйесінің тиімділігін сипаттайтын маңызды көрсеткіштердің бірі болып саналады.

Терроризм идеологиясына қарсы іс-қимылда шетелдік білім беру ұйымдарының қатысуы тәрбие және патриоттық бағыттағы жұмыстарды жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, АҚШ әрекет ететін Халықаралық терроризмге қарсы ведомстволар басшылары қауымдастығы (The International

Counter-Terrorism Officers Association) мектеп оқушыларына арналған арнайы терроризмге қарсы білім беру жүйесін қалыптастыру бағытында жұмыс жүргізеді. Бұл жүйе аясында өскелең ұрпақ төтенше жағдайларда өзін-өзі ұстау ережелерін меңгереді, сондай-ақ нақты қауіп-қатерді жалған қауіптен ажырата білуге үйренеді (исламофобияның өршуіне жол бермеу мақсатында). Мұндай тәрбиелік-идеологиялық жұмыс өте күрделі үдеріс ретінде қабылданады, алайда ол аса қажет, өйткені онсыз азаматтық қоғам мен мемлекеттік қауіпсіздік органдарының күш-жігерін біріктіру туралы айту мүмкін емес [73].Ұлыбританияда Мектеп басшылары қауымдастығының (The NAHT – Association of All School Leaders) қызметі аясында Ұлыбритания үкіметімен бірлесіп террористік қауіптердің алдын алуға бағытталған бағдарлама әзірленген. Бұл бағдарлама жас ұрпақтың террористік ұйымдарға тартылуын алдын алуға бағытталған. Ұлыбританияда аталған бағдарламаға мектептер шамамен 80% тартылған. Осы оқу орындарында түрлі мәдениеттерді таныстыруға, толеранттылықты дамытуға және мәдениетаралық өзара іс-қимылды нығайтуға арналған дәрістер мен тренингтер өткізіледі. Сонымен қатар алдын алу сипатындағы экстремизмге қарсы іс-шаралар колледждерде, университеттерде және университет кампустарында да ұйымдастырылады. Бағдарлама шеңберінде оқытушылар құрамы да экстремистік көңіл-күйлерді оқушылар мен студенттер арасында ерте анықтап, мұндай құбылыстардың алдын алу тәсілдері бойынша арнайы дайындық жүргізіледі.

Әлемнің жетекші университеттерінде (Oxford University, Open Universities Australia, American Public University, Henley-Putnam University, Macquarie University, University of St. Andrews және т.б.) «Қауіпсіздік, барлау және терроризмге қарсы іс-қимыл» мамандығы бойынша студенттер даярланады (Master of Policing, Intelligence and Counter Terrorism).

Терроризмге қарсы қызмет саласындағы мамандарды даярлауға арналған әлемдегі ең танымал бағдарламалардың бірі – Ұлыбританиядағы Сент-Эндрюс университеті жанындағы Терроризм мен саяси зорлық-зомбылықты зерттеу орталығының (Centre for the Study of Terrorism and Political Violence) және IBC Global Academy ұйымының онлайн-оқыту бағдарламасы болып табылады. Аталған бағдарламаға 72 елден қатысушылар тіркелген. Терроризмді зерттеуге арналған бұл курс білім саласындағы олқылықтарды толықтыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ қатысушылар мен ұйымдарға терроризм қатерлеріне дайын болуға, терроризмге қарсы жаңа әдістердің дамуына байланысты тәуекелдерді түсінуге және террористік қауіп-қатерге қарсы іс-қимыл жасауға көмектеседі. 2006 жылғы қыркүйекте IBC Global Academy ұйымымен әріптестік негізінде құрылған Сент-Эндрюс университетіндегі терроризмді зерттеу бағдарламасы (CSTPV) терроризмге қарсы күреске арналған алғашқы трансұлттық онлайн-білім беру жүйелерінің бірі болды. Бұл бағдарлама қарапайым азаматтарға, әскери қызметкерлерге, полиция өкілдеріне, сондай-ақ қоғамдық және жеке ұйымдарға терроризмге қарсы күрестің жаңа идеялары мен ұлттық қауіпсіздік негіздері туралы түсінік алуға мүмкіндік береді. Курсты сәтті аяқтаған тыңдаушылар Ұлыбританиядағы Сент-Эндрюс университеті беретін

терроризмді зерттеу саласындағы халықаралық деңгейде танылған маман сертификатын алады [74].

Ресей Федерациясының тәжірибесі қоғамда терроризмге қарсы ұстанымдар мен құндылықтарды қалыптастыру бағытындағы жұмыстардың кең ауқымда жүргізілетінін көрсетеді [75].

Мысал ретінде Ростов облысының Жастар саясаты жөніндегі комитетінің жұмысын келтіруге болады. 2020 жылы Комитет «Профилактум» атты жастар бағдарламасын жүзеге асыру арқылы терроризм мен экстремизмнің алдын алуда жүйелі ведомствоаралық тәсілді енгізу бастамасын көтерді (PRO – «кәсібилік», feel –«сезіну», actum – «әрекет»). Бағдарламаның мақсаты – кешенді іс-шараларды жүзеге асыру арқылы жастардың деструктивті сипаттағы идеологияларға қарсы тұрақты иммунитетін қалыптастыру.

Демек, білім беру кеңістігін тиімді ұйымдастыру, үгіт-насихат пен қолжетімді ақпараттың ықпалын азайту мақсатында кешенді жүйелерді қалыптастыру және жетілдіру, сондай-ақ студент жастар өкілдері арасында ұлтаралық қатынастарды дамыту бағытындағы жүйелі жұмысты жүзеге асыру – мұның барлығы терроризмге қарсы іс-қимылдың ғана емес, оны алдын алудың және терроризмге қарсы сананы қалыптастырудың маңызды құралдары болып табылады. Аталған жүйені іске асыру саяси, әлеуметтік, білім беру және басқа да орта жағдайларында террористік және экстремистік әрекеттердің тұрақты түрде алдын алуға ықпал етеді.

Студенттердің дін туралы, қоғамдағы толеранттылық және мәдениетаралық өзара әрекеттесу туралы түсініктерін зерттеу мақсатында біз **аяқталмаған сөйлемдер** әдісі мен Google платформасында **сауалнама** арқылы зерттеу жүргіздік.

Зерттеу барысында аяқталмаған сөйлемдер әдісі қолданылды. Бұл әдіс респонденттердің белгілі бір құбылысқа қатысты субъективті түсініктерін, көзқарастарын, құндылықтық бағдарларын және әлеуметтік ұстанымдарын зерттеуге мүмкіндік беретін проективтік сипаттағы әдістердің бірі болып табылады. Аяқталмаған сөйлемдер әдісін әлеуметтік зерттеулерде қолданудың әдіснамалық ерекшеліктері З.В. Сикевичтің еңбегінде қарастырылған [76]. Әдістің ерекшелігі респонденттерге өз ойларын алдын ала берілген жауап нұсқаларымен шектемей білдіруге мүмкіндік беруінде.

Зерттеудің бірінші бөлігі 2023-2024 жылдың қазан мен қараша айларының аралығында студенттермен аяқталмаған сөйлемдер әдісі бойынша қазақ және орыс тілдерінде Google платформасында жұмыс жүргізілді. Бұл зерттеуге барлығы 114 респондент қатысты. Құрамдық көрсеткіш бойынша сауалнамаға қатысқандардың 65%-ын 17–18 жас аралығындағы тұлғалар, 22%-ын 19–20 жас аралығындағы жастар, ал 13%-ын 21–23 жас аралығындағы жастар құрады. Гендерлік көрсеткіш бойынша ер адамдар 79,8%-ды, ал әйел адамдар 20,2%-ды құрады.

Сонымен қатар, студенттер арасында бөлек қосымша сауалнама өткізілген болатын. 19 жабық сұрақтан тұратын сауална2024жылдың қазан айында жүргізілді. Сұрақтар екі негізгі блокқа топтастырылды:

а) дінге көзқарас және діни білім алудағы басымдықтар;

ә)қауіпсіздік сезімі және террористік әрекеттерге байланысты тәуекелдерді түсіну.

Сауалнамаға барлығы 277 респондент қатысты. Олардың ішінде 25,3%-ы әйелдер, ал 74,7%-ы ер адамдар болды. Жас ерекшелігі бойынша респонденттердің 49,5%-ы 16–17 жас аралығында, 43,3%-ы 18–20 жас аралығында, ал 7,2%-ы 21–22 жас аралығында болды.

Аяқталмаған сөйлемдер әдісінің нәтижелері бойынша респонденттердің 42%-ы дінді сеніммен байланыстырады, 24%-ы дінді дұрыс өмір жолын таңдау үдерісі ретінде түсінеді. Ал респонденттердің 18%-ы дінді ислам дінімен тікелей байланыстырады, 13%-ы дін мен білім арасындағы байланысты көрсете алған. Респонденттердің 3%-ы өз көзқарастарын нақты тұжырымдай алмағандықтан, бұл сұраққа жауап бермеген.

Келесі сұрақ «Сенім деген не?» деген тұжырымды талдауға байланысты болды. Нәтижелерге сәйкес, респонденттердің 31%-ы сенімді жоғары күштерге және Құдайға деген сенім ретінде түсінеді. Респонденттердің 26%-ы сенімді адамдарға, өзіне, өз мүмкіндіктері мен күшіне деген сеніммен байланыстырады, ал 25%-ы сенімді тірек пен күш беретін сезім ретінде қарастырады. Сонымен қатар респонденттердің 18%-ы сенімді жауапкершілікпен, адалдықпен және өз ісіне беріктікпен байланыстырады.


«Құдай – бұл…» деген тұжырымға жауап ретінде респонденттердің 46%-ы Құдайды жаратушы ретінде сипаттаған, 19%-ы оны мейірімділік пен сеніммен байланыстырған, 18%-ы жоғарғы күш ретінде көрсеткен, ал 17%-ы «менің Аллам» деп жауап берген.

Аяқталмаған сөйлемдер сауал нәтижелері бойынша респонденттердің шамамен 85%-ы мешітке немесе шіркеуге барады. Олардың бару мақсаттары әртүрлі. Мәселен, респонденттердің 28%-ы Құдайға құлшылық ету мақсатында баратынын айтса, 19%-ы жеке рухани қажеттілігі үшін баратынын көрсеткен. Респонденттердің 10%-ы намаз оқу үшін баратындығын атап өткен. Ал 14%-ы мұны мұсылмандық парызбен байланыстырады, тағы 14%-ы ата-бабаларын немесе қайтыс болған адамдарды еске алу үшін баратындығын көрсеткен.

Респонденттердің басым бөлігі діни мерекелер мен дәстүрлі ұлттық мерекелердің айырмашылығын ажырата алады. Сауалнамаға қатысқандардың 81%-ы Қазақстанда атап өтілетін Құрбан айт, Ораза айт, Пасха және Рождество сияқты діни мерекелерді білетіндерін көрсеткен. Сондай-ақ респонденттердің тек 30%-ы өздеріне белгілі негізгі діни ағымдарды атай алған. Ал 37%-ы діни ағымдар туралы мүлде түсінігі жоқ екенін көрсеткен. Бұған қоса респонденттердің 33%-ы діни ағымдарды Қазақстандағы негізгі діндермен шатастыратыны анықталған.

Келесіде сауалнама нәтижелерін қарастырайық. Респонденттердің 92,1%-ы Құдайдың бар екеніне сенеді және оның барлық нәрсені бақылап отыратынын айтады. Сауалнамаға қатысқандардың 6,5%-ы «Құдай бар, бірақ ол еш нәрсеге араласпайды» деп жауап берген. Респонденттердің 98,6%-ы ислам дінін ұстанатынын көрсеткен. Сонымен қатар респонденттердің 55,8%-ы дінді таңдауды өздерінің жеке таңдауы деп санаса, 44,2%-ы бұл таңдауды отбасының дәстүрлі дінімен байланыстырады.

«Діннің адамға әсері» деген сұраққа берілген жауаптар төмендегідей бөлінді.




1-сурет – «Діннің адамға әсері» сұрағына берілген жауаптардың бөлінісі

Ескертпе: сауалнама нәтижесі бойынша автор құрастырған.

Респонденттердің 62,1%-ы дін мен дәстүр қатар жүруі тиіс деп есептейді, ал 36,5%-ы оларды бөлек құбылыстар ретінде қарастырып, бір-бірімен үйлеспейді деп санайды. Сонымен қатар сауалнамаға қатысқандардың 44%-ы «Дінтану» пәнін мүлде оқымағанын көрсеткен, 28,2%-ы бұл пәнді әлі оқымағанын, ал 27,8%-ы аталған курсты оқып өткенін айтқан.

Дін туралы білімді қайдан алу қажет деген сұраққа қатысты респонденттердің пікірлерінің бөлінісі төмендегі суретте көрсетілген.



2-сурет – «Сіздің ойыңызша, адамдар діни мәдениет туралы түсінікті қайдан алуы тиіс?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінісі

Ескертпе: сауалнама нәтижесі бойынша автор құрастырған.

Сенім мен дін туралы білім алудың дереккөздері жөніндегі жауаптар мен респонденттердің таңдауларының бөлінісі де қызықты мәліметтерді көрсетті.




3-сурет – «Сіз сенім туралы білімді қандай дереккөздерден аласыз?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінісі

Ескертпе: сауалнама нәтижесі бойынша автор құрастырған.

Респонденттердің 76,5%-ы басқа діни көзқарастағы адамдарға құрметпен қарайтынын көрсеткен. Ал 11,9%-ы мұндай адамдарға теріс көзқараста екенін білдірсе, 11,6%-ы немқұрайлы көзқараста екенін атап өткен. Сауалнамаға қатысқан студенттердің 50,9%-ы өздерін Қазақстанда толық қауіпсіз сезінетінін айтқан, ал 32,5%-ы «иә деуге болады» деген жауапты таңдаған. Сонымен қатар респонденттердің 6,9%-ы «жоқ деуге жақын», 2,5%-ы «мүлде қауіпсіз сезінбеймін» деп жауап берген, ал 7,2%-ы жауап беруге қиналған. Ал студенттердің 28,4%-ы Қазақстанда терроризм қаупі болуы мүмкін деп есептейді, 15,6%-ы бұл қауіп республиканың өзекті мәселелерінің бірі деп санайды. Ал 17,8%-ы мұндай қауіптің бар екеніне күмән келтірсе, 10,2%-ы республика аумағында терроризм қаупін толық жоққа шығарады. Респонденттердің 28%-ы бұл сұраққа нақты жауап беруге қиналған.

Респонденттер терроризмді әртүрлі сипаттайды, жауаптардың бөлінісі диаграммада көрсетілген.

Атап айтқанда респонденттердің 48,7%-ы мұны материалдық әл-ауқатқа қол жеткізуге ұмтылумен, 49,5%-ы белгілі бір идеологияға берілумен, 33,9%-ы адамдарға үстемдік жүргізу ниетімен, ал 22%-ы әлемді өзгертуге ұмтылумен түсіндіреді. Сондай-ақ студенттердің 17,3%-ы мұны өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылумен, 15,9%-ы пікірлес адамдар табуға, үлкен топтың бір бөлігі болуға талпыныспен, 14,1%-ы әділдікке қол жеткізу ниетімен, ал 7,9%-ы тәуекелге бейімділікпен байланыстырады.



4-сурет – «Терроризм ұғымына сәйкес келетін сипаттамалар» сұрағына берілген жауаптардың бөлінісі

Ескертпе: сауалнама нәтижесі бойынша автор құрастырған.

Респонденттердің жартысынан көбі (59,2%) кейбір мәселелерді террористік сипаттағы құқық бұзушылықтар арқылы шешуді мүлде қабылдамайтынын көрсеткен. Сонымен қатар 27,8%-ы «жағдайға байланысты» деген жауапты таңдаса, 13%-ы мұндай мүмкіндіктің жоққа шығармайтынын білдірген. Алынған нәтижелер ерекше назар аударуды қажет етеді. Респонденттердің 59,2%-ы террористік сипаттағы әрекеттерді мәселелерді шешу тәсілі ретінде қабылдамайтынын білдірсе, 27,8%-ының жауабы жағдайға тәуелді сипатта болды, ал 13%-ы мұндай әрекеттердің мүмкіндігін жоққа шығармаған. Соңғы екі жауап санатының жиынтық үлесі 40,8%-ды құрайды. Алайда бұл көрсеткішті респонденттердің террористік әрекеттерге қатысуға дайындық деңгейі ретінде түсіндіруге болмайды. Мұндай жауаптарға сұрақтың тұжырымдалуы, гипотетикалық жағдайды қабылдау ерекшеліктері және әлеуметтік-психологиялық факторлар ықпал етуі мүмкін. Сондықтан аталған нәтижелердің себептерін анықтау үшін қосымша сапалық зерттеулер жүргізу қажет.

Алдын ала жүргізілген зерттеу нәтижелері келесі қорытындылар жасауға мүмкіндік береді: сауалнама нәтижелері жеке, топтық және мәдени деңгейлердегі айырмашылықтарды көрсетеді. Сауалнамаға негізінен 1–2 курс студенттері қатысып, олардың басым бөлігін ер адамдар құрағандықтан, жауаптар мен кейбір пікірлерде жауаптардың ашықтығы, «жетілмегендігі» және басқа дін өкілдеріне қатысты жасырын агрессия байқалады (мысалы: «олар туралы ештеңе білгім келмейді», «олар мені қызықтырмайды» және т.б.). Біріншіден, мұнда қоғамдағы әлеуметтік кеңістіктің бөлінуі, сондай-ақ «біз» бен «олар» арасындағы қарама-қарсылыққа негізделген қауіптенген бейнені қалыптастыру сияқты факторлар әсер етуі мүмкін.

Екіншіден, алынған нәтижелер респонденттердің діни түсініктерді қалыптастыратын институт ретінде білім беру жүйесін іс-жүзінде қарастырмайтынын көрсетеді (мұны «Сіздің ойыңызша, адамдар діни мәдениет

туралы түсінікті қайдан алуы тиіс?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінісінен байқауға болады). Бұл тұрғыда біз Фрейренің [77] көзқарасымен келісеміз. Ол білім беру үдерісінің бейтарап болуы мүмкін емес екенін атап өтеді. Білім беру не жас ұрпақты қолданыстағы жүйенің логикасына бейімдеп, оған сәйкес келуіне жағдай жасайтын құрал ретінде қызмет етеді, не болмаса «еркіндік тәжірибесіне» айналып, адамдардың шынайылыққа сыни және шығармашылық тұрғыдан қарауына, сондай-ақ өз әлемін өзгерту үдерісіне қатысуды үйренуіне мүмкіндік береді. Осыған байланысты жастардың терроризмге қарсы санасын қалыптастыруда білім беру үдерісінің рөлін күшейту қажет. Бұл тек жекелеген бір департаменттің міндеті емес, әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді жүргізетін әрбір білікті оқытушының ортақ міндеті болып табылады. Осы бағытта проблемалық және сыни оқытудың әлеуетін пайдалану, дін мен дәстүрлі мәдени бейнелерді түсіндіретін тартымды әрі интерактивті контент әзірлеу (чат-боттар, қысқа интерактивті дәрістер, бейне презентациялар) маңызды. Сонымен қатар жастар арасында терроризмге қарсы тәрбиенің негізгі мәселелерін онлайн және офлайн форматта талқылауға мүмкіндік беру, «тәуекел тобына» жататын студенттермен диалогтық өзара әрекеттесу формаларын қолдау, сондай-ақ мүфтият өкілдерімен және жастар арасында беделі бар қоғамдық қайраткерлермен онлайн және офлайн кездесулер ұйымдастыру қажет.

Үшіншіден, сауалнама нәтижелері студенттердің терроризмнің себептері мен салдары туралы түсініктері біркелкі еместігін көрсетеді. Бұл жастардың құқықтың сауаттылығын сыни ойлауын және зорлық-зомбылыққа қатысты ұстанымдарын дамыту қажет. Осыған байланысты жастардың басқа адамдардың тәжірибесін талдауға және болып жатқан оқиғаларды сыни тұрғыдан бағалауға мүмкіндік беретін неғұрлым күрделі әлеуметтанымдық қабілеттерін дамыту қажет деп санаймыз.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері жастар арасында діндер мен діни ағымдардың мәнін түсіндіруге бағытталған мақсатты әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың қажеттілігін көрсетеді. Бұл ретте басқа мәдениеттер мен діндерге толеранттылықты қалыптастыруға, тәуелсіз сыни ойлау дағдыларын дамытуға және сыртқы теріс ықпалдарға қарсы тұру қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған кешенді іс-шараларды жүзеге асыру тиімді құрал бола алады.

1.2 Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың мәні мен мазмұны

Радикалдану үдерісі әртүрлі жаста қалыптасуы мүмкін екені белгілі, алайда бұл тұрғыда студенттік кезең аса осал кезеңдердің бірі болып саналады. Жастар өздерінің ұстанымдарын, сезімдерін қолдау, жеке тұлғалық сәйкестігін және өзіндік құндылығын растау мақсатында деструктивті ұйымдармен өзара әрекеттесуі мүмкін.

Ғалымдар A. Siegel, S. Brickman, Z. Goldberg және R. Pat-Horenczyk [71] пікірлерімен белгілі бір дәрежеде келіспеушіліктер бар. Олардың еңбектерінің мәні терроризмге қарсы іс-қимыл тәсілдерін және жастардың радикалдануына

қарсы күреске араласу жолдарын зерттеуге бағытталған. Аталған авторлар террористік қызмет саяси сипаттағы әрекет болып табылады және ол ұжымдық әрі жеке іс-әрекеттердің, дәстүрлі және ерекше, рационалды және эмоциялық аспектілердің шегінде орналасады деп тұжырымдайды. Бұл соғыс пен тирания үдерісіндегі әлсіз дәстүрлі емес тактика, наразылықтың ең ірі түрі болып саналады. Терроризм әртүрлі бағыттарда көрініс табуы мүмкін екенін атап өткен жөн. Ол саяси, әлеуметтік, психологиялық, ақпараттық және білім беру салаларында байқалады. Мұндай көріністердің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар, сондықтан оларды әрі жүйелі түрде, әрі бір-бірінен тәуелсіз түрде зерттеу қажет. Жастар терроризмнің пайда болу себептері мен оған қарсы іс-қимылдың мәнін терең түсіну үшін тиісті білім алуы тиіс. Білім беру саласындағы бастамалар терроризмге қарсы сананы дамытуға бағытталуы қажет. Бұл ұғым студенттердің саналы түрде оқытылып, тәрбиеленуін, терроризм салдарының мәнін түсінуін және мұндай қауіптерге тиісті түрде әрекет етуге дайын болуын білдіреді.

Жастар арасында депрессия құбылысын зерттеген автор N. Kar [78] пікірін қолдауға болады. Оның зерттеу нәтижелерінде жастар арасындағы депрессиялық жағдайлар террористік сананың қалыптасуына ықпал етуі мүмкін екені көрсетілген. Сондай-ақ автор студенттердің терроризмге қарсы санасының қалыптасуы ұзақ әрі үздіксіз үдеріс екенін атап өтеді. Бұл үдерістің негізгі бағыттарына терроризмге қарсы құндылықтарды меңгеру, міндетті моральдық әдеттер мен қажеттіліктерді қалыптастыру, сондай-ақ қажетті моральдық ұстанымдар, сенімдер мен сезімдерді дамыту жатады. Осыған байланысты жастардың өзін-өзі қабылдау ерекшеліктерін, олардың діни, әлеуметтік, психологиялық және басқа да мәселелер бойынша түсініктері мен сұраныстарын тұрақты түрде бақылау және талдау маңызды. Сонымен қатар террористік сананың алдын алу кезеңі стратегиялық тұрғыдан күрделі үдеріс екенін атап өткен жөн. Қоғамды, сондай-ақ студент жастарды террористік әрекеттерге тартудың салдарын зерттеудің тиімді құралдарының бірі – әлеуметтану, психология және педагогика салаларының механизмдерін қолдану болып табылады. Бұл бағытта әртүрлі әдістемелер мен ғылыми болжамдарды әзірлеуге және оларды тәжірибеде тексеруге мүмкіндік туады.

Facebook пайдаланушыларының жастар арасында қорқыныш пен террор сезімін қалыптастыруға ықпалын зерттеген R. Omar және A. Casero-Ripolles [79] еңбектерінде жастардың терроризмнің алдын алу шараларына қатысу деңгейінің төмен болуы алдын алу жүйесінің әлсіз тұсы екені атап көрсетілген. Зерттеу нәтижелері бұл жағдайды бірнеше факторлармен түсіндіреді: алдын алу жұмыстарының жеткіліксіз жүргізілуі және олардың халықаралық деңгейде терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша жарияланатын есептер санына сәйкес келмеуі; іс-шараларды ұйымдастыру формасының тиімсіздігі, қамтылған адамдар санына шамадан тыс көңіл бөлінуі, интерактивті тәсілдердің жеткіліксіз қолданылуы бұл аудиторияның қабылдауына теріс әсер етеді; сондай-ақ ақпараттық материалдардың аздығы мен кадрлардың біліктілігінің жеткіліксіздігі және басқа да мәселелер. Пікірлер өзара сәйкес келеді, өйткені ғылыми зерттеу барысында жастар арасында терроризмге қарсы іс-қимылдың

кешенді стратегиясы күрделі тұжырымдама екені анықталды. Сонымен қатар алдын алу шараларын жүзеге асыруда белгіленген талаптардың толық сақталмауы оның тиімділігін төмендететіні байқалды. Жастар мен мамандар тарапынан қолданылатын коммуникациялық және ақпараттық құралдар арасындағы айырмашылық, сондай-ақ олардың іс-шараларды ұйымдастыру барысында жеткілікті деңгейде пайдаланылмауы терроризмге қарсы сананың қалыптасу сапасына кері әсер етеді. Зерттеу нәтижелері алдын алу құралдарының тиімсіз таралуын да көрсетті және терроризмнің алдын алу мақсатында оң мазмұндағы ақпараттық контентті қалыптастырудың қажеттілігін дәлелдейді.

Еуропада терроризмнің қалыптасу үдерісін зерттеген B. Schuurman және S.L. Carthy [80] студенттің әлеуметтену формасы ретінде тәрбиелік қызмет факторларын жаңғыртуға бағытталған үйлестіруді атап көрсетеді. Бұл үдеріс студент жастардың өз бетінше әрекет етуге және ересек өмір жағдайында маңызды шешімдер қабылдауға қажетті ойлау дағдыларын қалыптастырумен байланысты. Бұл ретте ол қазіргі әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесу тәжірибесін игеруді қамтиды. Мұндай ортада тұлғаның дүниетанымы қоршаған адамдардың идеологияларына ғана негізделмеуі тиіс. Пікірлер толық сәйкес келеді, өйткені алынған нәтижелер қазіргі заман жағдайлары жастарды кәсіби және жеке өмірдің әртүрлі бағыттары арасында таңдау жасауға мәжбүрлейтінін көрсетеді. Осыдан қазіргі жастар арасында маргиналдылық белгілерінің байқалуы туындайды, бұл өз кезегінде әлеуметтік мәртебенің айқын болмауына, әлеуметтік ізденіске және қиындықтарға бейімделудің күрделілігіне алып келеді. Сонымен қатар жас кезеңіне тән психологиялық ерекшеліктер жастардың санасында радикалды әрекеттерге қатысты ішкі көзқарастардың қалыптасуына ықпал етуі мүмкін. Мұндай жағдайлар кейбір жастардың экстремизм немесе терроризм арқылы өз мақсаттарын жүзеге асыруға бейім болуына жағдай туғызады.

Жұмысының негізгі мәні білім беру жүйесі мен терроризм арасындағы байланыстардың артуын талдауға бағытталған M.M. Sjøen-ның[81] зерттеу нәтижелеріне сәйкес, адамның психологиялық бейімділіктерінің ерекшеліктері ескерілмеген жағдайда, терроризмге қарсы көзқарастарды белсенді насихаттау тиімсіз. Бұл тұрғыда балалық шақта қалыптасқан тыйымдар мен міндеттердің маңызы ерекше. Білім беру жүйесінің қызметі осындай жағдайда маңызды рөл атқарады, өйткені ол студенттерге мүмкіндіктер мен қауіптер арасындағы тепе-теңдікті түсіндіреді. Жастарды кәсіби және жеке өмір жолында түрлі қауіптер мен қатерлердің бар екеніне сендіру қажет, олардың тек жағымсыз ғана емес, сонымен қатар өмір үшін қауіпті салдарға да алып келуі мүмкін екеніне назар аудару керек. Сондықтан мұндай жағдайларда ықтимал қауіптерді ескеріп, оларды алдын ала болжай білу және нақты экстремалды жағдайларға бейімдей білу маңызды. Аталған тұжырымдарды қолдауға негіз бар, өйткені зерттеулер студенттік кезеңде жастардың психикасы салыстырмалы түрде тұрақсыз болатынын көрсетеді. Осыған байланысты олар сыртқы факторлар мен қауіп-қатерлерге тез әсерленеді, ал ол кейде агрессияның пайда болуына немесе тіпті құқық бұзушылықтар мен террористік сипаттағы әрекеттердің орын алуына

алып келуі ықтимал. Бұл жағдай терроризм мен экстремизм мәселесінің өзектілігін көрсетеді, өйткені студент жастар белгілі бір әлеуметтік жағдайлармен күрес барысында тұлғалық дамуға теріс әсер ететін құбылыстарға ұшырап, өз кезегінде қоғамның басқа мүшелеріне де жағымсыз ықпал етуі мүмкін.

Студент жастарды терроризмнің алдын алу шараларына тарту мүмкіндіктерін қарастыра отырып, E. Nussio, T. Böhmelt және V. Bove [82] ұсынған пікірді орынды деп санауға болады. Аталған ғалымдардың зерттеуі Еуропада террористтерге деген қоғамдық назарды және олардың әрекеттерінің салдарын талдауға бағытталған. Авторлардың пайымдауынша, ойын тәжірибесі жастарда рефлексивтік сананы қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады. Бұл тәжірибе жастардың өзін жағымды жағынан қабылдауын және қоршаған ортаны дұрыс қабылдауын дамытуға, өзін-өзі дұрыс бағалауға, жауапты азаматтық ұстаным қалыптастыруға, ортақ әлеуметтік құндылықтарға назар аударуға, сондай-ақ өзін-өзі тәрбиелеуге ұмтылысын арттыруға бағытталады. Аталған тәсіл қазіргі студенттердің алдында тұрған мәселелерді талқылауға арналған арнайы алаңдар құрылған жағдайда және студенттік ортада терроризмнің қалыптасуына ықпал еткен факторларды талдауға мүмкіндік берілген кезде ғана тиімді болмақ.

Осылайша шетелдік ғалымдардың осы тақырыптағы тәжірибесі студент жастарды террористік және экстремистік сананы ақпараттық тұрғыдан тежеуге бағытталған жалпы жұмысқа тікелей тарту тәжірибесі кәсіби, әлеуметтік, саяси және басқа да салалардың барлық өкілдерінің қолдауын талап ететінін көрсетуге мүмкіндік береді. Аталған терроризмге қарсы іс-қимыл әдістемелері тиімді болып, студенттердің алдын алу шараларының әрі объектісі, әрі субъектісі болуына ықпал етеді. Олар терроризмге қарсы іс-қимыл шараларын жүзеге асыруға белсенді қатысып, бұл тәжірибені өз құрдастары арасында тарата алады, өйткені студент жастардың бір-біріне ықпалы басқа жас топтарымен салыстырғанда әлдеқайда жоғары болады.

Терроризм мәселесі кең көлемде Д.В. Ольшанскийдің [34] «Терроризм психологиясы» атты еңбегінде қарастырылған. Бұл еңбек терроризм психологиясына қатысты авторлық тұжырымдаманың жүйелі әрі бірізді түрде баяндалуын қамтиды. Автор террористтер мен олардың құрбандарының психологиялық ерекшеліктеріне жүргізілген өз зерттеулерін жан-жақты сипаттайды, сондай-ақ «террор», «терроризм», «террористік акт», «әлемдік терроризм» сияқты ұғымдардың мәнін нақтылайды.

Д.В. Ольшанский терроризмнің негізгі салаларын атап көрсетеді. Бірінші сала ретінде саяси террор қарастырылады. Ол саяси көшбасшылар мен мемлекеттік билік өкілдеріне ықпал ету арқылы оларды белгілі бір саяси шешімдер қабылдауға немесе нақты әрекеттер жасауға мәжбүрлеуге бағытталған. Көп жағдайда саяси террордың мақсаты – саяси құрылымды өзгерту мақсатында қолайсыз саяси қайраткерлерді жою болып табылады. Аталған террор түрінде жиі қолданылатын тәсілдердің бірі кепілге алу, яғни адамдардың өмірін билік органдарына қысым көрсету тетігі ретінде пайдалану.

Екінші сала – ақпараттық террор, ол қажетті қоғамдық пікірді қалыптастыру мақсатында адамдардың психикасы мен санасына тікелей ықпал ету арқылы көрініс табады. Мұндай террордың негізгі әдістерінің бірі – түрлі қауесеттерді тарату («үрей тудыратын қауесеттер» және «агрессия тудыратын қауесеттер»).

Үшінші сала – экономикалық террор, экономикалық бәсекелестерге (фирмаларға, мемлекеттерге) қысым көрсету мақсатында жүзеге асырылатын әртүрлі кемсітушілік сипаттағы экономикалық әрекеттермен сипатталады.

Төртінші сала – әлеуметтік (тұрмыстық) терроризм. Бұған тұрмыстық деңгейде адамдарды қорқытуға немесе зиян келтіруге бағытталған кез келген әрекеттер жатады [34].

Өз кітабында Д.В. Ольшанский терроризмнің келесі формуласын ұсынады: террористердің талаптар қоюы – зорлық-зомбылық қаупі – билік құрылымдарының террористердің талаптарын орындаудан бас тартуы – террористердің зорлық-зомбылық әрекетін жүзеге асыруы – елді, халықты үрей жағдайына түсіру – құқық қорғау органдарының тиімсіз әрекеттері – қорқыныштың жаңа толқындарының пайда болуы – жаңа террористік әрекеттер [34].

В.Л. Васильев «Терроризм психологиясы» атты еңбегінде террорист тұлғасының психологиялық мәселесін қарастырады. Ол келесідей жазады: «Террорист тұлғасына әлемді теріс қабылдау тән, ол бірқатар факторлардың ықпалымен қалыптасады. Ең алдымен бұл әлемнің идеалдық моделі мен тұлғаның нақты өмірдегі жағдайы және өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктері арасындағы сәйкессіздікпен байланысты. Аталған қайшылық тұлғаның жеке және әлеуметтік тұрғыдан өзін жеткіліксіз сезінуіне әкеледі. Нәтижесінде террорист тұлғасына «Мен жақсымын, ал әлем жаман» деген ұстаным тән болады. Бұл ұстаным моральдық өзін-өзі қорғау құралына айналып, кез келген деструктивті әрекеттерді ақтауға мүмкіндік береді. Осылайша террористердің әрекеті деструктивті өзін-өзі жүзеге асыру сипатына ие болады. Сонымен қатар жоққа шығару негізінде өзінің дұрыстығына деген жаңа ойша тұжырым қалыптасады, бұл өз кезегінде террористік топқа және жекелеген террористке оң ықпал ету мүмкіндігін барынша шектейді» [83].

Бұл үдеріс барысында террористте туындайтын эмоциялар, әдетте, агрессивті сипатқа ие болады. Осы негізде дүниетаным мен әлемді қабылдау жүйесі ретінде деструктивті культ қалыптасады. Олардың қалыптасуының негізінде әртүрлі этностардың үйлеспеушілігімен байланысты этнопсихологиялық қайшылықтар жатыр. Деструктивті діни ағымдар өзегін, әдетте, өз сенімдері үшін өлімге баруға дайын шынайы жанқиярлар құрайды. [84].

Террорист тұлғасының қалыптасу үдерісін модельдеуге талпыныс американдық зерттеуші Э.Шоу тарапынан жасалған [85]. Автор өзінің моделінің шектеулері мен кемшіліктерін мойындай отырып, адамның терроризмге келуіне ықпал ететін төрт факторды нақты көрсетеді. Бұл факторларға мыналар жатады:

- ерте әлеуметтену;
- нарциссистік бұзылыстар;
- қақтығыстық жағдайлар, әсіресе, полициямен қарсыласу;

- террористік ұйым мүшелерімен жеке байланыстар.

Шоу [85] террористердің қатарына көбінесе бала кезінен өзін-өзі бағалау мәселелері болған тәуекел тобына жататын адамдар қосылатыны жөнінде қорытынды жасайды. Террористік топпен сәйкестену мұндай адамдарға әлеуметтік рөл береді, дегенмен бұл рөл теріс сипатта. Террорист үшін ұйымнан шығу – өзінің өзіндік сәйкестілігін жоғалтумен тең. Террористтің өзін-өзі бағалауы соншалықты төмен болғандықтан, қайта қалыптасқан өзіндік сәйкестіктен бас тарту ол үшін іс жүзінде мүмкін емес. Мұндай топқа қосыла отырып, олар авторитаризмнен туындайтын қорқыныштан психологиялық қорғаныс табады. Сонымен қатар топқа бағытталған кез келген шабуыл олар тарапынан өзіне қарсы жасалған әрекет ретінде қабылданады. Соған сәйкес сырттан жасалған кез келген әрекет топ ішіндегі бірліктің одан әрі күшеюіне алып келеді.

Терроризм кең мағынада саяси, идеологиялық, діни немесе басқа да себептермен жасалатын зорлық-зомбылық әрекеттерді, соның ішінде қарулы күресті, қанды шабуылдар мен террорлық актілерді қамтиды. Бұл әрекеттер адамдардың өмірі мен қауіпсіздігіне қауіп төндіріп, саяси немесе әлеуметтік мақсаттарға жету үшін жүзеге асырылады, ал кейде өз өмірін қорғау немесе босату үшін әділетті күрес деп қабылдануы мүмкін, бірақ бұл зорлық-зомбылық саяси мүдде үшін бейкүнә адамдарды құрбан етуге бағытталған.

БҰҰ Бас Ассамблеясы ұлттық, өңірлік және халықаралық терроризм мәселелері бойынша шамамен 10 қарар қабылдағанымен, терроризм ұғымына қатысты барлық қырын қамтитын әрі жалпыға бірдей қабылданған анықтама бере алған жоқ.

Мамандардың пікірінше, ұсынылған анықтамалардың ішінде келесі анықтама неғұрлым қолайлы болып табылады: терроризм – қоғамда үрей мен қорқыныш туғызу, үкіметті әлсірету немесе құлату, сондай-ақ саяси өзгерістерге қол жеткізу мақсатында мемлекеттік емес субъектілер тарапынан күш қолдану немесе күш қолдану қаупін төндіру. Ол мемлекеттік режимдерді тұрақсыздандыруға, халық арасында зорлық-зомбылық алдында қорғансыздық сезімінен туындайтын алаңдаушылықты қалыптастыруға, соның нәтижесінде елдегі мемлекеттік билікті өзгертуге, сондай-ақ өзге де саяси, діни немесе этникалық мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталады [86].

Терроризм әрекет ретінде бірқатар айрықша белгілермен сипатталады:

1. Ең алдымен, терроризмнің негізгі ерекшеліктерінің бірі – агрессивті әрекеттерді жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын жалпы қауіптілік. Бұл қауіп нақты болуы және адамдардың кең ауқымына қатер төндіруі тиіс.

2. Терроризмнің тағы бір айрықша белгісі – оның жария сипатта жүзеге асырылуы. Басқа қылмыстар, әдетте, жасырын түрде жасалса, терроризм кең қоғамдық жариялылықпен және талаптардың ашық қойылуымен ерекшеленеді. Ол бұқаралық қабылдауға бағытталған зорлық-зомбылық нысаны болып табылады.

3. Терроризмнің үшінші айрықша белгісі – қорқыныш, үрей, күйзеліс және психологиялық шиеленіс жағдайын әдейі қалыптастыру. Мемлекеттік және саяси қайраткерлерге, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне немесе

қарапайым азаматтарға жасалатын шабуылдар, сондай-ақ фабрикалар, зауыттар, кәсіпорындар, көлік пен байланыс нысандарын жою немесе бүлдіру және осыған ұқсас басқа да әрекеттер әртүрлі мақсаттарды көздеуі мүмкін. Алайда терроризм туралы тек әрекеттің мәні қоғамда қорқыту, үрей мен қорқыныш тудыруға бағытталған жағдайда ғана айтуға болады. Бұл ретте қорқыныш жағдайы жеке адам немесе тар топ деңгейінде емес, әлеуметтік деңгейде қалыптастырылады. Ол басқа адамдарға ықпал ететін және оларды террористердің мүддесіне сай белгілі бір әрекеттер жасауға немесе олардың талаптарын қабылдауға мәжбүрлейтін объективті қалыптасқан әлеуметтік-психологиялық фактор ретінде көрініс табады. Мұндай жағдай, әсіресе, кепілге алу әрекеттеріне тән. Бұл құбылыс ғылымда «Стокгольм синдромы» деп аталады. Оның мәні – оқиға дамыған сайын кепілге алынған адамдар террористтерге барған сайын жағымды баға беріп, оларды түсіне бастайды, тіпті өздерін азаптаушыларға жанашырлық танытып, ал оларды босатуға тырысқан адамдарға қатысты керісінше теріс сезім білдіреді [87].

Терроризмнің пайда болуына ықпал ететін негізгі себептердің қатарына мыналар жатады:

- психопатологиялық сипаттағы себептер. Әлемдік ғылыми әдебиеттерде террористердің арасында психикалық ауытқулары бар адамдар басым ба, әлде психикалық тұрғыдан қалыпты адамдар басым ба деген мәселе бойынша пікірталастар бар. Дегенмен зерттеушілердің көпшілігі террористердің негізгі бөлігін психикалық тұрғыдан қалыпты адамдар құрайды деген пікірге келеді;

- өз қызметіне ерекше мән беру, оған романтикалық сипат беру және өзін-өзі көрсету мотивтері;

- пайдакүнемдік мотивтер, олар кей жағдайда идеологиялық мотивтерден басым түседі немесе олармен өзара тығыз байланыста болады;

- терроризм көбіне «идеялық абсолютизмнің», яғни өздерін жоғары ақиқаттың иесі және өз халқын, белгілі бір топты немесе тіпті бүкіл адамзатты «құтқарудың» бірегей жолын білуші деп есептейтін қалыпты сенімнің нәтижесі болып табылады (Бұған «Аль-Каида», «Ислам джихады», «Хамас», «Хезболлах» сияқты ұйымдардың әрекеттері айқын мысал бола алады. Олардың қанды акциялары бүкіл әлемдік қауымдастықтың назарын аударып, үлкен алаңдаушылық туғызды);

- терроризм адамдардың мінез-құлқын белгілі бір бағытқа бағдарлайтын қажетті пікірлер мен көзқарастарды қалыптастыру мақсатында олардың психикасы мен санасына ықпал ететін ақпараттық кеңістік ретінде көрініс табады. Мұндай ықпал ету нәтижесінде адамда алынған ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау мүмкіндігі айтарлықтай шектеледі. Ақпараттық терроризм бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланумен қатар, белгілі бір сипаттағы қауесеттерді таратуға да сүйенеді. Әдетте, қауесеттер қорқыныш пен үрей атмосферасын бірнеше есе күшейтіп, нақты немесе ойдан шығарылған еңсерілмейтін кедергілердің пайда болуына байланысты туындайтын сәтсіздік сезімін, психологиялық күйзелісті тереңдете түседі;

- терроризмнің кең ауқымды сипат алып, қоғамдағы өзгерістердің жылдам қарқын алуына ықпал етуі радикализм ұғымымен байланыстырылады. Кейбір

зерттеулерде ол саяси үдерістерді сапалық тұрғыдан қайта құруға бағытталған психологиялық механизм ретінде түсіндіріледі. Мұндай жағдайда мақсатқа жету үшін шешімді әрі ымырасыз әрекеттерді қолдану, сондай-ақ шектен тыс тәсілдерге жүгіну тән болып табылады. Радикализмнің қалыптасуына қолайлы әлеуметтік-психологиялық негіз ретінде қоғамдағы жалпы сенімсіздік пен тұрақсыздық жағдайы қарастырылады;

- терроризм психологиялық тұрғыдан экстремизм мен жанкештілік арқылы көрініс табады. Идеологиялық тұрғыдан алғанда экстремизм кез келген өзгеше пікірді жоққа шығарып, қарсыластарына өз көзқарастарын іс жүзінде кез келген жолмен таңуға ұмтылады. Жанкештілерге жоғары эмоционалдық, сондай-ақ кез келген ақпаратқа сыни көзқарастың болмауы тән. Жанкешті үнемі өзінің дүниетанымының негізін құрайтын аса құнды идеялардың ықпалында болады. Өз мақсатына жету үшін ол іс жүзінде кез келген әрекетке, тіпті өзін құрбан етуге дайын [88].

Батыс зерттеушілері терроризмнің уәждемелік түрлерінің бірқатарын әзірлеп, оның екі негізгі түрін бөліп көрсетеді: тұлғалық және саяси-идеологиялық уәждемелер. Терроризмге жүгінудің тұлғалық уәждемелері өз кезегінде үш түрге бөлінеді: эмоциялық, невротикалық-психопатологиялық және пайдакүнемдік (террористік қызметті қаржыландыратын мемлекеттер, ұйымдар немесе жеке тұлғалар мұндай әрекеттер үшін көбіне жоғары сыйақы төлейтіні де белгілі).

Көптеген зерттеушілер терроризмге жүгінудің маңызды себептерінің бірі ретінде «топқа тиесілі болу» қажеттілігін атап көрсетеді. Бұл қажеттілік рухани, құндылықтық және мінез-құлықтық стереотиптердің қалыптасуына ықпал ететін қуатты механизмге айналады. Д. Посттың пікірінше, өзін-өзі құрметтеу деңгейі төмен және тұлғалық дамуы жеткіліксіз адамдар үшін топпен бірігу аса маңызды. Мұндай жағдайда топтың этносы олар үшін нормативтік стандарттар мен құндылықтар жүйесіне айналады. «Салыстырмалы әлеуметтік зерттеулер террористтерге әлемнің әртүрлі елдерінде топқа тиесілі болуға деген күшті қажеттілік ортақ сипат екенін көрсетеді». Идеологиялық себептер әлеуметтік-саяси, ұлттық-сепаратистік және діни сипатта болуы мүмкін. Ұлттық-сепаратистік терроризмнің себебінің негізі көбінесе әлеуметтік-саяси терроризмге қарағанда әлдеқайда берік болады, өйткені ол туыстық байланыстармен және отбасылық дәстүрлермен сабақтасып, ұрпақтан-ұрпаққа беріледі әрі ерте жастан қалыптасады. Ұлттық негіздер діни сеніммен ұштасқан жағдайда уәждемелік негіз одан әрі күшейе түседі, бұл өз кезегінде ерекше жанкештіліктің қалыптасуына алып келуі мүмкін [89].

Террорист тұлғасын зерттеу – аса күрделі мәселе. Террористер зерттеушілер үшін іс жүзінде қолжетімсіз. Олар өз көзқарастарын насихаттау мақсатында журналистермен кездесуге дайын болғанымен, ғалымдармен және заңгерлермен байланыс орнатуға құлық танытпайды.

Шетелдік және отандық ғалымдар «террористің бейнесін» анықтауға бірнеше рет талпыныс жасағанымен, бұл әрекеттер айтарлықтай нәтиже берген жоқ. Террористік топтарға қосылатын адамдар әртүрлі мәдени ортадан шыққан, этникалық тегі әрқилы, әртүрлі діндерді ұстанатын және түрлі идеологиялық

көзқарастарды ұстанатын тұлғалар болып табылады. Террорист тұлғасын зерттеуге бағытталған алғашқы ғылыми зерттеу шетелдік ғалымдар Ч.А.Рассел мен Б. Миллер тарапынан жүргізілген[90].

Олар Аргентина, Бразилия, Германия, Ирак, Иран, Ирландия, Италия, Жапония, Палестина, Испания, Түркия және Уругвай елдерінде әрекет еткен террористік топтардың 350 көшбасшысының жеке тұлғалық сипаттамаларын талдады. Аталған тұлғалар 1966–1976 жылдар аралығында, яғни қазіргі терроризм дәуірінің алғашқы онжылдығында белсенді қызмет атқарған. Зерттеу нәтижесінде авторлар келесідей қорытындыларды бөліп көрсетті (4-кесте):

4-кесте – Террористердің сипаттамасы

Индикаторлар	Жасы	Жынысы	Білімі	Әлеуметтік топ сипаттамасы	Дағдылары	Отбасылық жағдайы
1	2	3	4	5	6	7
Негізгі көрсеткіштер	22–25 жас	Ер адам	Жоғары	Дәрігерлер, банкирлер, адвокаттар, инженерлер, журналистер университет профессорлары	Қазіргі заманғы қару-жарақты жақсы меңгеруі, әртүрлі көлік түрлерін басқару қабілеті, байланыс құралдарын пайдалану дағдылары	Террористердің 80%-ы үйленбеген
Қосымша көрсеткіштер	Айтарлықтай мәдениет аралық айырмашылықтар бар	Террорист әйелдердің саны аз	Білімі төмен немесе сауатсыз адамдардың үлесі аз	Студенттер	Дені сау, сыртқы келбеті мен мінез-құлқы көзге түсе бермейді, сондықтан көпшілік арасына оңай сіңісіп кетеді. Олар қатаң іріктеуден және арнайы дайындықтан өтеді, киім-кешегін өзгертіп, бейнесін жасыра алады, кей жағдайларда пластикалық хирургиялық операцияға да жүгінеді	Тек 20%-ы некеде болған

Ескертпе: *Кесте «Білім беру саласында және жастар ортасында терроризм идеологиясына қарсы іс-қимыл» тақырыбында 2019 жылғы 23–24 қыркүйекте Мәскеу қаласында өткен Бүкілресейлік форум материалдары негізінде құрастырылған. Кестедегі сипаттамалар аталған материалдарда ұсынылған мәліметтерді көрсетеді және террористік әрекеттерге қатысатын барлық тұлғаларға тән әмбебап белгілер ретінде қарастырылмайды.*

Радикалдану үдерісін түсіндіруде тұлғаның әлеуметтік ортасы, психологиялық жағдайы және өмірлік тәжірибесі ескерілуі мүмкін. Алайда жекелеген әлеуметтік немесе психологиялық сипаттамаларды радикалданудың дербес әрі сенімді көрсеткіштері ретінде қарастыру ғылыми тұрғыдан негізсіз. Сондықтан мұндай факторларды бағалау кезінде олардың өзара байланысын, әлеуметтік контекстін және эмпирикалық дәлелдену деңгейін ескеру қажет.

Жастық шақ тұлғалық сәйкестілік пен әлеуметтік байланыстар белсенді қалыптасатын маңызды даму кезеңдерінің бірі болып табылады. Бұл кезеңде жастардың өзін-өзі танытуға, дербестікке және әлеуметтік ортада мойындалуға деген ұмтылысы күшейеді. Алайда әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі, тұлғалық дағдарыстар және қолайсыз әлеуметтік жағдайлар кейбір жастардың манипуляциялық ықпалдарға сезімталдығын арттыруы мүмкін. Сондықтан радикалдану тәуекелдерін бағалау кезінде жас ерекшелігін жеке фактор ретінде емес, әлеуметтік және психологиялық жағдайлармен өзара байланыста қарастыру қажет.

Дағдарыстық жағдайларда өз мінез-құлқының тиімділігін көрсету жеткілікті, сонда ол жас адам үшін үлгі тұтар тұлғаға айналуы мүмкін. Жастық шақта қабылданбайтын мінез-құлық үлгілерін теріске шығару арқылы «Мен» бейнесін қалыптастыруға деген мотивация ерекше күшті болады. Өзін-өзі анықтау және өзін-өзі таныту үдерісі көбіне жеке тұлғаның өз болмысын сыртқы ортада байқалатын тағдырлар мен өмір сүру үлгілерінен айқын ажыратуы арқылы жүзеге асады. Осы тұрғыдан алғанда террористтер мен деструктивті діни ағым мүшелеріне ортақ сипат – өзіндік сәйкестілік мәселелерімен байланысты ұқсас адамдар тобының құрамына енуге деген айқын қажеттілік болып табылады.

Тұлғаның радикалды немесе деструктивті топқа қосылуы бір сәтте жүзеге аспайды. Бұл үдеріске әлеуметтік бейімделудегі қиындықтар, тұлғалық дағдарыстар және қолдау мен топқа тиесілі болуға деген қажеттілік ықпал етуі мүмкін. Сондықтан жастардың радикалды топтарға тартылуының алдын алуда олардың әлеуметтік байланыстарын нығайтуға, психологиялық қолдау көрсетуге және жағымды тұлғалық сәйкестілігін дамытуға назар аудару маңызды.

Радикалды немесе деструктивті топпен қалыптасқан сәйкестілік тұлғаның топтан шығуын психологиялық тұрғыдан қиындатуы мүмкін. Топқа тиесілі болу сезімі адамның өзіндік бағалауын қолдап, психологиялық қорғаныс қызметін атқаруы ықтимал. Мұндай жағдайда топқа бағытталған сын жеке тұлғаға төнген қауіп ретінде қабылданып, топ ішіндегі бірліктің күшеюіне ықпал етуі мүмкін.

Экстремистік қауымдастыққа тартылудың алғашқы кезеңдерінің бірі ретінде белгілі бір сынақтардан өткізу қолданылуы мүмкін. Мысалы, жалған психологиялық тест немесе әңгімелесу жүргізіледі, оның нәтижелері әдетте жәбірленуші үшін теріс сипатта көрсетіледі. Оған жүргізілген сынақтардан кейін анықталған «жағымсыз жағдайды» тек арнайы семинарларға қатысу, «тазарту» рәсімдерінен өту және осыған ұқсас әрекеттер арқылы ғана түзетуге болатыны сендіріледі.

Сондай-ақ бұл жерде американдық әлеуметтік психологияда сипатталған «шағын жеңілдіктер принципі» немесе «есіктегі аяқ принципі» қолданылады.

Бұл тәсілде жәбірленушіні біртіндеп шағын әрекеттер жасауға көндіру арқылы қажетті мінез-құлыққа жетелейді. Яғни, адамнан талап етілетін әрекетке бірден емес, біртіндеп, шағын қадамдар арқылы қол жеткізіледі. Кішігірім жеңілдіктің өзі кейінгі жеңілдіктер тізбегін туындатады деп есептеледі.

«Игілік үшін қауіп-қатер» деп экстремистік топ құрылымындағы психологиялық қатынастардың тағы бір сипатын атауға болады. Бұл тәсіл топқа адамдарды тартумен айналысатын тұлғаларға да, қатардағы мүшелерге де қолданылады. Топ мүшелерінің санасына ұйым мүддесін жүзеге асыру жолында жалпыадамзаттық және құқықтық нормаларды бұзуға болады деген түсінік енгізіледі. Экстремистік діни топтардың құрылымында авторитарлық қатынастар орнығып, топ мүддесі үшін ұйым ішінде де, сыртында да басқа адамдарға ықпал етуге немесе қысым көрсетуге болады деген сенім қалыптастырылады. Мұндай жағдайда бұл әрекеттерді орындау кезінде психологиялық алаңдаушылық сезімі туындамауы тиіс деген түсінік орнығады.

Оқытылып жатқан адамдарда да, жаңа мүшелерді тартумен айналысатындарда да туындауы мүмкін психологиялық немесе моральдық күйзелістер «игілік жолындағы азап» деген қағида арқылы бейтараптандырылады. Экстремистік діни топ мүшесі тиісті нұсқау берілген жағдайда ұйымның күш қолдануға байланысты тапсырмаларын орындауға дайын болуы тиіс. Қажет болған жағдайда топ мүшелері өздерінің діни ілімі қағидаттарына негізделген белгілі бір ғаламдық тәртіп орнату идеясы жолында террористік әрекеттер жасауға да дайын болуы керек.

Сүйемелдеу және бақылау. Экстремистік ұйымның әрбір мүшесін тікелей де, сондай-ақ ішкі бақылау арқылы да тұрақты қадағалауда болады. Мұндай ішкі бақылау көбіне ұйым қағидаларын бұзып қоюы мүмкін деген кінә сезіміне негізделеді.

Қателіктер жүйесін қалыптастыру. Ұйымдағы оқу және қызмет ету үдерісі адамның үнемі түрлі қателіктер жіберу жағдайында болатындай етіп ұйымдастырылады. Нәтижесінде, біріншіден, ұйымның уәде еткенін орындамағаны туралы туындауы мүмкін сұрақтар өздігінен жойылады, екіншіден, адамның ұйымға тәуелді мінез-құлқы одан әрі қалыптасады.

Сенімдердің келесі құрылымы қалыптастырылады: егер тазарту бағдарламаларынан өткеннен кейін адам табысқа жетпесе немесе бақытты бола алмаса, оған өзі ғана кінәлі деп түсіндіріледі. Демек қандай да бір кезеңде ол қателік жіберген немесе жетекшінің нұсқауларын толық әрі дұрыс орындамаған деп есептеледі.

Жасалатын негізгі қорытынды мынандай: адамдарды діни экстремистік топтарда ұстап тұратын маңызды психологиялық тәсілдердің бірі – кінә сезіміне негізделген тәуелді қатынастар жүйесін қалыптастыру, оқу үдерісінде қателіктер жіберу жағдайларын әдейі туындату, сондай-ақ үздіксіз өтуді талап ететін оқу деңгейлерін енгізу. Осының нәтижесінде адам тәуелділікке негізделген, психологиялық тұрғыдан қысым жасайтын қатынастар жүйесіне біртіндеп тартылады.

Мұндай жағдайда тұлға психологиялық тұрғыдан қысымға ұшырайды. Сонымен қатар экстремистік топ мүшелерінің «Мен» тұжырымдамасының

құрылымына жаңа сәйкестілік енгізіледі, бұл өз кезегінде оларды саяси экстремистік қауымдастықтармен жақындастырады және бұрынғы сәйкестіліктердің ығыстырылуына алып келеді. Бұл сәйкестілік, әдетте белгілі бір діни ілімнің догмаларына негізделген ғаламдық тәртіп құру идеясына сүйенеді.

«Терроризмге қарсы сана» ұғымының мәнін анықтау мақсатында біз «сана» түсінігін ашып көрсететін философиялық ілімдерді талдадық. Бұл ұғымды түсіну логикасын айқындау үшін оны ықшам кесте түрінде ұсындық (5-кесте).

Сана ұғымын түсіндірудегі философиялық негіздерге жүргізілген талдау мынандай қорытындылар жасауға мүмкіндік береді: белсенділік пен бағыттылық сананың негізгі сипаттамалары болып табылады; сана рефлексивтік және уәждемелік-құндылықтық сипатқа ие; санада адамның белгілі бір өмірлік тәжірибесі көрініс табады. Осыған сүйене отырып, біз әлеуметтік-педагогикалық жұмыс барысында дамытуға тиісті терроризмге қарсы сананың келесі компоненттерін айқындаймыз: терроризмнің мәні мен салдарын білу, зорлық-зомбылықсыздық нормаларын игеру уәждері, әртүрлі әсерлерді талдау және бағалау, құқықтық және азаматтық белсенділікке дайындық.

5-кесте – «Сана» ұғымын философиялық ұғымдау

Сананы қарастырудағы философиялық бағыттар мен теориялар	Тезистер
1	2
Дуализм (Декарт, Платон, Д. Чалмерс)	Сана мен физикалық объектілер екі тәуелсіз субстанция ретінде қарастырылады, алайда олар өзара толықтырып отырады.
Логикалық бихевиоризм (Гемпель, Райл)	Психикалық күй мінез-құлықтық күймен теңестіріледі.
Идеализм (Джордж Беркли)	Жан бастапқы, ал дене екінші кезеңде қарастырылады. Физикалық әлемнің объектілері олардың қабылдауынан тыс өмір сүрмейді.
Материализм (Ф. Энгельс, Д. Армстронг, Д. Дэвидсон)	Мінез-құлық – сананың ішкі физикалық себебі ретінде қарастырылады («сана әлемді тек бейнелеп қана қоймай, оны қалыптастырады»).
Функционализм (Д. Люс, Х. Патнэм, Д. Деннет)	Психикалық күйде болу – функционалдық күйде болуды білдіреді. Сана әртүрлі физикалық объектілердің, мысалы компьютерлердің ықтимал функциясы ретінде қарастырылады.
Екі аспект теориясы (Спиноза, Б. Рассел)	Менталдық және физикалық болмыс – заттардың екі негізгі шындығы болып табылады, алайда олардың түпкі негізі менталдықта, физикалықта сипатқа жатпайды.

5-кестенің жалғасы	
1	2
Феноменологиялық бағыт (Э. Гуссерль, М. Мерло-Понти)	Сананың негізгі қасиеті – оның бағыттылығы.
Пайда болу теориясы (Дж. Сирл)	Сана – физикалық объектінің қасиеті болып табылады, алайда ол физикалық күйлерге толықтай теңестірілмейді және жеке түрде зерттелуі тиіс.

Бұл компоненттер терроризмге қарсы сананың теориялық құрылымын айқындайды және оның даму деңгейін бағалаудың әдіснамалық негізін құрайды. Осыған сәйкес терроризмнің мәні мен салдарын білу компоненті когнитивтік критериймен, зорлық-зомбылықсыздық нормаларын игеру уәждері компоненті құндылықтық - уәждемелік критериймен, ал әртүрлі әсерлерді талдау және бағалау компоненті сыни-талдамалық және құқықтық және азаматтық белсенділікке дайындық компоненті іс-әрекеттік-мінез-құлықтық критерийлермен өзара байланыста қарастырылады.

Қазіргі психология ғылымында сана адамға тән жоғары деңгейдегі құбылыс ретінде қарастырылады. Ол – қоршаған әлемнің объективті, тұрақты қасиеттері мен заңдылықтарын жалпыланған түрде бейнелеудің ең жоғарғы формасы. Соның негізінде адамның санасында сыртқы әлемнің ішкі моделі қалыптасады, нәтижесінде қоршаған шынайылықты тану және оны өзгерту мүмкіндігі жүзеге асады. А.Н. Леонтьев сананы адам психикасының орталық құпияларының бірі ретінде қарастырып, оның табиғатын түсіндіру психология ғылымының маңызды теориялық мәселесі екенін атап көрсеткен [91].

Сана мәселесі, жалпы адам мәселесі сияқты, көптеген ғылымдардың зерттеу нысаны болып табылады. Ол философия, логика, нейрофизиология, антропология, социология, педагогика және басқа да ғылымдар контексінде қарастырылады. Әрбір ғылым саласы сананың белгілі бір қырын зерттеу нысаны ретінде бөліп қарастырады.

Нақты ғылыми зерттеулерде алынған сана туралы деректерді біртұтас ғылыми тұжырымдамаға біріктіру күрделі болып табылады.

Кейбір зерттеушілер сананы психикамен теңестірсе, басқалары оны психиканың болмашы ғана бөлігі ретінде қарастырады, ал үшіншілері психологиялық ғылым шеңберінде сананы мүлде зерттеу нысанынан шығарып тастайды. Осыған байланысты ғылыми әдебиеттерде сананың мынандай анықтамаларын бөліп көрсетуге болады:

- адамның психикалық күйзелістері туралы хабар беретін, өзінен-өзі айқын әрі күмәнсіз субъективті шындық (Р. Декарт);
- түсініктердің өзара әрекеттесуі (И. Гербарт);
- үздіксіз өзгеріп отыратын әсерлер ағыны (У. Джемс);
- мінез-құлық үдерістерінің сөздер арқылы шақырылуы немесе алмастырылуы мүмкін, яғни вербалданатын бөлігі (Дж. Уотсон);
- сөздердің мағыналары мен мәндерінен тоқылған өрмек (М. Вебер);
- психикалық себептілік (В. Вундт);

- қоршаған ортаны қабылдау және түсіну (В. Даль);

- адамға табиғат пен өзі туралы білім алуға мүмкіндік беретін мидың ерекше қызметі (Ж. Ламетри);

- қоршаған ортамен байланыс немесе қатынас (К. Маркс) және т.б.

Сананың кеңінен танылған тұжырымдамаларының бірі ретінде У. Джемстің «сана ағыны» идеясы аталады. James W. пікірінше [92], «жеке тұлғаның санасы ой ағынын ұғынудан тұрады, онда әрбір бөлік субъект ретінде алдыңғыларын еске сақтайды, сол бөліктер белгілі объектілерді таниды, олардың кейбіріне өзінің жеке тұлғасына тән құбылыс ретінде назар аударады және танымның қалған барлық элементтерін де сол тұлғаға телиді». Автордың пайымдауынша, сананың жетекші қызметі – сыртқы ортаға бейімделу қызметі болып табылады. Сана сыртқы жағдайға барабар жауап беру үшін реакциялар қоры (рефлекстер мен дағдылар) жеткіліксіз болған жағдайда іске қосылады. Бұл ретте сана «сыртқы стимулдарды» олардың маңыздылығына қарай іріктеп, олардың мақсатқа сәйкестігін талдайды және сыртқы ықпалдарды тұлғаның құндылықтық әрі дүниетанымдық ұстанымдары арқылы өткізе отырып, мінез-құлықты реттейді.

У. Джемс сананы үздіксіз өзгеріп отыратын психикалық үдеріс ретінде қарастырып, «сана ағыны» тұжырымдамасын ұсынды. Ғалым өзінің еңбегінде сана ағынының төрт негізгі ерекшелігін сипаттайды: біріншіден, сана әрқашан жеке тұлғаға тән; екіншіден, оның мазмұны үздіксіз өзгеріп отырады; үшіншіден, сана ағыны тұтастық пен сабақтастық сипатқа ие; төртіншіден, сана таңдамалы болып табылады, яғни адам белгілі бір ақпаратқа назар аударып, басқаларын назардан тыс қалдырады [92]. Wundt W. сананы өзара байланысқан психикалық үдерістердің жүйесі ретінде қарастырып, саналы тәжірибені эксперименттік психологияның негізгі зерттеу нысандарының бірі деп есептеді. Ғалым сананың мазмұнын, оның құрылымдық ерекшеліктерін және психикалық үдерістердің өзара байланысын зерттеуге ерекше назар аударды. Оның тұжырымдамасында апперцепция, яғни сана мазмұнын зейін арқылы іріктеу және саналы түрде ұйымдастыру үдерісі маңызды орын алады [93].

Әлеуметтік өзара әрекеттестік адамның қоғам мүшесі ретінде қалыптасуы мен дамуының айқындаушы шарты болып табылады. Ол адамның маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыруға және жеке тұлғалық мақсаттарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жеке тұлғаның көптеген қажеттіліктері (құрметке ие болу, мақұлдау, сүйіспеншілік, топқа тиесілік, қоғамдық мойындау, тәуелсіздік, психологиялық жайлылық және т.б.) басқа адамдардың көмегінсіз немесе олардың қатысуынсыз қанағаттандырылуы мүмкін емес. Адам өз қажеттіліктерін жүзеге асыруға ұмтыла отырып, басқа адамдарға ықпал етуге әрекет жасайды. Өзара әрекеттесу барысында адамдардың бір-біріне тұрақты түрде ықпалы жүзеге асады, сондықтан адам бір мезгілде ықпал етудің бастамашысы да, оның нысаны да бола алады. Тәжірибе көрсеткендей, көп жағдайда ықпал ету белгілі бір пайда табу ниетімен басталады және жеке (жекелеген) немесе ұжымдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталады. Алайда шынайы мақсаттар (жеке пайда мен қажеттіліктерге байланысты) кейде

бастамашының өзі үшін толық айқын болмауы мүмкін немесе олар әдейі жасырын түрде сақталады.

Психологиялық ғылымда басқа адамның психикалық күйіне, ойлау тәсіліне және мінез-құлқына әсер етуге әрі оларды өзгертуге қолданылуы мүмкін ықпал етудің сан алуан түрлері сипатталған.

Әсер ету әдістері өзара әрекеттесу әдістеріне (диалогтық және серіктестік) қарсы қойылады. Жағдайды басқаруға, араласуға және жетекшілік етуге бағытталған психологиялық ықпал ету түрлері ерекше қызығушылық тудырады. Ықпал етудің кез келген актісі оның қаншалықты саналы немесе әдейі жүзеге асырылуына қарамастан, адамның өзінің бар екенін және сол болмысының маңыздылығын бекітуге бағытталған саналы немесе бейсаналы ұмтылысын білдіреді.

Ғылыми әдебиеттерде сипатталған психологиялық ықпал етудің барлық түрлерін мынандай негізгі позицияларға топтастыруға болады: сендіру, өзін-өзі ілгерілету, иландыру, эмоциялық берілу, еліктеуге деген импульсті ояту, жағымды көзқарас қалыптастыру, өтініш жасау, мәжбүрлеу, деструктивті сын және манипуляция [94].

Терроризмге қарсы сана – саяси сананың бір түрі (немесе оның құрамдас бөлігі) болып табылады. Ол террористердің әрекеті бағытталған саясат субъектілерінде де, сондай-ақ жалпы ел халқы мен басқа мемлекеттердің халықтары арасында да қалыптасады.

Терроризмге қарсы сана деп халықтың басым көпшілігінің санасында терроризмнің қоғамдық қауіпті құбылыс ретінде бейнеленуін және терроризм қатеріне қарсы іс-қимыл жасауға, жеке тұлғаны, қоғамды, мемлекеттік егемендікті және әлемдік тәртіпті терроризмнен сақтау мен қорғауға бағытталған шараларға оң көзқарастың қалыптасуын түсінеді.

Терроризмге қарсы сананы қалыптастыру бірнеше кезеңнен тұруы мүмкін:

- жекелеген мемлекеттердегі қоғам және бүкіл әлемдік қауымдастық террористік қызметпен айналысатын мемлекеттер мен ұйымдардың бар екенін, сондай-ақ террористік актілердің құрбаны болу қаупін түсіне бастайды;
- әлем халқының барлығы немесе оның басым бөлігі халықаралық терроризмді қоғамдық қауіпті құбылыс ретінде қабылдайды;
- әлемдік қауымдастық халықаралық терроризмнің ұзақ мерзімді әрі күрделі қауіп екенін түсінеді;
- әлем халқының басым бөлігі терроризмге және оның идеологиясына қарсы күресте, сондай-ақ, оның себептерін жоюда мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың және бүкіл әлемдік қауымдастықтың белсенді ұстанымы қажет екенін ұғынады;
- мемлекеттік билік органдары мен ұлтүстілік құрылымдардың басында тұрған тұлғаларда халықаралық терроризмге қарсы саясатты жүргізуге деген қажеттілік пен саяси ерік қалыптасады.

Терроризмнің бар екендігі мен оның қауіптілігі туралы қалыптасқан түсінік, сондай-ақ осы қауіпке қарсы әрекет етуге деген қажеттілік пен ерік терроризмге қарсы тиімді әрі ұзақ мерзімді саясатты жүргізудің негізін құрайды. Терроризмге қарсы сана әлеуметтік-саяси мәселелерді шешуге және халықтың өмір сүру

жағдайларға бейімделуіндегі жеке және әлеуметтік ресурстардың рөліне ерекше назар аударады. Осы бағыттағы маңызды теориялық тұжырымдамалардың бірі - 1989 жылы Hobfoll S. E. ұсынған ресурстарды сақтау теориясы [159]. Аталған теорияға сәйкес, адамдар өздері үшін құнды ресурстарды иеленуге, сақтауға, қорғауға және толықтыруға ұмтылады. Мұндай ресурстарға материалдық мүмкіндіктер, жеке тұлғалық қасиеттер, әлеуметтік қолдау және мақсатқа жетуге қажетті жағдайлар жатады. Ресурстардың жоғалуы, олардың жоғалу қаупі немесе жұмсалған күш-жігерге қарамастан ресурстардың жеткілікті түрде толықтырылмауы психологиялық күйзелістің туындауына ықпал етуі мүмкін. Hobfoll S. E., Johnson R. J., Ennis N., Jackson A. P. [161] зерттеуі ресурстардың жоғалуы мен толықтырылуы адамның эмоционалдық жағдайымен байланысты екенін көрсетеді. Бұл теория студент жастардың психологиялық тұрақтылығын, әлеуметтік қолдау қажеттілігін және күрделі ақпараттық жағдайларға бейімделу мүмкіндіктерін түсіндіру үшін теориялық негіз бола алады.

Орталық тұлғалық ресурстардың бірі ерікті мінез-құлықтың қозғаушы күші ретінде мотивтер болып табылады. Олар басымдықтарды белгілеуге және ресурстарды бөлуге көмектеседі. Мінез-құлықтың бастапқы өзгеруі көбінесе белгісіз ұзақ мерзімді нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылумен уәжделеді. Мысалы, студенттің манипуляциялық ықпалдарға қарсы тұру дағдыларын дамытуға бағытталған әрекеттері болашақта өзінің психологиялық дербестігін сақтауға және саналы шешім қабылдауға ұмтылысымен байланысты болуы мүмкін. Қолдаудың мотивтері көбінесе адамдарды бастапқыда өзгерістерді енгізуге итермелейтін мотивтерден ерекшеленеді. Егер ол өзгерістер тәжірибесінде емес, жаңа мінез-құлықты енгізуден ұдайы қанағаттануды қамтамасыз етсе, дәлелдер қолдауды жеңілдетеді деп болжанады. Мысалы, мінез-құлықтың рахатына, мінез-құлық нәтижелеріне қанағаттануға, өзін-өзі айқындауға немесе егер адамдар өздерінің ұқсастықтарымен, сенімдерімен және құндылықтарымен жаңадан қабылданған мінез-құлық конгруэнттігін сезінсе, егер нығайту құрылымы ұзақ мерзімді және ұтымды нәтижелерді емес, дереу және аффективті нәтижелерді баса көрсетсе, мінез-құлық тұрақты болуы мүмкін. Денсаулыққа келеңсіз салдарларды болдырмау уәждемесі күш салуды талап ететін профилактикалық мінез-құлықты қолдау үшін жеткіліксіз деп болжанады. Сондықтан қолдау үшін жағымды себептер (сақтық шараларын қабылдау процесінің моделі) қажет. Мінез-құлықтың жаңа үлгілерін бастапқы қабылдағаннан кейін адамдар өз күш-жігерінің нәтижелерін когнитивтік және эмоционалдық тұрғыдан бағалау үшін қолданады. Егер нақты нәтижелер қажетті нәтижелерді көрсетсе, бастапқы уәждеме күшейеді және адамдар өзін-өзі оң бағалайды және өз күштерін қолдайды.

Мінез-құлықтың өзгеруінде ішкі және сыртқы уәждеме маңызды рөл атқарады. Ryan R. M. мен Deci E. L. [162] өзін-өзі айқындау теориясына сәйкес, ішкі уәждеме адамның белгілі бір әрекетті қызығушылық пен сол әрекеттен алатын қанағаттану негізінде орындауын білдіреді. Ал сыртқы уәждеме әрекетті белгілі бір нәтижеге қол жеткізу немесе сыртқы талаптарды орындау мақсатында жүзеге асырумен байланысты. Дегенмен сыртқы уәждеме әрдайым сыртқы қысымға тәуелді бола бермейді: адам әлеуметтік талаптар мен құндылықтарды

саналы түрде қабылдап, оларды өзінің жеке мақсаттарымен ұштастыра алады. Сондықтан мінез-құлықтың тұрақтылығы уәждеменің ішкі немесе сыртқы болуына ғана емес, адамның әрекетті қаншалықты ерікті түрде қабылдауына және оның жеке құндылықтарымен сәйкестігіне де байланысты. Уәждеме тұлғалық сәйкестікпен өзара байланысты. Тұлғаның өзіндік тұжырымдамасы мен құндылықтық бағдарлары оның мінез-құлқын реттеуде маңызды рөл атқарады. Адамның өзі туралы түсініктері мен ұстанымдары белгілі бір мінез-құлық үлгілерін қабылдауына және сақтауына ықпал етуі мүмкін. Мінез-құлықты жүзеге асыру нәтижесінде тұлғаның өзіндік сәйкестігі, сондай-ақ ішкі сенімдері мен құндылықтары өзгеріске ұшырауы мүмкін. Өмірлік оқиғалар нәтижесінде қалыптасқан мінез-құлықтағы өзгерістер, егер тұлға бұрынғы мінез-құлықтың құндылығын жоққа шығарса, оны жүзеге асыру мүмкіндігі шектелсе немесе оны дағдарыстың негізгі себебі деп бағаласа, ұзақ мерзімді сипатқа ие болуға бейім. Бұл үдерісте алдымен адамның сенімдері қайта қалыптасып, соның негізінде тұлғалық сәйкестік жаңғырады, нәтижесінде мінез-құлықтағы өзгерістердің тұрақтылығы қамтамасыз етіледі. Ішкі қабылдау құндылықтар мен көзқарастарды игеру және оларды тұлғаның ішкі жүйесіне енгізу процесін білдіреді. Тұлғалық қажеттіліктер (өзіндік сәйкестік, өзін-өзі айқындау, қауіпсіздік және әлеуметтік қолдау) мен мінез-құлықты реттеуге байланысты қажеттіліктер (дербес таңдау жасау, жағдайды бағалау және қиындықтарды еңсеру қабілеті) өзара ықпалдасып, терроризм мен манипуляциялық ықпалдарға қарсы тұруға бағытталған мінез-құлық үлгілерін ішкі қабылдауға және саналы түрде реттеуге негіз бола алады. Бұл өз кезегінде мінез-құлық өзгерістерінің тұрақтылығына әкеледі. Сонымен қатар тұлға өз мінез-құлқын өзіндік бағалауымен сәйкестендіре отырып реттейді.

Келесі маңызды ресурстардың бірі – өзін-өзі реттеу, ол адамның басым әрі ырықсыз әрекеттерін, импульстерін, эмоциялары мен қалауларын саналы түрде тежеу және оларды мақсатқа бағытталған әрекеттермен алмастыру арқылы мінез-құлқын белсенді басқаруға бағытталған үдеріс ретінде қарастырылады.

Өзін-өзі реттеу мәселесі психологияда теориялық тұрғыдан да, эмпирикалық зерттеулер аясында да аса маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Өзгермелі қоршаған орта жағдайында адамның өз мінез-құлқын реттеу проблемасы әрбір тұлғаның өмірінде ерекше мәнге ие. Осы мәселенің өзектілігіне байланысты соңғы жылдары психология ғылымында ерік күші, эмоциялар және эмоциялық реттеу мәселелерін зерттеу қарқынды түрде дамып келеді.

Шетелдік зерттеулерде өзін-өзі реттеу ұғымы негізінен «тұлға» және «тұлғаның өзін-өзі реттеуі» түсініктері арқылы қарастырылады. Тұлғаның өзін-өзі реттеу мәселелері Bandura A., Rogers C. R. еңбектерінде зерттелген. Тұлғалық дамудың үдерісін сипаттау үшін Rogers C. R. «Мен тұжырымдамасын» гуманистік психология аясында қарастырды [163]. Ол адамның өмірге және өзіне қанағаттану деңгейі «нақты Мен» және «идеал Мен» туралы түсініктердің өзара сәйкестігіне байланысты екенін атап көрсетеді. Негізінен ол бейімделу механизмін өзіндік сананы жүзеге асырудың маңызды шарты ретінде түсіндіреді. Bandura A. өзара өзін-өзі реттеуге ықпал ететін факторларды екі топқа бөліп

қарастырады [164]: сыртқы және ішкі. Өзін-өзі реттеудің сыртқы факторы ретінде ол тұлғаның өз мінез-құлқын бағалауға мүмкіндік беретін белгілі бір стандарттарды айқындайды. «Мен» жүйесінің тұжырымдамасы аясында А. Бандура өзін-өзі реттеудің ішкі, яғни даралық құрамдас бөліктерін неғұрлым жан-жақты талдай отырып, оның үш негізгі шартын белгілейді: өзін-өзі бақылау (self–control), пайымдау немесе бағалау (judgment) және өзіне қатысты оң реакция (positive reaction).

Көптеген зерттеушілер «ерікті реттеу» және «өзін-өзі реттеу» ұғымдарын өзара тығыз байланыстырып, бұл мәселені еріктік дамудың контексінде қарастырады. И.М. Сеченов мінез – құлықты реттеуді еріктің негізгі сипаттамасы ретінде атап өткен [165]. Өзін-өзі реттеу мәселесін зерттеу И.П. Павловтың психофизиологиялық еңбектерінен бастау алады [166]. Жалпы алғанда кез келген тірі ағза сыртқы орта әсерлеріне жеткілікті деңгейде бейімделген. Өзін-өзі реттеу механизмдерінің көмегімен ағза қалыпты күйден ауытқуды сезінген жағдайда белгілі бір реакция танытып, тепе – теңдікті қалпына келтіруге ұмтылады. Өзін-өзі реттеу құрылымында бірнеше негізгі деңгейлер бөлініп қарастырылады: ақпараттық және энергетикалық; эмоциялық және еріктік; мотивациялық; тұлғалық. Ақпараттық деңгей мен өзін-өзі реттейтін энергиямен қамтамасыз ету жүйесінің басты қызметі – психикалық үдерістердің тиімді жүзеге асуы үшін физиологиялық жүйелердің энергетикалық ресурстарын жұмылдыру. Энергетикалық тепе-теңдік сақталмаған жағдайда адамның психофизиологиялық қызметі толыққанды жүзеге аспайды. Артық энергия жағдайында шамадан тыс психикалық белсенділік импульсивті әрекеттерге, шаршауға және қажуға әкеледі. Ал энергияның жеткіліксіздігі, керісінше, енжарлыққа, әлсіздікке және депрессияға бейімділікті арттырады.

Эмоциялық деңгейдің негізгі функциясы – ерік күшінің қалыптасуын қамтамасыз ету. Бұл деңгейде тұлғаның сыртқы әсерлерге қатысты тұтас эмоциялық реакциясы айқындалады. Аталған деңгейде көрініс табатын қасиеттер мен қабілеттер ерікті реттеу үдерістерінің қатысуымен қалыптасады. Эмоциялық деңгейдің мазмұны күрделі өмірлік жағдайларда тұлғаның дербестігін, оның әрекеттері мен мінез-құлқының, сондай-ақ эмоциялық күйлерінің салыстырмалы тәуелсіздігін қамтамасыз етумен сипатталады.

Мотивациялық деңгей адамның барлық әрекеттері белгілі бір ішкі қозғаушы күшке негізделеді деген қағидамен сипатталады. Яғни кез келген іс-әрекет ішкі уәждер мен ынталандыру тетіктерімен айқындалады, сондықтан өзін-өзі реттеу үдерісі ең алдымен мотивацияны реттеуден бастау алады. Тұлғалық өзін-өзі реттеу деңгейі адамның сыртқы жағдайларды өзгертуден гөрі, өзін, өз қатынасын және құндылықтық бағдарларын өзгерту қажеттігін ұғынуымен байланысты іске қосылады. Аталған деңгейде адамның мінез-құлқын, өзін-өзі реттеудің белгілі бір стилін анықтайтын тұлғалық қасиеттер жүйесі қарастырылады.

Осылайша эмоциялық бейімделу мен ерік күші тұжырымдамасы жағдайды жан-жақты бағалауға және оңтайлы әрекеттік әрі мінез-құлықтық стратегияларды таңдаудың негізгі қырларын талдауға мүмкіндік береді. Осыған байланысты еріктік мінез-құлықты және әртүрлі үдерістерді (психологиялық және физиологиялық) ерікті реттеу мәселелерін зерттеу кеңестік психологияның

қалыптасуының бастапқы кезеңдерінен басталып, бірнеше ғылыми бағытта жүзеге асырылды.

XX ғасырдың 20 жылдарында Л.С. Выготскийдің ғылыми мектебі адам іс-әрекеті мен әртүрлі психикалық үдерістерді ерікті реттеу мәселелерін жүйелі түрде зерттей бастады. Бұл бағытта ерік тұлғаның өз мінез-құлқын және психикалық үдерістерін саналы түрде басқаруын қамтамасыз ететін механизм ретінде түсіндіріледі. Эмоцияларды ерікті реттеуге қатысу психикалық функцияларды меңгеруге жұмсалған күш-жігер деңгейін және тұлғаның таңдаған реакциясын ескере отырып айқындалады, бұл үдерістердің маңызды ішкі құрамдас бөлігі болып табылады. Ерікті және эмоциялық реттеуді бір-бірінен оқшауламай, оларды өзара байланыста және бірлікте қарастыру қажеттілігі туындайды. Сонымен қатар эмоциялардың өзін-өзі реттеу үдерісі әртүрлі ғылыми көзқарастар тұрғысынан әрқалай анықталады. Белсенділік тәсілі шеңберінде эмоциялық даму жалпы психикалық дамудың ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

Cicchetti D. және оның әріптестері адамның бейімделу үдерісіндегі реттеудің маңызын айқындай отырып, эмоциялық реттеуді «эмоциялық қозуды қайта бағыттау, бақылау және өзгерту арқылы тұлғаның эмоциялық жағдайларға бейімделуін қамтамасыз ететін ішкі және сыртқы факторлар жүйесі» ретінде сипаттайды. Зерттеушілердің пікірінше, эмоцияларды реттеу ішкі қозудың «бақыланатын әрі іс-әрекетті тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін оңтайлы ауқымда» сақталуында шешуші рөл атқарады [167].

Өзін-өзі реттеу адамның бұрын қалыптасқан мінез-құлық үлгілерін өзгертуі және жаңа әрекеттерді саналы түрде жүзеге асыруы үшін маңызды. Hall P. A. мен Fong G. T. уақыттық өзін-өзі реттеу теориясына сәйкес [168], мінез-құлыққа адамның ниетімен қатар әрекеттің жақын және ұзақ мерзімді салдарын бағалауы, өзін-өзі реттеу қабілеті және қалыптасқан мінез-құлықтық әдеттері ықпал етеді. Адамдар өзін-өзі реттеу мүмкіндіктері бойынша ерекшеленетіндіктен, бірдей жағдайларда олардың қабылдайтын шешімдері мен іс-әрекеттері де әртүрлі болуы мүмкін. Бұл теория студент жастардың ақпараттық ықпалға жауап беруін, асығыс шешім қабылдаудан бас тартуын және өз әрекеттерінің ықтимал салдарын бағалауын түсіндіруде қосымша теориялық негіз ретінде пайдаланылуы мүмкін. Өзін-өзі реттеу үдерісінің тиімділігі адамның қолжетімді психологиялық ресурстарына, жағдайдың күрделілігіне және мақсатқа жету үшін қажет күш-жігерге байланысты өзгеруі мүмкін. Бұл үдерісте жоспарлау, импульсивті реакцияларды тежеу және зейінді бір міндеттен екіншісіне ауыстыру сияқты атқарушы функциялар маңызды рөл атқарады. Аталған қабілеттер адамның ақпаратты саналы түрде бағалауына және қалыптасқан әрекет үлгілерін өзгертуіне көмектесуі мүмкін.

Өзін-өзі реттеу құрамына өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау және өзін-өзі нығайту сияқты ағымдағы үдерістер, сондай-ақ ұзақ мерзімді мақсаттарға қайшы келетін еліктіруші факторларға, гедонистік және импульсивті ықпалдарға қарсы тұру кіреді. Мінез-құлықтағы өзгерістерді сақтау белсенді әрі тұрақты өзін-өзі реттеудің нәтижесі ретінде қарастырылады. Өзін-өзі реттеу үдерісі иерархиялық ұйымдасқан мақсаттар жүйесіне негізделеді. Адамдар өз мінез-құлқын өз

мақсаттарымен сәйкестендіре отырып бақылап, ағымдағы және қалаулы күй арасындағы сәйкессіздікті анықтаған жағдайда өз әрекеттерін тиісті түрде түзетеді.

Ю. Селезнева, И. Абакумова, И. Куприянов [169] қазіргі әлемнің тұрақсыздығы мен күрделілігі жағдайында еріктік үдерістің психологиялық ресурстарын дамыту ерекше маңызға ие екенін көрсетеді. Мұндай жағдайда өзін-өзі реттеу зияткерлік деңгейден гөрі тұлғалық деңгейде айқынырақ көрініс табады. Зерттеушілердің пікірінше, зияткерлік бағдарлану күрделенген жағдайларда (қазіргі жаһандық сын-қатерлерге тән) шешуші рөл тұлғаның ішкі күш-жігеріне беріледі, ал бұл күш-жігер еріктік әрекеттер арқылы жүзеге асады. Экзистенциалды психология мен философияда аталған құбылыс тұрақтылық, экзистенциалдық батылдық, уақыттағы күш-жігер сияқты ұғымдар тұрғысынан түсіндіріледі.

А.Н. Леонтьев өз еңбектерінің бірінде мұндай ресурстарды «тұлғалық әлеует» деп атап, оларды «әлеммен өзара әрекеттесу барысында байланыстарды жүйелі түрде қайта құрылымдауға негізделген және сол арқылы алғаш қарағанда айқын кемшілік болып көрінетін құбылыстарды да артықшылыққа айналдыра алатын» ресурстар ретінде сипаттайды [91].

Ғылыми дереккөздерде өзін-өзі реттеу мінез-құлық реакцияларын өзгертуге бағытталған ақпаратты құру және қолдануды қамтитын белсенді басқару процестерінің кең жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Осы тұрғыда сендіруге қарсы тұру, яғни контраргументация, адамның келісуге тән автоматты бейімділігін саналы бақылау арқылы тежеуге негізделген өзін-өзі реттеу нысаны ретінде сипатталады.

Сендіруші хабарламаларға қарсы уәж келтіру қарама-қайшы ақпаратты құрастыру және қолдану сияқты белсенді бақылау үдерістерін қамтиды, бұл өзін-өзі реттеудің басқа түрлеріне тән механизмдермен ұқсас болып келеді. Өзін-өзі реттеу қабілеті шектеулі ресурс ретінде қарастырылып, оны пайдалану барысында уақытша сарқылуға ұшырайды, сондықтан өзін-өзі реттеуді талап ететін міндеттерді орындау кейіннен қарсы уәж келтіру тиімділігін төмендетуі ықтимал. Зерттеу нәтижелері өзін-өзі реттеу ресурстары қарсы бағыттағы хабарламаларға қарсы тұру процесіне қатысатынын және бұл қарсылық өзін-өзі реттеу қабілетінің төмендеуі жағдайында әлсіреуі мүмкін екенін көрсетеді [170].

Санаға ықпал етуге қарсы іс-қимылда біз тұлғалық ресурс ретінде өзін-өзі бақылауға баса назар аударамыз. Өзін-өзі бақылау мінез-құлық пен психикалық күйлерді реттеу мақсатында ақпаратты қалыптастыру және оны қолдануды қамтитын басқарудың белсенді процестерінің жиынтығы ретінде анықталады. Ғылыми әдебиеттерде өзін-өзі бақылау жиі өзін-өзі реттеумен сәйкестендіріліп қарастырылады және ол шектеулі ресурстар теориясы аясында түсіндіріледі, мұнда еріктік міндеттерді орындағаннан кейін уақытша сарқылуға бейім шектеулі ресурс («эгоның сарқылуы») ретінде сипатталады. Сонымен қатар өзін-өзі бақылау көбінесе тұлғаның тұрақты қабілеті немесе жеке қасиеті ретінде қарастырылады. Зерттеулер көрсеткендей, өзін-өзі бақылау популяциялық деңгейде жоғары тұрақтылыққа ие және тіпті ірі өмірлік оқиғалардың немесе пандемиялардың әсерінен де айтарлықтай өзгерістерге ұшырамайды. Ол

адамның ұзақ мерзімді мақсаттарын ұстануына мүмкіндік беретін «құрал» ретінде сипатталады. Осылайша дереккөздерде өзін-өзі реттеу көбінесе нақты сәттегі мінез-құлықты бейімдеудің динамикалық үдерісі ретінде қарастырылса, ал өзін-өзі бақылау осы реттеуді қамтамасыз ететін іргелі, салыстырмалы түрде тұрақты негіз (ресурс әрі қасиет) ретінде түсіндіріледі.

Deborah A. Cobb-Clark, Nancy Kong және Hannah Schildberg-Hörisch [171] өзін-өзі бақылау сипаттамаларын зерттей отырып, оның адамның басым реакциялық бейімділіктерін қайта анықтауға немесе өзгертуге және жағымсыз мінез-құлықты тоқтатуға бағытталған үдерістермен байланысты екенін атап өтеді. Осыған байланысты өзін-өзі бақылауды зерттеу зиянды әдеттерден арылу, азғыруларға қарсы тұру және өзін-өзі ұстай білуді сақтау сияқты мәселелер тұрғысынан өзекті болып табылады, бұл өзін-өзі реттеу қабілетінің көрінісі ретінде қарастырылады. Өзін-өзі бақылаудың жеткіліксіздігі көптеген әлеуметтік және жеке мәселелердің негізінде жататыны көрсетіледі. Өзін-өзі бақылау тұжырымдамасын жалпы психологиялық ресурс ретінде қарастыру мінез-құлық үлгілерін өзгерту барысында перспективалы бағыт болып табылады.

Ғылыми әдебиеттерде өзін-өзі бақылау өзін-өзі басқару мен өзін-өзі реттеу үдерісінің қажетті құрамдас бөлігі, сондай-ақ адамның санасы мен өзіндік санасының шарты ретінде қарастырылады [172; 173; 174]. Тұлғаның өзін-өзі бақылауы өмірді өзін-өзі ұйымдастыру үдерісінде өзінің өмірлік жағдайы, тұлғасы және тіршілік әрекетінің мінсіз және нақты бейнелерін үйлестіруді болжайды [173].

Психологиялық ғылымда өзін-өзі бақылау субъектінің мақсатты бағдарларына және әлеуметтік тұрғыдан қабылданған нормаларға сәйкес өзінің психикалық белсенділігін, мінез-құлық реакцияларын және эмоциялық көріністерін саналы әрі мақсатты түрде басқаруға қабілетті интегративті қасиеті ретінде анықталады. Бұл құбылыс когнитивті, аффективті және мотивациялық-ерікті компоненттердің өзара байланысымен сипатталады, олар кері байланыс механизмі негізінде қызмет атқарады. Өзін-өзі бақылаудың негізгі функциясы жеке тұлғаның ағымдағы күйін алдын ала белгіленген нәтижелік стандартпен салыстыру және пайда болған сәйкессіздіктерді түзету арқылы өзін-өзі реттеу үдерісін қамтамасыз ету болып табылады. Өзін-өзі басқару жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде ол ситуациялық ынталандыру мен ұзақ мерзімді өмірлік мақсаттар арасындағы қайшылықтар жағдайында мақсатқа бағытталған әрі бейімделгіш мінез-құлық стратегиясының қалыптасуына ықпал етеді [175].

Ақпаратты өңдеудің екі түбегейлі түрлі режимі бар екені болжанады: біріншісі – қасақана, саналы, логикаға негізделген және талдамалық сипаттағы күшейтілген өңдеу; екіншісі – автоматты, алдын ала санадан тыс деңгейде жүзеге асатын, эвристикалық, жеңіл және «қолайлы» сезімге сүйенетін өңдеу [176]. Осы екі ақпаратты өңдеу режимін ажыратын маңызды теориялық модельдердің бірі – өзін-өзі бақылау ықтималдылығы моделі болып табылады.

Зерттеу нәтижелері адамдардың өзін-өзі бақылау қабілетіндегі айырмашылықтар олардың өмірлік нәтижелерін айтарлықтай дәрежеде болжайтынын көрсетеді. Өзін-өзі бақылауы жоғары деңгейдегі адамдар салауатты өмір салтын ұстанады және өзін-өзі бақылау көрсеткіштері төмен

тұлғалармен салыстырғанда физикалық және психикалық денсаулықтың анағұрлым жоғары деңгейіне ие болады. Өзін-өзі бақылау тұлғаның ұзақ мерзімді мақсаттарға бағдарлануына, импульсивті әрекеттерді тежеуіне және күнделікті мінез-құлқын саналы түрде реттеуіне ықпал етуі мүмкін. Дегенмен өзін-өзі бақылау деңгейі мен адамның психологиялық, әлеуметтік немесе экономикалық әл-ауқаты арасындағы байланыстарды түсіндіруде жеке тұлғалық ерекшеліктерді, әлеуметтік ортаны және басқа да ықпал етуші факторларды ескеру қажет. Өзін-өзі бақылау еңбек нарығындағы табысқа негізінен білім деңгейін арттыру арқылы әсер етеді, алайда білім деңгейі статистикалық түрде ескерілген жағдайда, өзін-өзі бақылау мен еңбек нарығындағы көптеген нәтижелер арасындағы байланыс әлсірейді.

Екі факторлы өзін-өзі бақылау моделінің мазмұнына ерекше тоқталу қажет, ол өзін-өзі бақылауды бір өлшемді құрылым ретінде қарастыратын дәстүрлі түсінікті кеңейтетін екі негізгі тәсілден тұрады:

- Maloney P. W., Grawitch M. J., Barber L. K. (2012) моделі екі факторды бөліп көрсетеді: тежелу (restraint) және импульсивтілік (impulsivity). Тежелу – бұл ұзақ мерзімді мақсаттарға жету үшін нәпсіні, эмоцияны және мінез-құлықты саналы түрде бақылау, тәртіпке келтіру қабілеті. Ал импульсивтілік – сыртқы тітіркендіргіштерге немесе ішкі сезімдерге ерік беріп, ойланбастан, стихиялы түрде әрекет етуге бейімділік [177];

- De Ridder D. T. D. және әріптестері [178] ұсынған модельде өзін-өзі бақылау екі түрге бөлінеді: тежеуші және бастамашыл. Тежеуші өзін-өзі бақылау автоматты немесе жағымсыз реакцияларды тежеуге бағытталған (мысалы, арандатушы хабарламаға эмоциялық тұрғыдан бірден жауап беруден бас тарту). Ал бастамашыл өзін-өзі бақылау мақсатқа жетуге бағытталған әрекеттерді саналы түрде орындауды білдіреді (мысалы, күмәнді ақпараттың дереккөзін тексеру және ақпараттық қауіпсіздік дағдыларын жүйелі түрде дамыту).

Екі модель де әрекетке апаратын «ыстық» және «суық» өңдеу жолдары туралы тұжырымдамамен теориялық тұрғыдан сәйкес келеді: тиімді өзін-өзі реттеу «суық» когнитивтік жүйе сыртқы стимулдарға тән «ыстық», яғни эмоционалдық және импульсивті реакцияларды тежей алған жағдайда жүзеге асады.

Өзін-өзі бақылау процесінің мазмұны мінез-құлықты басқаруды қамтамасыз ететін бірқатар стратегиялар мен құзыреттерді іске асыруды қамтиды:

1. Мақсат қою және құрылымдау: жеке тұлғаның ұзақ мерзімді мақсаттарды ұйымдастыру, сондай-ақ болашақ іс-қимылдардың шығындары мен салдарын тану және болжау қабілеті;

2. Мониторинг: мақсатқа жету жолындағы ағымдағы әрекеттерді жүйелі түрде қадағалау, мінез-құлықтағы немесе сыртқы жағдайлардағы кедергілерді уақытылы анықтау;

3. Ерікті түрде басу – алға қойған мақсатқа жетуге кедергі келтіретін, қажетсіз импульстерді, эмоцияларды немесе автоматты әрекеттерді саналы түрде тоқтату және қысқа мерзімді қиындықтарға қарамастан, мақсатқа жету үшін күш-жігерді талап ететін әрекеттерді бастау, бастамашылық ету;

4. Ортаны өзін-өзі ұйымдастыру – бұл импульсивті мінез-құлықты азайту және нәтижелілікті арттыру үшін қоршаған кеңістікті саналы түрде құрылымдау.

Осылайша өзін-өзі бақылау процесі бір сәттік ниетке қарсылықты ғана емес, жеке адамның ұзақ мерзімді мүдделеріне сәйкес келетін ойластырылған іс-әрекеттермен үйреншікті, меңгерілген реакцияларды ауыстыруға бағытталған өзін-өзі ұйымдастырудың күрделі жүйесін білдіреді.

Мінез-құлықты өзгерту үдерісіндегі өзін-өзі бақылаудың мәні басым автоматты реакциялар, импульстар мен эмоцияларды саналы түрде тежеу және олардың орнына мақсатқа бағытталған әрекеттерді іске асыруға негізделген белсенді еріктік күш жұмсауда көрінеді. Өзін-өзі бақылауға қатысты кейбір теориялар бұл қабілетті уақытша азая алатын шектеулі ресурс ретінде көреді. Бірақ, осы ойдың ғылыми дәлелденуіне байланысты зерттеушілердің арасында ортақ көзқарас әлі жоқ.

Сонымен сендіруші хабарламаларға табысты қарсы тұру тек жеткілікті деңгейдегі реттеуші ресурстар болған жағдайда ғана мүмкін, өйткені олардың сарқылуы тұлғаны манипуляциялық ықпалға ұшырау қаупін күшейтеді. Өзін-өзі бақылау деңгейі төмен болған кезде жеке тұлға дәлелдердің сапасын ажырату қабілетін жоғалтып, тіпті күмәнді немесе негізсіз уәждерге де сенуге бейім болады. Сендіруге тиімді қарсы тұру үшін жоғары когнитивтік жүктеме жағдайларында қысымға ұшыратын ортадан аулақ болу маңызды, себебі өзін-өзі бақылауды талап ететін тапсырмаларды алдын ала орындау тұлғаның кейінгі кезеңде өз ұстанымдарын қорғау және пікір өзгерісіне қарсы тұру қабілетін әлсіретеді.

Орталық ресурстардың бірі сыни ойлау болып табылады. Сыни ойлау– бұл басқалардың қателігін дәлелдеуге немесе оларды түзетуге емес, керісінше, өзін-өзі талдау және өзін-өзі жетілдірумен байланысты дағдылар жиынтығы. Студент жастар әлемдегі ең ірі демографиялық топтардың бірін құрайды. Алайда үнемі өзгеріп, қарқынды дамып келе жатқан әлем жағдайында жастарға жаңа ақпаратты игеруге, салмақты шешім қабылдауға және өз әрекеттерінің салдарын түсінуге мүмкіндік беретін икемді ойлау қажет.

Сыни ойлау процесі әртүрлі тәсілдермен білдірілуі мүмкін. Алайда оның басты ерекшелігі оның үздіксіздігінде және ол ойлаудың төрт кезеңінің көмегімен іске асырылуы мүмкін: зерттеу міндеттерін алдыңғы қызмет тәжірибесімен байланыстыру, рефлексия, тарту және бағалау.

Сыни ойлаудың неғұрлым толық сипаттамасы Halpern D. F. монографиясына тиесілі, оның пікірінше, «сыни ойлау – қалаған нәтижеге қол жеткізу қабілеті» болып табылады [179]. Сыни ойлау мәселелерді тұжырымдауда, алдын ала қалыптасқан пікірлерге қарсы тұруда, себеп-салдарлық байланыстарды зерттеуде, теория мен практиканы салыстыруда маңызды рөл атқарады және көмектеседі. Ruggiero V. R. сыни ойлауды адамның қандай пайымдаулар мен аргументтердің құнды, ал қайсысының құнсыз екенін анықтау мақсатында оларды тексеру үдерісі ретінде сипаттайды [180]. Осы анықтамаға сәйкес ойлаудың бұл түрі сенімділікті талдауды немесе нақты жағдайға ең сәйкес келетін шешімді таңдау мақсатында бақылауды қамтиды. Сыни ойлау түрлі дағдыларды қамтиды. Бұл қорытынды, тану және жол беру, дедукция,

интерпретация, синтез және бағалау. Біріншісі – қорытынды. Бұл деректер негізінде жасалған қорытындылардың ақиқаттығы мен жалған дәрежесін ажырату қабілетіне қатысты. «Қорытынды – бұл деректер негізінде жасалған ой түйіні, зияткерлік акт. Бұл ақыл-ой қадамы арқылы адам бір нәрсенің шындық немесе жалған екенін ажыратып, жаңа пікір қалыптастырады». Екіншісі – болжамды мойындау. Адам қисынды қорытындыға келгенде, ол жорамалдарды мойындауға көшеді. Жорамалдар – бұл фактілер шеңберінен шығатын жеке пікірлерге негізделген болжамдар. Бұл – бақылауға әсер ететін айқын емес идеялар. «Адамдар бұл туралы білмей, ойламастан жүздеген болжам жасайды». Үшіншісі – дедукция. Бұл дағды негізінен дедуктивті ойлау үдерісін талап етеді. Мұндай пайымдау анағұрлым нақты сипатқа ие болып, болжамдарды тексеру немесе растауды қамтиды. Ол жоғары деңгейдегі когнитивтік дағды болып саналады, өйткені берілген ақпаратты жай ғана қабылдамай, әртүрлі нұсқаларды сынақтан өткізу және ең тиімдісін таңдау арқылы шешім қабылдайды. Төртіншісі – интерпретация. Бұл дағды тәжірибенің, жағдайдың, деректердің, оқиғалардың, пайымдаулардың, келісімдердің, нанымдардың, ережелердің, рәсімдердің немесе өлшемдердің мағынасы мен маңызын түсіну және оны жеткізе алу қабілетін талап етеді. Бесінші – синтез. Синтезге қол жеткізу түрлі элементтерден құрылым немесе үлгі жасау арқылы жүзеге асады. Бұл бөліктерді біртұтасқа қосу, жаңа мағына немесе құрылым жасауға ерекше назар аудару. Алтыншы – бағалау. Бұл тұжырымдардың немесе басқа да ұғымдардың дұрыстығын тексерудің когнитивтік дағдыларына қатысты. Бағалау – бұл оның өнімі ретінде әрекетке немесе мінез-құлыққа әкелетін бүкіл психикалық процестің соңғы процесі. Брюнингке сәйкес, сындарлы даму үшін ойлау, білім және тактика қажет [180]. Бұл тактика үш кезеңде өтетін көңіл-күйге баламалы: сатып алу (оқыту), автоматизм (әдет) және ауыстыру (жаңасында пайдалану).

Нақты анықталған параметрлері бар оқыту ортасы студенттердің сыни ойлауын дамытуға, сондай-ақ күрделі, талдауды және сыни тәсілді талап ететін қызмет түрлеріне толыққанды және психологиялық тұрғыдан қауіпсіз қатысуына жағдай жасайды.

Тұтастай алғанда, біз бөліп көрсеткен тұлғалық ресурстар адамға ішкі белсенділігін жұмылдыруға және келіп түскен ақпаратты сыни тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді. Жоғары оқу орнының білім беру үдерісінде терроризм қатерлерін, діни бөгде ағымдар мен жабық діни топтарда қолданылатын манипуляциялық техникаларды талқылау, талдау және бағалау бойынша субъектілердің мақсатты әрі өзін-өзі ұйымдастыратын өзара іс-қимылын ұйымдастыру қажет. Мәселені ұғыну және оны тұжырымдау дағдылары ойлау сапасын жетілдіруге, сондай-ақ қате пайымдаулар мен дәлсіздіктерді жоюға ықпал етеді.

Осылайша қазіргі ғылыми көзқарас жеке тұлғалық ресурстарды кешенді және жүйелі түрде түсінуді талап етеді, бұл сананы манипуляциялау ықпалын төмендетуге және жеке тұрақтылықты арттыруға бағытталған тиімді бағдарламаларды, әсіресе білім беру саласында, құруға жағдай жасайды.

Осы параграфта жүргізілген жүйелі шолуға негізделген мінез-құлықты өзгерту және оны қолдау теорияларында жағымсыз әсерлерге қарсы тұруды және

қажетті әрекетті сақтауды түсіндіретін бес өзара байланысты үдеріс бөліп көрсетілген:

1. Бастапқы өзгеріс көбінесе сыртқы факторлармен немесе ұзақ мерзімді нәтижелерге деген үмітпен байланысты болады, алайда өзгеріс тұрақты болуы үшін адам әрекеттің өзінен ләззат алуы керек. Егер мінез-құлық жеке құндылықтарға және адамның өзіндік сәйкестігіне сәйкес келсе әрі қанағат сезімін тудырса, ол орнығып, бекітіледі;

2. Өзін-өзі реттеу тұрақты бақылауды, өзін-өзі бағалауды және кедергілерді еңсеру стратегияларын әзірлеуді қамтиды. Оның маңызды құрамдас бөлігі – қиындықтарды еңсеруді жоспарлау, ол жоғары тәуекел жағдайларында азғыруларға төтеп беруге көмектеседі;

3. Әдеттер – жағдайлық белгілер арқылы автоматты түрде іске қосылатын мінез-құлық актілері болып табылады, ал саналы бақылаудан автоматтандырылған әрекетке өту жаңа мінез-құлықтың орнығуы мен тұрақтануының негізгі тетігі ретінде қарастырылады;

4. Өзін-өзі бақылаудың тиімділігі психологиялық (ерік-жігер күші, психикалық энергия) және физикалық ресурстардың болуына тәуелді. Стресс, шаршау және алкогольдік әсерлер аталған ресурстардың сарқылуына әкеліп, мінез-құлықтық бұзылулар мен ауытқулардың пайда болуына ықпал етеді;

5. «Таңдау архитектурасы» және әлеуметтік нормалар жаңа әрекетті орындаудың қаншалықты жеңіл болатынын айқындайды. Әлеуметтік ықпал шешуші рөл атқарады: адамдар өздері тиесілі топтың нормаларын ұстануға бейім келеді [147; 181; 182].

Жаңа мінез-құлықтың бекіп, әртүрлі контексттерде басым сипатқа ие болуы үшін төмендегі кезеңдерден өту қажет:

- әдеттің қайталану арқылы қалыптасуы. Тұрақты жағдайларда әрекеттің бірнеше рет қайталануы миды сыртқы сигналдарға автоматты түрде жауап беруге үйретеді, нәтижесінде өзін-өзі бақылау қажеттілігі төмендейді;

- мінез-құлықтың «Мен» тұжырымдамасына енуі. Мінез-құлық тұлғалық сәйкестік құрылымының бөлігі ретінде қабылданғанда, ол анағұрлым тұрақты сипат алуы мүмкін. Мысалы, «мен арандатушы ақпаратқа ермеуге тырысамын» деген ұстанымның «мен ақпаратты сыни тұрғыдан бағалайтын және саналы шешім қабылдайтын адаммын» деген тұрақты тұлғалық ұстанымға айналуы;

- «Әлеуметтік ықпалдың» қолданылуы. Өзін-өзі бақылау деңгейі жоғары адамдардың өзін-өзі қорғауы жеке тәртіпті арттырады, өйткені өзін-өзі бақылау туралы ойлар санада қолжетімді болады;

- «Эго сарқылуы» жағдайларын азайту және жоспарлау стратегияларын қолдану. Когнитивтік жүктемені төмендету үшін алдын ала жоспарлау тәсілдерін («егер Х болса, онда Y жасаймын») пайдалану стресс жағдайларындағы шешім қабылдау тиімділігін арттырады.

Бұл теорияларды студент жастармен алдын алу жұмысында қолдану келесі бағыттарды қамтуы мүмкін:

- оң әлеуметтік бірегейлікті қалыптастыру. Жастар өз тобының нормаларына сәйкес келуге ұмтылатындықтан, оларды әлеуметтік мінез-құлық бекітілген стандарт болып табылатын қауымдастықтарға біріктіру маңызды. Бұл

радикалдануға қарсы ішкі тосқауыл жасайды, өйткені қоғамға қарсы әрекеттер олардың жеке басына қайшы келеді;

- пікір көшбасшылары мен құрдастары өзін-өзі бақылау мен жауапкершіліктің жоғары деңгейін көрсететін орта құру «схемалардың қолжетімділігі» тетігі арқылы басқа студенттердің реттеуші қабілетін автоматты түрде арттырады;

- өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту – студенттердің стреске төзімділігін арттырып, өмірлік қиындықтар (дағдарыс кезеңдері) кезінде импульсивті, радикалды шешімдер қабылдаудың алдын алуға көмектесетін маңызды психологиялық құрал. Студенттерді жоспарлауға және «қиындықтарды еңсеруді жоспарлауға» үйрету олардың өз мінез-құлқын саналы бақылауын сақтауға мүмкіндік береді;

- өзін-өзі бақылаудың шектеулі ресурс ретіндегі сипатын ескеру – студенттердің күйзелісін және эмоциялық сарқылуын төмендетуге бағытталған қолдау бағдарламаларын әзірлеуге мүмкіндік береді, соның нәтижесінде «эго сарқылуы» жағдайына тән импульсивті мінез-құлыққа көшу ықтималдығы азаяды;

- сындарлы мінез-құлыққа жағдай жасау. Қатысуы әдепкі (басым) нұсқа болып табылатын ортаны қалыптастыру жағымды мінез-құлықтың баламалы шығындарын азайтып, деструктивті қауымдастықтарға қосылу мүмкіндігін шектейді.

2.3 Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың әлеуметтік-педагогикалық моделі

Студент жастар арасында терроризмге қарсы сананы қалыптастыру – күрделі әрі көпқырлы міндет. Ол жеке тұлғадан бастап мемлекеттік деңгейге дейінгі барлық деңгейлерді қамтитын жүйелі тәсілді талап етеді.

И.В. Абакумова мен П.Н. Ермаков [183] терроризмнің себептері мен механизмдерін терең түсінуді қалыптастырудың, террористік идеологияға тұрақты теріс көзқарас орнықтырудың және терроризмге қарсы іс-қимыл шараларын оң қабылдаудың маңыздылығын атап көрсетеді. Сонымен қатар, студенттерде сенімді ақпаратты үгіт-насихат пен жалған ақпараттан ажырата алатын сыни ойлау қабілетін дамыту қажет. Осыған байланысты ақпаратты талдай алатын, үгіт-насихат белгілерін анықтайтын және манипуляциялық ықпалдарға қарсы тұра алатын жоғары медиасауаттылыққа ие студенттерді даярлау маңызды болып табылады.

Б.Н. Земцов пен Т.Р. Суздалева [184] терроризм мен экстремизмнің алдын алуда гуманитарлық пәндердің әлеуеті зор екенін атап өтеді. Біздің ойымызша, сындарлы диалог, пікірталасқа ашық форматта еркін талқылау жүргізу, сондай-ақ жалпы білім беретін пәндер циклiндегі Қазақстан тарихы, философия, әлеуметтік-саяси білім модуліндегі пәнаралық байланыстар терроризм қатерін түсіндіруге және манипуляция мен үгіт-насихатқа қарсы иммунитет қалыптастырудың қажеттілігін айқындауға ықпал етеді.

А.Ю. Быковтың [185] пікірінше, батыс жоғары оқу орындары да білім алушылар арасында терроризмге қарсы сананы дамыту мәселесіне ерекше назар аударады және сөз бостандығы мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын шектеулер арасындағы теңгерімді тәсілді жүзеге асыруға ұмтылады. Батыс зерттеушілерінің еңбектерінде студенттердің медиа сауаттылығын дамыту терроризмге қарсы іс-қимылдың аса маңызды аспектілерінің бірі ретінде қарастырылады. Шетелдік тәжірибеде ақпаратты өз бетінше сүзгіден өткізу, жалған ақпарат пен үгіт-насихатты анықтау, манипуляция әдістерін түсіну және сыни ойлауды дамыту тек білім беру ұйымдарының ғана емес, жалпы барлық әлеуметтік институттардың міндеті ретінде қарастырылады [97; 98; 99].

Студенттерде терроризмге қарсы сананы дамытудың тұжырымдамалық кезеңі аясында білім беру үдерісі субъектілерінің педагогикалық әрекеттерін жүйелеуге және сипаттауға мүмкіндік беретін модель ұсынамыз. Бұл модель жоғары оқу орны жағдайында студенттердің оқу кезеңінде терроризм мен зорлық-зомбылыққа төзімсіз көзқарасын қалыптастыруға, сондай-ақ белгісіздік пен тәуекел жағдайларында терроризмге қарсы іс-қимылға дайын болу қабілетін дамытуға бағытталған педагогикалық әрекеттер жүйесін анықтауға арналған.

Модельдеуді қолдану келесі қағидалармен негізделеді:

- модельдеу – жүйелік сипатқа ие және маңызды элементтер мен факторлардың көпқырлы өзара әрекеттесуіне негізделген педагогикалық үдерістерді талдаудың ең тиімді тәсілдерінің бірі болып табылады; көптеген ішкі және сыртқы факторлардың әсері жағдайында қызмет ететін күрделі жүйелерді зерттеудің негізгі технологияларының бірі ретінде қарастырылады [186];

- теориялық деңгейде терроризмге қарсы сананы түсіну барысында модельдеу өзара тәуелді байланыстарды анықтауға мүмкіндік береді, олар кейін студенттердің терроризмге қарсы санасын қалыптастырудың теориялық қағидалары мен әдіснамасының құрамдас бөлігіне айналады. Басқаша айтқанда модельдеу теорияны құру үдерісіне модельдерді енгізуді көздейді. Модельдер теорияны қалыптастырудағы алдын ала кезең ретінде қарастырылады [187];

- модельдеу идеалды жүйені құру мақсатында қолданылады, мұнда оның элементтері басқа (нақты немесе нақтыға жақын) жүйенің жүйе құраушы элементтерін олардың функционалдық рөлдері тұрғысынан бейнелейді, ал модель элементтері арасындағы байланыстар жүйе элементтері арасындағы қатынастар иерархиясын көрсетеді.

Модельдеу – күрделі, көпэлементті және көпқұрылымды жүйелерді зерттеуде қолданылатын жүйелі талдаудың маңызды технологияларының бірі. Мұндай жүйелердің қызметі көптеген сыртқы факторлардың ықпалынан тәуелді болады. Білім беру үдерістерін модельдеу әдісі көптеген елеусіз факторларды алып тастау арқылы ақпаратты ықшамдауға мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде ең маңызды элементтерге және олардың өзара әрекеттесу тәсілдеріне назар аудару мүмкіндігі пайда болады. Осы тұрғыдан алғанда модель зерттелетін үдеріс бойынша болжам жасауға және басқарушылық функцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тұжырымдамалық құрал ретінде қарастырылады.

Модельдеу – ғылыми таным әдістерінің бірі болып табылады, бұл мәселе Б.А. Глинский, Б.С. Грязнов, Б.С. Дынин және Е.П. Никитиннің [186] ғылыми еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Студенттердің терроризмге қарсы санасын жүйелі түрде қалыптастыруға арналған ғылыми әзірлемелердің жеткіліксіздігі, сондай-ақ оқу кезеңінде студенттердің терроризм мен зорлық-зомбылық әрекеттеріне төзбеушілік таныту қабілетін және белгісіздік жағдайлары мен тәуекелдердің ерекшеліктері жағдайында терроризмге қарсы әрекеттердің алдын алу мен жәрдемдесуге дайын болу дағдысының жетіспеушілігі терроризмге қарсы сана моделін әзірлеудің өзектілігін айқындайды.

Студенттерде терроризмге қарсы сананы дамытуда ғылыми таным әдісі ретінде модельдеуді қолданудың негізгі міндеттері:

- өзара байланысқан ішкі және сыртқы факторларды қамтитын жүйе ретінде педагогикалық үдерісті талдауды қамтамасыз ету;
- білім беру кеңістігін құру мен оны басқарудың ұтымды тәсілдері арқылы жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде білім беру субъектісінің тиімді педагогикалық әрекеттерін қалыптастыру;
- студенттердің терроризмге қарсы санасының тұжырымдамалық қағидаларын қалыптастыру.

Студенттерде терроризмге қарсы сананы дамыту моделінің жүйе құраушы элементі – мақсат. Оның мәні студенттерде терроризм мен зорлық-зомбылық әрекеттеріне төзбеушілік танытуға бағытталған арнайы құзыреттерді дамытуда және терроризмге қарсы әрекеттердің алдын алуда азаматтық позицияны қалыптастыруда көрінеді. Осыған байланысты әзірленіп отырған модель білім алушының субъектілік ұстанымын дамытуға, студенттердің терроризмге қарсы дүниетанымын және олардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған.

Педагогикалық модельдер типологиясы аясында үш негізгі базалық түрі ажыратылады[186]. Модельдердің мазмұндық түрінде модельдеу нысаны ретінде объектінің өзіндік ерекшелігін айқындайтын белгілі бір қасиеттердің, белгілердің және сипаттамалардың жиынтығы қарастырылады. Құрылымдық түрінде модельдеу нысаны зерттеліп отырған педагогикалық объектінің тікелей құрылымы және оның құрамдас байланыстары болып табылады. Ал функционалдық модельдерде модельдеу нысаны объектінің педагогикалық тұрғыдан маңызды функцияларды жүзеге асыруға бағытталуына негізделеді. Педагогикалық модельдердің базалық түрлері туынды модель түрлерін қалыптастыруға негіз болады. Мұндай модельдер модельдеу нысанының құрылымы мен мазмұнына, сондай-ақ оның функционалдық күйіне байланысты қалыптасады.

Студенттерде терроризмге қарсы сананы дамыту моделінің нысандары ретінде төмендегілер қарастырылады:

- жоғары оқу орнының білім беру үдерісіндегі субъектілердің педагогикалық әрекеттерінің құрылымы;
- оқу кезеңінде студенттерде терроризм жайлы, оның себептері мен салдары туралы білімі мен зорлық-зомбылық әрекеттеріне төзбеушілік таныту қабілетін


қалыптастырудың және күнделікті өмірде терроризмнің алдын алуда азаматтық ұстанымдарды, манипуляцияларға қарсы тұруды дамытудың функционалдық сипаты.

Студенттерде терроризмге қарсы сананы дамытудың тұжырымдамалық қағидаларын әзірлеу әлеуметтік-педагогикалық үлгідегі модельді құруды талап етеді.

Мұндай модель жоғары оқу орнының білім беру үдерісіндегі субъектілердің педагогикалық әрекеттерін бағалауға және жүйелеуге мүмкіндік береді, сондай-ақ оқу кезеңінде студенттердің терроризм мен зорлық-зомбылық әрекеттеріне төзбеушілік көзқарасын дамыту мен терроризмге қарсы әрекеттерді қалыптастырудың тиімділігін арттыруға бағытталады [187].

Терроризмге қарсы сананың теориялық және әдіснамалық негіздерін әзірлеу барысында алынған тұжырымдарды, сондай-ақ студенттерде терроризмге қарсы сананы тұжырымдамалық қағидаларын, атап айтқанда құндылықтық бағыттылық, жүйелілік, контексшілік, саналылық, даярлау жүйесіне кіріктіру, уәждемелік жүйені және тұлға дамуындағы дара психологиялық ерекшеліктерін ескеруді талап етеді. Студенттерде терроризмге қарсы сананы дамыту моделінің өзара байланыстарын ұсынылған сызба арқылы қарастыруға болады (7-сурет).

Құндылықты-мақсаттық блок студент жастарда терроризмге қарсы сананы бағдарлы дамытудың негізгі тұжырымдамалық тәсілдерін, үрдістері мен қағидаттарын, сондай-ақ міндеттерін айқындайды.



7-сурет - Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың әлеуметтік-педагогикалық моделі (автормен құрастырған)

Зерттеуіміздің әдіснамалық тұғырлары негізінен 1.3 бөлімде қарастырылып кетті. Сонымен қатар келесі педагогикалық теорияларды атап кетуді жөн көріп отырмыз. Мысалы, біртұтас педагогикалық процесс теориясы [188] аясында студенттердің терроризмге қарсы санасының тұтас дамуының негізгі субъектілері, олардың белсенділігі, сондай-ақ оның құрамдас компоненттерінің бірлігі мен өзара байланысы анықталады, жоғары оқу орны білім беру жүйесінің даму және жетілдіру үдерісі зерттеледі.

Герменевтика теориясы білім беру ортасының ізгілендірілуін негізге алады және студенттердің терроризмге қарсы санасының даму үдерісін білім берудің психологиялық, философиялық, рефлексивтік, өзіндік рефлексия және өзін-өзі реттеу тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл тәсіл білім берудегі мағына жасау үдерісін, оның эвристикалық сипатын, сондай-ақ шынайылықты рационалды-логикалық, көркемдік-бейнелік және зерттеушілік тұрғыдан танудың үйлесімін қарастыруға мүмкіндік береді [189].

Жоғарыда аталған теорияларды талдау студенттердің терроризмге қарсы санасын дамытудың келесі қағидаттарын айқындауға мүмкіндік берді. Олар: ақыл мен сезімнің бірлігі қағидаты; құндылық пен мағынаға бағдарлану қағидаты; өзара пікір алмасуға негізделген оқыту қағидаты; пәндердің өзара ықпалдасу қағидаты; өзін-өзі талдауға бағытталу қағидаты.

Терроризмге қарсы сананы дамытудың негізгі міндеттері:

- жастардың экстремизм мен терроризм идеяларына қарсы тұрақтылығын қалыптастыруға бағытталған озық тәжірибені зерделеу, жинақтау және тарату;
- студент жастарды терроризмге қарсы тәрбиелеу шараларын жоғары оқу орнының білім беру жүйесінің барлық деңгейіндегі оқу-тәрбие үдерісіне енгізу;
- құқықтық мәдениет пен ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру, әсіресе бірінші курс студенттері арасында;
- оқу жылы барысында студенттік ортада терроризмнің, өзге мәдениеттер мен әлеуметтік топтарға төзімсіздіктің және радикалды көзқарастардың алдын алуға бағытталған кураторлардың жұмысын ұйымдастыру, бұл студенттердің дамуы мен табысты білім алуына қолайлы психологиялық жағдай жасауға ықпал етеді;
- алдын алу шаралары аясында қоғамдық ұйымдар өкілдерін, студенттік өзін-өзі басқару жүйесінде белсенділік танытқан студент көшбасшыларын, қоғамдық пікірге ықпал ететін жастарды тарту;
- әлеуметтік тұрғыдан қолайсыз жағдайда деп танылған кәмелетке толмағандармен тәлімгерлік жұмыс ұйымдастыру;
- студент жастардың дүниетанымында төзімділік пен өз халқының, сондай-ақ өзге халықтардың мәдениетіне құрметпен қарау құндылықтарын қалыптастыру;
- білім беру ұйымы қызметкерлерін террористік қауіп төніп немесе террористік әрекет орын алған жағдайда қорғану және әрекет ету жолдарына үйрету, нұсқама беру және нысандық жаттығулар өткізу;
- студенттерге кері ықпал етуі мүмкін жағымсыз мазмұндағы интернет-ресурстарды тұрақты бақылау (кибер-еріктілерді тарту арқылы).

Мазмұндық блок студент жастарда терроризмге қарсы сананың даму кезеңі ретінде қарастырылады және терроризмге қарсы білім беру мен тәрбиелеудің белгілі бір кезеңдерін қамтиды.

Студент жастарда терроризмге қарсы сананың мықты даму үдерісін ұйымдастыру мақсатында «Мен, сен, біз – терроризмге қарсымыз» атты онлайн форматтағы арнайы курс бағдарламасы әзірленді. Аталған курстың мақсаты – терроризм мен зорлық-зомбылық әрекеттеріне төзбеушілік көзқарасын қалыптастыру, сондай-ақ қауіп-қатерді алдын ала болжай білу және терроризмге қарсы тұруды қамтамасыз ететін қабілеттерді жетілдіруге бағытталған. Жоғары оқу орнының білім беру ортасының мүмкіндіктеріне байланысты курстың көлемі мен мазмұнын кураторлар мен эдвайзерлер дербес айқындайды.

Арнайы курстың құрылымы 8-кестеде ұсынылған.

Әрі қарай мынандай жұмыстарды ұйымдастыру көзделеді:

1) радикалды идеология өкілдері қолданатын әдістер мен технологиялар туралы пікірталастар өткізу. Спикерлер ретінде Алматы қаласындағы Терроризмге қарсы орталықтың сарапшылары қатысады;

2) кинотерапия элементтерін пайдалана отырып, тақырыптық сабақтар өткізу, яғни террористік әрекетке тарту және мәжбүрлеу көріністері көрсетілген фильмдерді көру және оларды талқылау, сондай-ақ қиын жағдайлардан шығу жолдарын қарастыру;

3) ұсынылған материалдар негізінде тест тапсырмаларын орындау, кроссвордтар мен танымдық сұрақ-жауап ойындарын ұйымдастыру.

8-кесте – «Мен, сен, біз – терроризмге қарсымыз» арнайы курсының үлгілік мазмұны

№ р/н	Мазмұны	Терроризмге қарсы сананың компоненттері			
		Терроризм-нің мәні мен салдары туралы білімдері	Зорлық-зомбылықсызды қ нормаларын игеру уәждері	Манипуляциялық ықпалдарды сыни бағалау	Құқықтық және азаматтық мінез-құлыққа даярлығы
1	2	3	4	5	6
1 Модуль мақсаты – терроризм мен зорлық-зомбылық әрекеттеріне төзбеушілік таныту қабілеті					
1	Терроризмге қарсы сана дегеніміз не?	X	X	X	
2	Терроризмге қарсы сананың нормативті-құқықтық негізі	X	X	X	
3	Манипуляция әсер етудің стратегиясы ретінде және манипулятивті процесс	X	X	X	X

8-кестенің жалғасы					
1	2	3	4	5	6
4	Манипулятивті әсер ету әдістерінің мінездемесі		X	X	X
2 Модуль мақсаты – қауіп-қатерлерді алдын ала болжау және терроризмге қарсы тұруды қамтамасыз ететін қабілеттер					
5	Мәселе туындаған жағдайда не істеу керек және менің іс-әрекетім қандай?			X	X
6	Конструктивті манипуляцияла уға қарсы тұрудың негіздері			X	X
7	Сыни ойлауды дамытудың практикумы				X
8	Басқа адамның ықпалына қалай қарсы тұра аламын?			X	X
9	Терроpға қарсы сананы қалыптастыруд ың әдістері		X	X	X

Терроризмге қарсы сананы дамытуды әдістемелік қамтамасыз ету мыналарды қамтиды:

- жоғары оқу орындарының білім беру үдерісіне терроризмге қарсы сананы енгізу тәртібі бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірлеу;
- студенттердің терроризмге қарсы санасын дамытуға арналған практикалық ұсыныстар дайындау;
- студенттерге арналған арнайы курсты әзірлеу және оны YouTube арнасында орналастыру арқылы сүйемелдеу;
- зорлық-зомбылық пен терроризмге төзбеушілік көзқарасын дамытуға бағытталған арнайы пәннің мазмұнын және оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін әзірлеу;
- түрлі пәндер аясында қарастыру үшін кейстік тапсырмалар жинағын дайындау.

Ұсынылған білім беру мазмұны мен практикалық сабақтар студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытуға бағытталған әлеуметтік-педагогикалық модельді іске асырудың әдістемелік негізін құрайды.

Процестік-іс-әрекеттік блок студенттермен жүргізілетін тәрбие жұмысын ұйымдастырудың нақты әлеуметтік-педагогикалық жағдайларын, технологияларын, формалары мен әдістерінің жиынтығын айқындайды.

Терроризмге қарсы сананы дамыту моделінің критерий-нәтижелік блогы студенттерде терроризмге қарсы сананың құрамдас компоненттерінің даму деңгейлері мен көрсеткіштерін анықтайды.

Терроризм мен зорлық-зомбылық әрекеттеріне төзбеушілік таныту қабілетін, сондай-ақ құқықтық пен азаматтық ұстанымдарға негізделген мінез-құлыққа дайындық деңгейін бағалау ұсынылған критерийлер мен көрсеткіштерді кешенді қолдану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Ұсынылған критерийлер мен көрсеткіштер студенттердің терроризм мен зорлық-зомбылық әрекеттеріне төзбеушілік көзқарасының қалыптасу деңгейін, сондай-ақ құқықтық және азаматтық ұстанымдарға негізделген мінез-құлыққа дайындығын бағалаудың теориялық-әдістемелік негізін құрайды (9-кесте).

9-кесте – Студенттерде терроризмге қарсы сананың даму критерийлері, көрсеткіштері мен деңгейлерінің сипаттамасы

Критерий/ көрсеткіштері	Деңгейлері		
	Қауіпті	Жарамды	Оңтайлы
1	2	3	4
Когнитивті терроризмнің мәні, себептері мен салдарын түсіну; терроризмге қарсы тұрудың құқықтық негіздері туралы білімі; қауіпсіз жүріс-тұрыс туралы білімі бар	Білімі толық емес, терроризмнің мәні мен себептерін түсіндіруге қиналады, қауіптерді ажыратуда қиналады	Негізгі білімдері бар, себеп салдарды және құқықтық нормаларды түсіндіреді, толеранттылық мәселелері жайлы түсініктері тұрақты емес	Саналы және жүйелі түсіндіре алады және құқықтық нормаларда еркін бағдарланады, қауіпсіз қатынас жасауды біледі
Құндылықтық-уәждемелік/ зорлық-зомбылыққа қатынасы; өмір құндылығы; жауапкершілік; зорлық-зомбылықсыз мінез-құлық уәждемесі	Терроризм және зорлық-зомбылық мәселелеріне бейжай қарайды; құндылықтық бағдарлары тұрақталмаған	Жалпы зорлық-зомбылыққа қатынасы жағымды, өмірдің және жауапкершіліктің құндылығын мойындайды, бірақ ұстанымдары нық емес	Терроризм мен зорлық-зомбылықты дәйекті түрде қабылдамайды, өмір, абырой, заң және зорлық-зомбылықсыз мінез-құлықты ұстанады
Сыни-талдамалық/ ақпаратты сыни талдау; манипуляцияларды ажырата білу; пайымдаулардың өзіндігі	Ақпаратты талдауда және манипуляцияларды ажыратуда қиналады және ақпаратқа сын көзбен қарамайды	Сенімсіз және манипулятивті ақпаратты көмек арқылы ажыратады	Деректерді өз бетінше талдайды, манипуляцияны ажыратады және зорлық-зомбылық пен радикалды нарративтерге дәлелді сыни баға береді, пікірлерінде тәуелсіз

9-кестенің жалғасы			
1	2	3	4
Іс-әрекеттік-мінез-құлықтық/ заңсыз әрекеттерге қатысудан бас тарту; жанжалдарды шешуде конструктивті тәсілдерге жүгіну, әлеуетті қауіп-қатерге қауіпсіз жауап беру	Мінез-құлық ұстанымы тұрақсыз, қауіпсіз модельді таңдауда қиналады, импульсивті, шиеленістерге түсу ықтималдығы жоғары	Көбінесе заңды және зорлық-зомбылықсыз тәсілдерді таңдайды, бірақ критикалық жағдайларда қиналады	Заңсыз әрекеттерге қатысудан бас тарту ұстанымы тұрақты, өз бетінше қауіпсіз әрекеттер стратегиясын таңдай алады

Жоғары оқу орнындағы терроризмге қарсы сананы дамыту үдерісін ұйымдастыру бойынша жүргізілген теориялық және зерттеу жұмыстары терроризмнің мәні мен салдарын білуге, зорлық-зомбылықсыздық нормаларын игеру уәждерін, құқықтық және азаматтық белсенділікке дайындықтың әртүрлі әсерлерін талдау және бағалауды дамытудың негізгі қағидаларын айқындауға мүмкіндік берді.

Бұл қағидалар терроризмге қарсы сананы дамытуға бағытталған ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлардың жиынтығы ретінде ұсынылды. Аталған жағдайлар ресурстық қамтамасыз етуді ұйымдастыруды, терроризмге қарсы іс-қимылдың ортақ мақсаттарын келістіруді, білім беру үдерісі субъектілерінің құндылықтық әлеуетін қалыптастыру мен ашуды, сондай-ақ терроризмге қарсы сананы кезең-кезеңімен дамытуды қамтиды.

Терроризмге қарсы сананы дамытуға арналған ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар тұтас педагогикалық үдерістің мазмұнын, формалары мен әдістерін мақсатты түрде құрастыруға бағытталған ережелер жиынтығы ретінде төмендегі әдіснамалық негіздерге:

- білім беруді ұйымдастыру және терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама талаптарына, білім алушы тұлғасының үйлесімді дамуын қамтамасыз етуге, оның рухани әлеуетін, қабілеттері мен дағдыларын дамытуға бағытталған талаптарға;

- білім алушыларда терроризм мен зорлық-зомбылық әрекеттеріне төзбеушілік таныту қабілетін қалыптастыру және азаматтық белсенділікке дайындықты дамыту мәселесінің жүйелілігіне, оқу үдерісін мамандық пен даярлау бағытының ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастыруға, терроризмге қарсы сананы дамыту бағдарламасын әзірлеуге, білім беру ұйымында зорлық-зомбылықтың кез келген түріне төзбеушілік ортасын қалыптастыруға, алынатын білім мен қалыптасатын құзыреттерді бағалау тәртібін айқындауға, сондай-ақ білім алушылардың терроризмге қарсы әрекетке деген ұстанымын арттыруға;

- білім алушыларда терроризм мен зорлық-зомбылық әрекеттеріне саналы түрде төзбеушілік көзқарасты айқындайтын құндылықтар мен құндылықтық бағдарларды қалыптастыру және дамыту мүмкіндігіне;

- тәуекелдер туындаған жағдайда мінез-құлықтың моральдық және құқықтық тұрғыдан дұрыс таңдауына негізделген терроризмге қарсы сананы дамытудың алдын алу сипатына сүйенеді.

Жалпы, терроризмге қарсы сананы дамыту жекеленген шаралардың жиынтығы ретінде емес, білімді калыптастыру мен құндылықтық ұстанымдарды дамытатын кәсіби даярлау үрдісінде жүргізіледі. Біз терроризмге қарсы білім матрицасының мәнін өзара байланысты екі қабаттан тұратын сурет арқылы білдіріп отырмыз (8-сурет). Бірінші қабатта барлық әлеуметтік және гуманитарлық пәндер арқылы қалыптасатын жалпы азаматтық, құқықтық, қоғамдық құндылықтар болса, ал екінші қабатта студенттердің өмірлік жағдайларда алған білімдерін қолдану икемдерін бекітуді қамтамасыз ететін тәрбиелік мәні бар құндылықтар жайлы айтылған.



8-сурет – Терроризмге қарсы білім матрицасының мәні

Студенттердің терроризмге қарсы санасының мазмұнын құрайтын компоненттердің өзара байланысын ұсынылған матрица арқылы қарастыруға болады (10-кесте).

10-кесте – Жоғары оқу орнындағы терроризмге қарсы білім беру матрицасы («6В01401 – Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша бакалавриаттың білім беру бағдарламасы мен оқу жоспары негізінде)

Студенттердің терроризмге қарсы санасының компоненттері	Жоғары оқу орындарының білім беру кеңістігі		Әлеуметтендірудің сыртқы ортасы	
	білім беру ұйымы оқытушылық және өзге де құрам	Білім алушы	Қоғамдық институттар	Отбасы, студенттердің ортасы
1	2	3	4	5

10-кестенің жалғасы				
1	2	3	4	5
Терроризмнің мәні мен салдарын білу	Қазақстан тарихы, Құқық негіздері, Тіршілік қауіпсіздігі негіздері	Семинарлар, СӨЖ, басқа оқу формалары	Дөңгелек үстелдер, шеберлік сабақтары	Диалог, әңгімелесу
Зорлық-зомбылықсыздық нормаларын игеру уәждері	Педагогика, Психология	Семинарлар, СӨЖ, СҒЗЖ	Кездесулер, ағартушылық жұмыстар	Тәрбиелік әңгімелер
Әртүрлі әсерлерді талдау және бағалау	Этнопедагогика, Педагогикалық этика, Менеджмент, ДШС теориясы мен әдістемесі, Ұлттық спорт түрлері және оқыту әдістемесі	Семинарлар, СӨЖ, еріктілік қызмет	Тәрбиелік іс-шаралар	«Қауіпті белгілерге» назар аудару, талдау жасау, көмек көрсету
Студенттердің Құқықтық және азаматтық белсенділікке дайындық	Философия, Әлеуметтік-саяси білімдер модулі (саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану), Экология	Семинарлар, СӨЖ, еріктілік қызмет	Дөңгелек үстелдер, шеберлік сабақтары	Отбасылық іс-шаралар

Матрицаның жолдары терроризмге қарсы білім берудің компоненттеріне, ал бағандары терроризмге қарсы сананы дамыту үдерісінің субъектілеріне сәйкес келеді.

Студенттерде терроризмге қарсы сананы дамыту мазмұнын құрайтын компоненттердің енгізілуін қамтамасыз етуде әрбір субъектінің қатысуын айқындап, олардың міндеттері мен жауапкершілігін нақтылаймыз.

Білім беру ұйымы, жоғары оқу орны. Терроризмге қарсы сананы қалыптастыруды ұйымдастыруға дайындық жоғары оқу орны оқытушыларының, студенттердің, сондай-ақ оқу үдерісін іске асыруға қатысатын өзге де мекемелер мен органдардың қызметін ортақ мақсаттарға сәйкес үйлестіруді қамтиды.

Жоғары оқу орнының қызметі біртұтастық қағидатына негізделуі тиіс. Сонымен қатар кез келген жоғары оқу орнында факультеттер деңгейінде декан мен декан орынбасарлары терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға жауапты екенін ескеру маңызды.

Жоғары оқу орнында терроризмге қарсы іс-қимылды ұйымдастыру мәселелердің орындалу міндеті нормативті-құқықтық актілер кешенімен реттеледі. Студенттердің терроризмге қарсы санасын қалыптастыру тиісті іс-шаралар жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Атап айтқанда мынандай іс-шаралар қарастырылады:

- терроризм мен экстремизмге қарсы түсіндіру, ұйымдастырушылық және алдын алу шаралары кешенін жүзеге асыру;

- білім беру кеңістігінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету (ID арқылы кіру, келушілерді тіркеу, бейнебақылау жүйелерінің болуы және жазбалардың жүргізілуі және т.б.);

- терроризмге қарсы ағартушылықты дамытуға, құқықтық сананы арттыруға және қоғамда зорлық-зомбылық көріністеріне төзбеушілік ахуалын қалыптастыруға бағытталған ғылыми-практикалық конференциялар мен өзге де іс-шараларды өткізу;

- қауіпсіздік қызметтерінің байланыс деректері мен терроризмге қарсы іс-қимыл жұмыстарын ұйымдастыруға жауапты тұлғалардың телефон нөмірлері туралы ақпаратты орналастыру;

- құқық бұзушылықтардың алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру, профессорлық-оқытушылық құрамның және басқа да қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;

- терроризмге қарсы іс-қимылды ұйымдастыру мәселелері бойынша құқық қорғау органдарымен және басқа да мемлекеттік органдармен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.

Жоғары оқу орнында терроризмге қарсы сананы дамыту үдерісінің мазмұнына тоқталайық.

Жоғары оқу орнында әлеуметтік-мәдени орта қалыптастырып, студент тұлғасының жан-жақты дамуына қажетті жағдайлар жасау талап етіледі. Бұл ретте профессорлық-оқытушылық құрамның әдістемелік қызметінің әлеуеті, студенттік топ кураторларының тәрбие жұмыстары, студенттік өзін-өзі басқару қызметі және СҒЗЖ мүмкіндіктері кеңінен пайдаланылады.

Әдістемелік жұмыс. Терроризмге қарсы білім беруді ұйымдастыру және осы бағыттағы әдістемелік қамтамасыз етуді қалыптастыруға арналған ортаны ұйымдастыру келесі жұмыстарды қамтиды:

- студенттерде мемлекеттің және қоғамдық жүйенің тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің маңызын түсінуді қалыптастыруға бағытталған оқу-әдістемелік материалдарды дайындау;

- жоғары оқу орнындағы тәрбие жұмысына жауапты құрылымдық бөлімшелердің қызметін әдістемелік тұрғыдан сүйемелдеу;

- мамандықтардың оқу жоспарларында әлеуметтік-экономикалық және жалпы гуманитарлық пәндер модулінің басымдығын сақтай отырып, олардың арасындағы үйлесімді тепе-теңдікті қамтамасыз ету.

Білім беру ұйымының оқу үдерісінде терроризмге қарсы білім беруді енгізу бойынша тиісті ұсыныстарды қарастыру орынды болып табылады. Студент жастарға арналған арнайы қолжетімді әдебиеттердің жеткіліксіздігі жағдайында мәселені шешудің бір жолы ретінде интернет-ресурстарға, электрондық кітапхана жүйелеріне және ақпараттық-іздеу жүйелеріне бақылау мен қолжетімділікті кеңейту қарастырылады. Сонымен қатар жұмысты жүйелеу мақсатында білім беру ұйымының ресми сайтында терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелеріне және дін саласындағы білімді арттыруға арналған арнайы бөлімді

ақпаратпен толықтыру, сондай-ақ электрондық білім беру ортасының мүмкіндіктерін пайдалану тиімді болып табылады.

Ғылыми-зерттеу қызметі. Жұмысты ғылыми тұрғыдан үйлестіру мақсатында терроризмге қарсы іс-қимыл және діни ағартушылық мәселелеріне арналған ғылыми зерттеулерді талдау орынды болып табылады. Жоғары оқу орны аудиторияларында студенттермен мораль, ар-намыс, дін, құқық және терроризмге қарсы сана мәселелері ашық әрі бақылаулы түрде талқылануды ұйымдастыру қажет. Мүмкіндік болған жағдайда терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл бағытындағы ШЫҰ және ҰҚШҰ бағдарламалары аясындағы конкурстарға қатысу ұсынылады. Сонымен қатар жоғары оқу орны қызметкерлері мен білім алушылардың ғылыми және оқу жұмыстарын жүйелеу, жоғары оқу орны аумағында және одан тыс жерлерде ғылыми және практикалық іс-шараларды жоспарлы түрде өткізу маңызды.

Басқа білім беру ұйымдарымен, құқық қорғау органдарымен және мемлекеттік органдармен ынтымақтастық. Білім беру ұйымдарын терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша қолдау кәсіби құқық қорғау органдарымен ынтымақтастық орнатуды, олардың қызметі аясында тиісті зерттеулер жүргізуді, сондай-ақ терроризмге қарсы сананы қалыптастырудың түрлі бағыттары бойынша мамандарды тартуды көздейді.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру. Студенттердің терроризмге қарсы санасының мазмұнын құрайтын компоненттер тәрбие жұмысының келесі бағыттарына біріктіріледі:

- патриоттық тәрбие;
- моральдық-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру;
- заңдылық пен қоғамдық тәртіпті бұзудың алдын алу шарасы.

Аталған бағыттар білім беру ұйымы тарапынан дербес түрде де, сондай-ақ құқық қорғау органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл негізінде де жүзеге асырылады. Бұл жұмыста студенттік өзін-өзі басқару қызметінің бағыттылығы маңызды рөл атқарады.

Студенттердің терроризмге қарсы санасын дамытуға бағытталған ақпараттық алдын алу жұмысы келесі бағыттарды қамтиды:

- терроризмге қарсы іс-қимыл шараларын жүзеге асыру бойынша ортақ түсінік қалыптастыру және жеке әрі ұжымдық жауапкершілік сезімін дамыту; оқу жоспарларын жетілдіру, терроризмге қарсы білім беру бойынша арнайы сабақтар өткізу;
- электрондық ақпараттық стендтер мен мониторларды пайдалану;
- террористік қауіптер туралы хабардар етудің қолжетімді жүйесін қалыптастыру;
- еріктілік қызметін дамыту;
- заңгерлік кеңес беру орталықтарының қызметін ұйымдастыру.

Студенттерде терроризмге қарсы сананы дамыту үдерісінде негізгі жүктеме студенттік топ кураторлары мектебіне және бейінді кафедраға жүктеледі. Бұл ретте студенттік топтың жалпы психологиялық ахуалын білу, білім алушылардың мүмкіндіктерін талдау, олардың моральдық-адамгершілік дамуының ерекшеліктерін, білім беру ұйымына қабылдану кезіндегі

нәтижелерін, сондай-ақ уәждері мен қажеттіліктерін ескеру маңызды. Кешенді бағалау нәтижелеріне сүйене отырып, қажет болған жағдайда терроризмге қарсы сананы дамыту үдерісін ұйымдастыру барысында куратор әлеуметтену ортасының ықпалын ескере отырып, ең оңтайлы бағдарламаны әзірлейді. Студенттердің терроризмге қарсы санасының мазмұнын құрайтын әрбір компонентті енгізу үшін оларды кешенді ұйымдастырудың нақты құралдары айқындалады. Бұл құралдар міндетті іс-шараларды іске асыруды және жоғары оқу орнының түрлі қызметтерінің өзара үйлесімді әрекетін қамтиды.

Терроризмге қарсы сананы дамыту үдерісін тиімді ұйымдастыру үшін куратор келесі бағыттарға сүйенуі қажет:

- терроризм мен зорлық-зомбылық әрекеттеріне төзбеушілік көзқарасты қалыптастыру;

- студенттердің терроризмге қарсы іс-қимылдың мемлекеттік деңгейдегі маңызын саналы түрде түсінуін дамыту;

- студенттердің құқықтық нормалар мен азаматтық міндеттерді білуін, сондай-ақ оларды бұзғаны үшін жауапкершілікті түсінуін қамтамасыз ету;

- терроризмге қарсы қызметтегі құндылықтық бағдарлардың мәнін және олардың қалыптасу ерекшеліктерін түсіну.

Енді терроризмге қарсы сананы дамыту үдерісінің субъектілеріне сипаттама берейік.

Білім алушы студент. Оқу үдерісінде студенттердің назарын өз тұлғасына және өз өмірін өзін-өзі жетілдіру үдерісі ретінде қабылдауға бағыттау маңызды. Әлеуметтік-гуманитарлық цикл пәндері студенттердің мәселені кең ауқымда түсінуіне, өз орнын уақыт пен кеңістік тұрғысынан пайымдауына, сондай-ақ өз іс-әрекетінің нәтижелілігін бағалауға мүмкіндік береді. Дегенмен талдамалық деректер студенттердің қоғамдағы өз орнын және рөлін қабылдауында ауытқулардың пайда болу ықтималдығы жоғары екенін көрсетеді.

Жоғары оқу орнының оқытушылар құрамы. Оқытушы білім беру қызметін жүзеге асырады және білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу, сондай-ақ білім беру үдерісін ұйымдастыру міндеттерін атқарады. Ол жоғары оқу орнының білім беру ортасында терроризмге қарсы сананы дамыту үдерісін тікелей іске асыратын негізгі субъектілердің бірі болып табылады. Кураторға да, оқытушыға да қойылатын міндетті талаптардың бірі – терроризмге (зорлық-зомбылыққа) төзбеушілікке негізделген жеке дүниетанымның болуы, сондай-ақ бұл жұмыстың мемлекет, білім алушылар және өзі үшін маңызын түсіну болып табылады.

Жоғары оқу орнының білім беру ортасында терроризмге қарсы сананы дамыту үдерісін жүзеге асыру барысында оқытушыға ерекше талаптар қойылады. Бұл талаптар терроризмге қарсы қызметтің құндылықтық бағдарларын және оған сәйкес құндылықтарды тиімді іске асыруға мүмкіндік береді. Педагогта мынандай қасиеттер болуы тиіс:

- терроризмге қарсы іс-қимылға мүдделілік таныту;

- әлеуметтік әділеттілікке ұмтылу, қазіргі қоғамда әділеттілікті қалпына келтіруге және сақтауға талпыну;

- терроризмге қарсы сананы дамыту мақсаттарын ескере отырып, білім беру үдерісін жүзеге асыру қабілеті;

- терроризмге қарсы іс-қимылды айқындайтын құндылықтар туралы қалыптасқан түсінікке, олардың іске асу ерекшеліктері мен білім берудің үздіксіздігі туралы түсінікке ие болу;

- студенттерді терроризмге қарсы әрекетке даярлау технологиялары мен әдістемелерін меңгеру.

Білім беру пәнінің ерекшеліктеріне байланысты оқытушылар терроризмге қарсы сананы дамытуға қатысты әдіснамалық қағидаларға ерекше назар аударуы тиіс:

- білім алушыларда үйлесімді даму деген ішкі ұмтылысты өзектендіру және олардың өзін белсенді, ізгі ниетті азамат ретінде тануына жағдай жасау;

- терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы алынған білім, білік, дағдылар мен құзыреттердің нормативтік-құқықтық актілер талаптарына сәйкес өзара байланысын қамтамасыз ету;

- студенттерде терроризмге қарсы қызметтің құндылықтық бағдарларын қалыптастыруға бағытталу, яғни манипуляцияларға берілмеу және терроризм көріністеріне қарсы тұруға тұрақты ұстаным қалыптастыру;

- тәуекелдерге байланысты жағдайларда шешім қабылдау және мінез-құлықты дұрыс таңдай білу дағдыларын дамыту, сондай-ақ өз әрекеттері үшін жауапкершілікке тәрбиелеу.

Студенттерде терроризмге қарсы сананы дамыту үдерісінде оқу барысында белсенді мәселелік – жағдаятты талдауға негізделген кейстік тапсырмаларды қолдану маңызды. Мұндай кейстерге әртүрлі әдістер енгізіледі, оларды пайдалану оқытушыға терроризмге қарсы сананың мазмұнына назар аударуға мүмкіндік береді.

Ұсынылатын кейстік тапсырмаларды төмендегідей жіктеуге болады:

1. Құрылымдалған кейстер – нақты деректерге негізделген қысқа әрі нақты сипатталған жағдайлар, олар терроризмге қарсы сана саласында белгілі бір дағдыны бір әдіс арқылы қалыптастыруға бағытталады;

2. Үлкен құрылымдалмаған кейстер – деректер көлемі көп материалдардан тұратын, белгілі бір қызмет саласында дағдыларды қалыптастыру мен қолдануға арналған кейстер;

3. Стандартты емес кейстер – жағдайды талдау, оның даму нұсқаларын болжау, ықтимал салдарларын анықтау және әрекет бағыттарын айқындауда дағдыларды дамыту үшін қолданылады.

Кейстерді әзірлеу барысында оқытушы келесі тәсілдерді пайдалана алады:

- студенттерге дін, таңдау, мораль және терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелерін қамтитын артық ақпарат беру, оны кейін талдау, шешім қабылдау және тапсырманы орындау үшін пайдалану;

- құндылықтық таңдау мен түрлі шешім нұсқаларын қарастыруды талап ететін қақтығыс жағдайы туралы ақпарат ұсыну;

- студенттердің әртүрлі дереккөздерді іздеу және өңдеу белсенділігін дамыту мақсатында ақпаратты жеткіліксіз көлемде беру;

- ойлау икемділігі мен шешім қабылдаудың баламалылығын да дамыту үшін бірнеше түрлі шешім жолдары бар жағдаяттарды әзірлеу [190].

Терроризмге қарсы сананы дамыту үдерісін ұйымдастыру барысында әлеуметтенудің сыртқы ортасына төмендегілер жатады.

Қоғамдық институттар. Оқу кезеңі білім алушының өзін студент ретіндегі тануымен, сондай-ақ түрлі материалдық қолдау түрлері мен әлеуметтік кепілдіктерді алуымен тығыз байланысты екенін атап өткен жөн. Сондықтан қоғамдық және әлеуметтік институттардың студенттердің әлеуметтенуіне қатысты мәселелерді жоғары оқу орнында оқу барысында да, одан тыс уақытта да зерделеуі маңызды. Оқу кезеңінде тұрмыстық жағдайлардың қолайлылығы, студенттік жатақханалардағы тәрбие жұмысының сапасы, жоғары оқу орнының түрлі қызметтерінің өзара үйлесімді әрекеті – мұның барлығы студенттердің өмір сүру сапасына тікелей әсер етеді және терроризмге қарсы сананы дамытуға қажетті қауіпсіз орта қалыптастырады. Студенттерді ынталандырудың маңызды шарттарының бірі – мансаптық өсу мен бәсекеге қабілетті мүмкіндіктердің болуы, материалдық әл-ауқаттың лайықты деңгейі және әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз етілуі болып табылады.

Студенттерде терроризмге қарсы сананы дамытуға әсер ететін маңызды факторлардың бірі – бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы (кино, теледидар, жарнама және т.б.). Бұл құралдар уақыттың рухын дәл сезініп, оны кеңінен тарата алатыны ықпалды ақпараттық орта ретінде студенттердің көзқарастары мен құндылықтарына әсер етеді. Қабылдау психологиясына арналған көптеген зерттеулер көрсеткендей, адамның ақыл-ойына және талдау қабілетіне бағытталған ықпал көбіне оның эмоциясына, түйсігіне және жасырын күтілімдеріне әсер етумен салыстырғанда әлсіздеу болуы мүмкін. Сонымен қатар қазіргі ақпараттық кеңістікте адамның тұтынушы ретіндегі табыстылығы көбіне оның әлеуметтік жетістігінің көрсеткіші ретінде қабылданады.

Кейбір жағдайларда білім беру жүйесі әлеуметтік институт ретінде тұлғаны белгілі бір құндылықтар негізінде қалыптастырса, ал әлеуметтенудің басқа да қуаттық құралдары оған қарама-қарсы ықпал етуі мүмкін. Нәтижесінде сыртқы қайшылық туындап, ол адамның ішкі дүниесінде де қайшылықтың пайда болуына әкеледі. Мұндай жағдайда қоғамда қосарланған өлшемдер мен әртүрлі әлеуметтік рөлдер қалыптасуы мүмкін. Бұл құбылыс бір жағынан, білім беру жүйесінде, екінші жағынан, адамдардың күнделікті өмірінде байқалады. Ал тұлға санасында берік орныққан құндылықтық бағдарлар оның тұрақтылығын қамтамасыз етіп, белгілі бір мінез-құлық пен іс-әрекет үлгілерінің сабақтастығын сақтау мүмкіндігін береді [191].

Студенттердің ортасы мен отбасы. Студенттердің жақын ортасы олардың құндылықтық бағдарларын қалыптастырудағы маңызды әлеуметтік институттардың бірі болып табылады. Алайда бұл үдеріс көбіне бірқатар субъективтік және объективтік қиындықтармен сипатталады. Сонымен қатар қазіргі білім беру жүйесі тиімді өзара әрекеттестікке және бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыруға жеткілікті деңгейде бағытталмаған. Мысалы, отбасылық тәрбиенің әлеуеті мен оның нақты жүзеге асырылуы күткен деңгейде емес. Терроризмге қарсы қызметке қатысты құндылықтық бағдарларды

қалыптастыру тұрғысынан бұл мәселе ерекше өзекті, себебі білім алушының жақын ортасында мұндай мәселелер әрдайым дұрыс әрі дер кезінде түсіндірілмейді [192].

Ғылыми зерттеулерге негізделіп, студенттерде терроризмге қарсы сананы дамыту үдерісінің кезеңдерін қалыптастырамыз. Оны 11-кестеде ұсынамыз.

11-кесте– Студенттерде терроризмге қарсы сананы дамыту кезеңдері

Өзектендіру және ақпараттандыру кезеңі	Уәждеу және оқыту кезеңі	Бақылау кезеңі
Жоғары оқу орны қызметінің ерекшеліктерін қарастыру	Жоғары оқу орнында терроризмге қарсы сананы дамыту мақсаттарын келісу	Терроризмге қарсы сананы дамыту жұмыстарын ұйымдастыру нәтижелерін қорытындылау
Жоғары оқу орнының терроризмге қарсы білім беруге дайындығын талдау	Оқуүдерісі мен аудиториядан тыс қызметті түзету	Сыртқы ортаның ықпалын талдау және кейінгі жұмысқа түзетулер енгізу
Субъектілердің терроризмге қарсы білім беруге дайындығын талдау	Терроризмге қарсы сананы дамытуды әдістемелік қамтамасыз ету	Терроризмге қарсы сананы дамыту үдерісін жетілдіру мүмкіндіктерін бағалау
	Жоғары оқу орнында терроризмге қарсы сананы дамыту жоспарын бақылау	

Осыған байланысты қоғам мен ақпараттық құралдардың студенттерге ықпалын толық өзгерту мүмкін емес екенін атап өткен жөн. Ақпарат студентті барлық жағынан қоршап, оның дүниетанымына, көзқарастары мен түсініктерінің қалыптасуына әсер етеді. Жүйелі түрде терроризмге қарсы сананы қарастыру және ұйымдастыру университеттің қызметін қалыптастыруға мүмкіндік береді, сол арқылы белгілі бір стандарттарға сай құзыреттерді тиімді ұйымдастыруға, терроризмді алдын алу саласындағы заңнаманы орындауға, студенттерді даярлау бойынша нормативтік құқықтық актілердің талаптарын орындауға, университеттің білім беру кеңістігі мен әлеуметтену ортасының мүмкіндіктерін барынша пайдалану арқылы студенттерде терроризм мен зорлық-зомбылыққа төзбеушілік көзқарасын қалыптастыруға және терроризмге қарсы мінез-құлықтың алдын алу бойынша әрекет етуге дайындықты дамытуға жағдай жасайды.

Әр кезеңнің мазмұнын қарастырайық.

Өзектендіру және ақпараттандыру кезеңі.

Білім беру ұйымының, жоғары оқу орнының қызметінің ерекшеліктерін қарастыру төмендегілерді қамтиды:

- білім алушылардың және терроризмге қарсы сананы дамыту үдерісіне қатысатын басқа да субъектілердің сандық және сапалық құрамын талдау;

- білім беру үдерісін ұйымдастыру және терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелерін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді жинақтау;

- жоғары оқу орнында терроризмге қарсы сананы дамыту жұмыстарын ұйымдастыруға арналған іс-шаралар жоспарын әзірлеу.

Жоғары оқу орындарының терроризмге қарсы білім беруге дайындықты талдау төмендегілерді қамтиды:

- терроризмге қарсы сананы дамыту жүйесіне енгізудің студенттерде өзара үйлескен құндылықтарды (адалдық, саналы мінез-құлық, тәуелсіздік, жауапкершілік, риясыздық, ұтымдылық) қалыптастыруға бағытталуын айқындау;

- әртүрлі пәндерді оқу және аудиториядан тыс қызмет барысында жоғары оқу орнында оқу кезеңінің барлық кезеңінде терроризмге қарсы сананы дамытуға бағытталған өзара байланысқан жүйені әзірлеу.

Студенттердің терроризмге қарсы қызметке дайындықты талдау қамтиды:

- студенттердің терроризмге қарсы дайындыққа деген қажеттіліктерін диагностикалау;

- терроризмге қарсы сананы дамыту жүйесін жоғары оқу орнының қызметіне бейімдеу және енгізу мүмкіндіктерін айқындау.

Студенттердің терроризмге қарсы білім беруге дайындықты талдау мақсатында бірнеше диагностикалық әдістемелер әзірленген. Атап айтқанда студенттердің діни білімді қабылдауын және террористік қауіптерді түсіну деңгейін бағалауға арналған арнайы сауалнама құрастырылды (Қосымша А). Бағдарламаны қолдану барысында студенттердің бастапқы және қорытынды дайындық деңгейлерін бағалау үшін аталған сауалнаманы пайдалану ұсынылады.. Ол білім алушылардың өзін қабылдауын және терроризмге қарсы сананың тұлғалық маңызын бағалауға бағытталған.

Одан әрі екінші кезеңде біздің курсты іске асыру және аудиторияның сұраныстарына байланысты оны ықтималды түзету жүргізілді. Үшінші кезеңде біз студенттердің терроризмге қарсы санасының даму деңгейін диагностикалау және алынған нәтижелерге талдау жоспарланады. Бұл кезең ұсынылған әлеуметтік-педагогикалық модельдің тиімділігін эмпирикалық тұрғыдан бағалауға бағытталған.

Екінші бөлім бойынша тұжырым

Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамыту процесін тұжырымдамалау барысында мынандай қорытындылар жасалды.

Жобалаудың базалық құралы ретінде стратегиялық тұғыр таңдалған, ол осы жұмыстың контекстінде тұлғаның белгісіздік пен тәуекелдер жағдайында экстремистік көріністерге қарсы тұру қабілетін қалыптастыруға бағытталған негізделген педагогикалық іс-қимылдар жүйесі ретінде айқындалады.

В.А. Ядовтың диспозициялық иерархия теориясына сүйене отырып, студенттің деструктивті ықпалдарға қарсы тұру қабілетін дамытуда мінез-құлықты реттеудің әртүрлі деңгейлерінің, қарапайым әлеуметтік ұстанымдардан бастап жоғары құндылықтық бағдарларға дейінгі жүйенің өзара үйлесімділігі

маңызды екені теориялық тұрғыдан негізделді. Сыртқы манипуляциялық ықпалдарды сыни бағалауда тұлғаның саналы түрде қалыптасқан құндылықтық бағдарлары, әлеуметтік жауапкершілігі және тұрақты дүниетанымдық ұстанымдары маңызды ішкі бағдар ретінде қарастырылады. Зерттеу барысында алдап, арбау мен манипуляцияларға қарсы іс-қимылдың негізгі ресурстары (BITE модельдері мен «нарциссиялық алдау» тактикасын қоса алғанда) өзін-өзі бақылау және сыни ойлау болып табылатыны анықталды. Өзін-өзі бақылау «эго сарқылуының» алдын алу үшін мақсатты дамуды талап ететін шектеулі когнитивтік ресурс ретінде қарастырылады, ал сыни ойлау дағдылардың үздіксіз циклі ретінде жорамалдарды танудан дәлелдер ақиқаттығын қорытынды бағалауға дейін ұсынылады.

Әлеуметтік-педагогикалық модель бес блокты қамтитын тұтас жүйені білдіреді: субъектілер, құндылық-мақсатты, мазмұндық, процестік-іс-әрекеттік және критериалды-бағалау. Модельдің әдіснамалық іргетасын аксиологиялық, жүйелік, ресурстық-орталық және іс-әрекеттік тәсілдер және біртұтас педагогикалық процесс, герменевтикалық теориялары құрайды, бұл сананың дамуын бір реттік іс-шара ретінде емес, студенттің құндылық-мағыналық саласының терең трансформациясы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Модельді іске асырудың тиімді тетігі ретінде алдын алу компоненттерді гуманитарлық пәндердің (тарих, философия, психология) және сабақтан тыс іс-әрекеттің мазмұнына кіріктіруді көздейтін терроризмге қарсы білім беру матрицасы ұсынылған. Алдын алудың табысты болуы барлық субъектілердің: ЖОО-ның, оқытушылар құрамының, кураторлар мен отбасының күш-жігерін шоғырландырумен тікелей байланысты, бұл бірыңғай «қауіпсіз кеңістік» құруды қамтамасыз етеді және жастардың санасында «қосарланған стандарттардың» пайда болу қаупін азайтады.

Терроризмге қарсы сананы дамыту процесін іске асыру кезең-кезеңмен жүзеге асырылады: өзектендіру мен ақпараттандыру, оқыту мен уәждеу және бақылаудан («Мен, сен, біз - терроризмге қарсы» авторлық онлайн-курсын қоса алғанда) кезеңіне қарай. Процестің тиімділігі студенттің терроризмге қарсы қондырғылардың қалыптасуының қауіпті деңгейінен оңтайлы деңгейіне өтуін бақылауға мүмкіндік беретін когнитивтік, құндылықтық-уәждемелік, сыни-талдамалық және іс-әрекеттік-мінез-құлықтық критерийлері бойынша бағаланады. Аталған критерийлердің диагностикалық мүмкіндіктерін және әзірленген әлеуметтік-педагогикалық модельдің тиімділігін эмпирикалық тұрғыдан тексеру алдағы зерттеулердің міндеті ретінде айқындалды.

Осылайша, студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамыту - бұл өмірлік мәселелерді шешудің құралы ретінде радикалдық идеяларды қабылдауды болдырмайтын ішкі жеке басының ресурстарын меңгеруге және құндылықтардың тұрақты жүйесін қалыптастыруға негізделген жүйелі білім беру процесі екендігі тұжырымдамалық негізделген.

3 СТУДЕНТ ЖАСТАРДА ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ САНАНЫ ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫС МАЗМҰНЫ

3.1 Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың бастапқы деңгейінің нәтижелері

Әлемнің әртүрлі өңірлерінде бейбіт тұрғындардың өмірін қиып жатқан террористік әрекеттер туралы хабарлардың үздіксіз таралуы терроризмге қарсы іс-қимыл мәселесін мемлекеттің басым міндеттерінің бірі ретінде қарастыру қажеттігін айқындайды. Сонымен қатар, террористік ұйымдардың қызметіне тартылатын жастар санының артуы да бұл мәселенің өзектілігін күшейтеді. Жас ұрпақтың радикалды идеология өкілдері тарапынан нысанаға алынуы студент жастардың жас кезеңіне тән психологиялық ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Олардың қатарына тәуелсіздікке ұмтылу, өмірлік мақсаттарын іздеу және өзіндік ұстанымын қалыптастыруға талпыныс, ақпаратты сыни тұрғыдан толық бағалай алмау, дүниетанымдық тұрақсыздық, өзін-өзі айқындау үдерісіндегі қиындықтар және басқа да факторлар жатады. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, радикалды идеологияны таратушылар жастарды өз қатарына тарту мақсатында сананы манипуляциялау мен психологиялық ықпал ету тәсілдерін тиімді қолданады. Осыған байланысты, жастардың терроризм идеологиясын қабылдамауына бағытталған құндылықтық ұстанымдар мен көзқарастарды қалыптастыруға, сондай-ақ, олардың терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелерінде белсенді азаматтық ұстанымын дамытуға ықпал ететін тиімді педагогикалық технологияларды әзірлеу қажеттілігі туындайды. Мұндай тәсілдер жастардың террористік ұйымдардың ықпалына түсуді алдын алуға және олардың қоғамдағы жауапты әлеуметтік мінез-құлқын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Эксперименттік зерттеудің мақсаты – студент жастар ортасында терроризмге қарсы сананы дамытудың әлеуметтік-педагогикалық моделі мен бағдарламаның тиімділігін эксперименттік тұрғыдан негіздеу.

Эксперименттік зерттеудің міндеттері:

1. Фокус-топтық зерттеу арқылы студенттерде терроризмге қарсы көзқарастарының, түсініктерінің және терроризмге қарсы сананы дамытуға бағытталған алдын алу іс-шаралары туралы пайымдарының әртүрлі көріністерін айқындау.

3. Студенттік ортада терроризмге қарсы сананы қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік-педагогикалық технологиялардың тиімділігін эксперименттік тұрғыдан тексеру.

4. Студенттік ортада терроризмге қарсы сананы қалыптастыруға арналған әлеуметтік-педагогикалық технологияларды енгізгенге «дейінгі» және енгізгеннен «кейінгі» жастардың терроризмге қарсы сана деңгейлерінің өзгеру динамикасын анықтау.

Эксперименттік зерттеу гипотезалары.

Н1. Студенттерге жүргізілген сандық және сапалық сауалнама әдістерін қолдану жастардың дін, діни білім, радикалдану және терроризмге қарсы

ұстанымдарға қатысты саналы және бейсаналы ассоциациялық түсініктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Н2. Сауалнама нәтижелері студенттердің санасында терроризмнің қоғамдық қауіпті құбылыс ретінде қалай қабылданатынын және террористік қауіпке қарсы бағытталған мемлекеттік шараларды олардың қалай бағалайтынын анықтауға мүмкіндік береді.

Н3. Студенттік ортада терроризмге қарсы сананы дамытуға бағытталған әлеуметтік-педагогикалық технологиялар кешенін әзірлеу және енгізу студенттердің терроризмге қарсы санасының деңгейлерінің көрінісінде елеулі айырмашылықтарды анықтауға, сондай-ақ, осы технологияларды енгізгенге «дейінгі» және енгізгеннен «кейінгі» даму динамикасын айқындауға мүмкіндік береді.

Н4. Терроризмге қарсы сананы дамытуға бағытталған әлеуметтік-педагогикалық технологияларды жүзеге асыру барысында мағыналық кедергі тетіктеріне басымдық беріледі. Бұл тетік олардың арасындағы мағыналық ұқсастықты күшейту және арттыру арқылы ортақ құндылықтық-мағыналық кеңістікті (ақпаратты жеткізуші мен қабылдаушы арасында) кеңейту құралы ретінде қарастырылады. Аталған үдеріс өзара байланысты, бірақ қарама-қарсы бағытталған екі процесс – даралану және әлеуметтену арқылы айқындалады.

Негізгі әдіс ретінде фокус-топтық (ФТ) зерттеу таңдалды және оны қолданудың мақсаты жастар ортасында терроризмге қарсы сананың дамуының алғышарттарын, себептері мен факторларын анықтау болды. Фокус-топтық зерттеудің ерекшелігі –ашық сұрақтардың болуы және модераторлардың талқылау атмосферасын сақтауы және респонденттердің жеке пікірлерін ашық білдіруі. Мұнда топтық пікірталас түрінде терең сұхбат жүргізіледі.

Зерттеу жүргізу үшін респонденттерді іріктеу біртектілік қағидаты бойынша жүзеге асырылды. Қатысушылар құрамы бойынша – бұл 1-2 курс студенттері, шамамен 17-21жас. Барлығы ФТ зерттеу 12 адамнан тұратын 4 топты қамтыды.

ФТ зерттеу міндеттері: 1)жастардың радикалдануына түрлі факторлардың әсерін анықтау; 2) студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытудың маңыздылығын өзектендіру; 3)студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамыту процесін жетілдіру тәсілдері мен алдын алу жүйесінің даму нүктелерін белгілеу.

Бөлінген міндеттерге байланысты ФТ зерттеу сұрақтары 5 сұрақтан тұратын үш блокқа топтастырылды, барлығы 15 сұрақ.

1-блоктың сұрақтары:

– Сіздің пікіріңізше, Қазақстанның жас азаматтарында терроризмге қарсы сананы қалыптастыру қашан басталуы тиіс?

– Сіздің ойыңызша, соңғы 10 жыл ішінде ұлтаралық және конфессия аралық қақтығыстардың саны азайды ма?

– Сіздің пікіріңізше, жастардың радикалды көзқарастарды ұстануына қандай себептер әсер етеді?

– Сіз өз құрдасыңыздың немесе танысыңыздың діни көзқарас негізінде түбегейлі өзгерген жағдайына мысал келтіре аласыз ба?

– Өмірде немесе әлеуметтік желілерде қазақ мәдениетіне жат идеялар мен көзқарастардың насихатталуына қатысты мысалдар келтіре аласыз ба?

2-блоктың сұрақтары:

– Жастардың радикалдануы күшейген жағдайда қандай қауіптер немесе үрдістер туындауы мүмкін?

– Сіздің ойыңызша, терроризмге және оның идеологиясына қарсы күресте студенттердің рөлі қандай болуы тиіс?

– Сіздің терроризмнің алдын алуға бағытталған ақпараттық немесе түсіндіру материалдарымен танысқан кезіңіз болдыма?

– Сіздің пікіріңізше, қоғамда шектен тыс радикалданудың алдын алу үшін ең алдымен қандай шаралар қажет?

– Терроризмге қарсы сана туралы не білесіз? Оның құрамына қандай элементтер кіруі мүмкін?

3-блоктың сұрақтары:

– Сіздің ойыңызша, Қазақстан жоғары оқу орындарында жаңартылған діни жоғары білім беру моделін қалыптастыру ұлтаралық және конфессияаралық үйлесімді қатынастарды дамытуға ықпал ете ме?

– Жоғары оқу орындарында өткізілетін тәрбиелік іс-шаралардың терроризм идеологиясын қабылдамау көзқарасын қалыптастыруға әсерін қалай бағалайсыз?

– Студенттерде терроризмге қарсы сананы қалыптастыру жұмыстарын ұйымдастыру барысында оқытушылар мен кураторлар қандай мәселелерге ерекше назар аударуы тиіс?

– Сіздің пікіріңізше, Қазақстанда экстремизм мен терроризм қауіптерінің алдын алу үшін қазіргі қолданылып жүрген алдын алу шараларында не жетіспейді?

– Сіз жеке өзіңіз «жолын жоғалтып», радикалды көзқарастарға бейімделген құрдасыңызға қалай көмектесе аласыз? Қандай тәсілдерді қолданар едіңіз?

Біз екі модератормен стандартты фокус-топтық зерттеуді қолдандық, онда біреуі пікірталас ұйымдастырды және жүргізді, ал екіншісі жастардың терроризмге қарсы санасын дамытудың барлық аспектілерін талқылау барысында қамтуды қадағалады. Сұхбат әр топта орта есеппен 70-90 минутты қамтыды, транскрипция бейне және аудио жазбалармен жүргізілді. Транскрипт жасалғаннан кейін респонденттердің пікірлері жүйеленді. Деректерді өңдеу диаграммалар мен сызбаларды шығаруды қамтымайды, өйткені, бұл – сапасыз реттеу әдісі.

Бірінші сұрақ бойынша, ФТ зерттеуге қатысқандардың көпшілігі терроризмді зорлық-зомбылықпен, заңды бұзумен және адамдарға қарсы күш қолданумен байланыстырады.

Екінші «Сіздің ойыңызша, соңғы 10 жылда ұлт аралық және конфессия аралық қақтығыстар саны азайды ма?» деген сұрақ бойынша ФТ зерттеу қатысушыларының пікірінше, әлемде ұлтаралық және конфессияаралық қақтығыстар азайған жоқ. Алайда, 1-2 курс респонденттерінің пікірінше, бұл мәселе Қазақстан үшін аса өзекті емес, олар республика контекстінде жекелеген

өңір ретінде мұндай қауіп онша маңызды емес деп санайды, дегенмен, ол әсіресе, күшейіп келе жатқан көші-қон аясында кездесуі мүмкін деген ойларын білдірді.

3-сұраққа «Жастар қандай себептермен радикалды көзқарастарды ұстанады деп ойлайсыз?» жетекші факторлар ретінде мыналар жіктелді: субъективті-еліктеу, эмоционалды тұрақсыздық, сыни көзқарастың болмауы, діни сауаттылықтың төмендігі, сананың төмендігі және объективті факторлар-тәрбиенің әлсіздігі, әсіресе отбасылық, қоршаған ортаның бұзылуы, қоғамға және заңға деген сенімнің төмендеуі, интернеттің әсері.

4-сұраққажауапретінде, респонденттердің көпшілігінің пікірінше, терроризмге қарсы сананы қалыптастыру 10-12 жастан басталуы керек және15-16 жасқа дейін жас адам тәуелсіз тұлға бола отырып, қоршаған ортада адасып кетпеуі және дұрыс шешім қабылдауға үйренуі үшін түпкілікті қалыптасуы керек. 1 және 2 курс респонденттерінің арасында терроризмге қарсы сананы қалыптастыру 6-7 жастан бастап, мектепте үздіксіз басталуы керек деп санайтын студенттердің бір бөлігі болғанын белгіледік.

Келесі сұрақ: «Сіз өзіңіздің құрдастарыңыздың немесе таныстарыңыздың діни негізде түбегейлі өзгергеніне мысалдар келтіре аласыз ба?» қатысушылар арасында аздаған қолайсыздық туғызды. Сауалнамаға қатысушылар өздерінің жақын ортасынан құрдастарының немесе таныстарының діни негізде қалай түбегейлі өзгергеніне мысалдар келтіре алмады. Алайда, әр топта таныстар шеңберінен, көшедегі көршілерден 2-3 мысал болды, онда адам оң жаққа өзгерді, «ақыл тоқтатты», намаз оқи бастады, алкогольді ішуді тоқтатты. Сондай - ақ, адамның мүлдем қарама-қарсы жаққа өзгеруінің мысалдары келтірілген: ол көпшіл болды-енді ол «харам» жерлерге бармайды, отбасы толығымен «жабылды».

«Қазақ мәдениеті не жат идеялармен көзқарастар өмірден, әлеуметтік желілерден мысалдар келтіруге болама?» деген сұраққа ФТ зерттеу қатысушылары әлеуметтік желілерден: қазақтың домбырасы, ұлттық дәстүрлер мен салт- дәстүрлері харам мысалдарын еш қиындықсыз келтірді. 2 курс студенттері мәдени дәстүрлер мен исламдағы қайшылықтарға байланысты бөтен идеяларды көбірек жеткізді, ал 1 курс студенттері бөтен идеяларға: татуировкалар мен пирсингтерге, букмекерлік ойындарға және медиа тұлғалар жарнамалайтын жеңіл ақшаға қатысты мысалдар келтірді.

7-сұраққа жауаптар беру барысында бірауыздан студент жастардың радикалдануы ұлтаралық келіспеушіліктің күшеюіне, қоғамдағы деструктивтілікке (кісі өлтіру, ұрлық және т.б.) әкелуі мүмкін екенін көрсетеді. Егер жоғары курстар қауіп-қатерді болашақ ұрпақтың ұлттық санасының өзгеруімен байланыстырса, онда төменгі курстар жергілікті соғыс қимылдарының пайда болу қаупімен көбірек байланыстырды.

ФТ зерттеуінің 8-сұрағына жауап бере отырып, бұл процестерде 1 курс студенттері өздерінің діни білімі мен тәрбиесін арттыруда, ұлттық құндылықтармен мағыналарды нығайтуда өз рөлін көреді. 2 курс студенттері терроризмге және оның идеологиясына қарсы күрестегі сыни ойлауды дамыту, мотивацияны көтеру, патриоттық тәрбие беру, еріктілік және қоғамдық маңызы бар жобалармен іс-шараларға қатысу сияқты құралдарға көбірек көрсетті. 9-

сұраққа жауаптар көрсеткендей, респонденттердің барлығы дерлік мемлекеттік ұйымдарда, қоғамдық орындарда терроризмге қарсы алдын алу материалдармен бетпе-бет келген; танымдық материалмен көбінесе мектеп ортасында, мектеп психологымен сабақ кезінде танысса, ал ЖОО ортасында мүлдеп кездеспегендерін пайымдады.

10-сұрақ студенттердің радикалдануға қарсы шаралар ретінде не және қандай іс-шаралар ұсына алатындығын болжады. Мынандай деректер алынды: заңдар мен азаматтардың жауапкершілігін күшейту; қоғамдық тәртіпті және бұзушылықтардың жолын кесу шараларын күшейту; мектеп жасындағы оқушыларды қамтитын тұрақты ағартушылық жұмыс, семинарлар мен кездесулер өткізу; оқушылармен студенттердің қатысуымен ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру; гуманитарлық пәндердің сапасын арттыру (сабақтар «жәй көрсету» үшін өткізілмеуі, қоғамның «ауыр» мәселелерінен аулақ болу емес, нақты талқылау болуы); гуманитарлық пәндерді оқыту сапасын көтеру (оқытушылардың діни сауаттылығы студенттерге қарағанда жоғары болуы тиіс); тәрбие процесінің сапасын көтеру.

11-сұрақ келесідей болды: «Қазақстанның жоғары оқу орындарында Діни жоғары білімнің жаңартылған моделін құру үйлесімді ұлтаралық және конфессияаралық қатынастарды қалыптастыруға көмектеседі деп ойлайсыз ба?». Мұнда ФТ зерттеу қатысушыларының көпшілігі сапалы діни жоғары білім үйлесімді ұлтаралық және конфессия аралық қатынастарды қалыптастыруға көмектесетінін атап өтті. Қалған бөлігі тек діни білім жеткіліксіз, мемлекеттік және заңнамалық деңгейдегі іс-шаралар қажет деп санайды.

12-13-және14-мәселелер студенттердің экстремизм мен терроризмге қарсы алдын алуға бағытталған ЖОО-дағы тәрбие жұмысын бағалауды көздеді. Университеттегі тәрбие іс-шараларының терроризм идеологиясынан бас тартудың қалыптасуына әсерін респонденттердің көпшілігі оң бағалайды. Алайда, оны өткізудің тәсілдері, әдістері мен форматтары өзгеруі керек деп есептейді: әлеуметтік желілер көбірек қолданылуы керек, нақты оқиғалар мен иллюстрациялар, танымал медиа адамдар мен шеберханалар мен семинарлар және т. б.

Сонымен, 13-сұраққа «Студенттер арасында терроризмге қарсы сананы қалыптастыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру кезінде оқытушылар мен кураторларға неге назар аудару керек?» деген сұраққа студенттер тәуекел тобындағы студенттермен жұмыс істеу технологияларына кураторлар аса назар аударуы керек, олар жеке тұлғаның өзгеруін байқап, уақтылы бақылау мен әңгіме жүргізіп, қажет болған жағдайда көмек сұрауға координаттар бере алуы керек деп санайды.

Қазір Қазақстанда экстремистік және террористік қатерлерді болдырмау үшін қолданылатын алдын алу шараларында студенттердің пікірінше жүйелілік, интерактивтілік, қызықты тартымды контенттер жетіспейді.

15-сұраққа респонденттер нақты мәселе туындаған жағдайда және «жоғалған» құрдастарына көмек көрсету қажет болған жағдайда, көпшілігі онымен сөйлесуге, мешітке имамға апаруға немесе мамандардың көмегіне

жүгінуге тырысады. Алайда, студенттердің көпшілігі мұндай мамандарды білмейтіндігін айтты.

Қорытындылай келе, нәтижелер жалпы студент жастардың терроризмге қарсы санасын дамытуға қатысты сұраныстарды нақты анықтайтынын және ЖОО немесе мектеп ұйымдастыратын іс-шаралардың білім беру әлеуетін айқын көрсететінін нақтылады. Студентке қауіпсіздікке қауіп төндіретін кез-келген мәселені шешуге көмектесетін іс-шаралар қажет. Сондай-ақ, мұндай іс-шаралар белгілі бір дағдыларды игеруге немесе маңызды білім алуға және студенттер іс-шараның белсенді қатысушылары ретінде әрекет етуге көмектесуі керек. Студенттер ұсыныс ретінде манипуляциялармен жалдау әрекеттерін тану сабақтары қажет екенін айтты, өйткені, көбінесе студенттер терроризмді насихаттау» ұғымына не кіретінін түсіне алмайды.

Қалыптастырушы эксперименттің міндеттері:

- эксперименталды және бақылау топтарын іріктемесін анықтау (ЭТ және БТ);

- «Мен, сен, біз терроризмге қарсымыз» атты арнайы курсты ұйымдастыру және өткізу;

- ЭТ және БТ өзгерістерін диагностикалау және жалпылама қорытындыларды тұжырымдау.

Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамытуға бағытталған ғылыми-зерттеу жұмысы екі жоғары оқу орнының базасында жүргізілді: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде және Қазақ спорт және туризм академиясында.

Осыған байланысты 16–24 жас аралығындағы студенттердің діни түсініктерінің бастапқы деңгейін, сондай-ақ, террористік әрекеттер мен олардың салдарын түсіну дәрежесін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді.

Сауалнамаға мемлекеттік және жекеменшік жоғары оқу орындарының студенттері қатысты: Е. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Каспий университеті, «Болашақ» университеті (Қызылорда), Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті, А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай инженерлік-экономикалық университеті. Аталған жоғары оқу орындары республиканың әртүрлі өңірлерінде орналасқан, сондықтан зерттеу барысында елдің оңтүстік және солтүстік аймақтарының студенттері қамтылды. Жалпы сауалнамаға 531 студент қатысты.

Сауалнама әлеуметтік-демографиялық мәліметтерден және 19 жабық сұрақтан тұрды, сұрақтар екі ірі блокқа топтастырылды: а) дінге деген көзқарас, діни білім алудағы басымдықтар; б) қауіпсіздік сезімі және террористік қызметтің қауіп-қатерлерін түсіну [193].

Сауалнама Google Forms платформасында орналастырылып, тестілеу онлайн режимде өткізілді. Сауалнама оқытушылар арқылы таратылып, студенттер тарапынан толтырылды. Өткізу мерзімі: 2024 жылғы сәуір, мамыр айлары. Барлық жауаптар сақталып, Excel кестелік форматында өңделді, сондай-ақ, SPSS бағдарламасы арқылы талданды және нәтижелер гендерлік және жас

ерекшеліктері бойынша ұсынылды. SPSS (Statistical Package for the Social Sciences) – деректерді енгізуді ұйымдастыруға, олардың құрылымын икемді түрде өзгертуге, деректерге заманауи статистикалық өңдеу әдістерін немесе олардың бірізділігін қолдануға және нәтижелерді қолайлы әрі көрнекі түрде алуға мүмкіндік беретін бағдарлама [194].

Зерттеу нәтижелері бойынша респонденттердің 55,8%-ы дінді таңдауды жеке, дербес таңдауымен байланыстырады, ал 44,2%-ы өз таңдауларын отбасының дәстүрлі дінімен байланыстырады. Респонденттердің 47,1%-ы діннің оң әсері бар екенін атап өтеді, алайда, өмірін толықтай дінге арнаудың қажеті жоқ деп санайды; ал 36,0%-ы діннің оң әсері бар және өмірді толықтай дінге арнау қажет деп есептейді.

Респонденттердің 39,5%-ы адамдар діни мәдениет туралы түсінікті ең алдымен отбасында және үйде алуы тиіс деп санайды; 24,5%-ы – діни ұйымдарда; 16,6%-ы – мектепте және университетте деп пайымдайды.

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 71,8%-ы өзге діни көзқарастағы адамдарға құрметпен қарайды, ал 24,3%-ы бұл мәселеге бейтарап қарайтынын көрсеткен.

Респонденттердің 50,7%-ы дін мен дәстүр қатар жүруі тиіс деп санайды, ал 37,9%-ы оларды бір-біріне сәйкес келмейтін, бөлек ұғымдар ретінде қарастырады.

Гендерлік тұрғыдан алғанда, ерлер мен әйелдер үшін де туыстары мен таныстарының діндар болуы маңызды фактор болып табылады. Алайда, ер адамдардың 35,3%-ы мешіттер мен ғибадат орындарындағы діни уағыздарға көбірек бағдарланған болса, әйелдердің 22,8%-ына интернет, теледидар және әлеуметтік желілер көбірек ықпал етеді.

Әйелдер діни әдебиеттерді көбірек оқиды, сондай-ақ, курстар мен ұйымдар арқылы өз білімдерін жетілдіреді. Ал ер адамдарға діни қауымдастық жиналыстарының (жамағат, шура және т.б.) ықпалы жоғары.

Жас ерекшелігі тұрғысынан, туыстар, достар және таныстардың діндар болуы респонденттердің барлық жас топтары үшін дін таңдауда маңызды рөл атқарады. 16–18 және 18–20 жас аралығындағы респонденттер үшін мешіттер мен ғибадат орындарындағы діни уағыздар, сондай-ақ, интернет, Skype және теледидар сияқты ақпарат көздері анағұрлым маңызды. Ал 22–24 жас аралығындағы жастар үшін рухани әдебиеттерді оқу және рухани тәлімгерлермен қарым-қатынас жасауға көбірек мән беріледі.

Толық ақпарат төмендегі 12-кестеде беріліп отыр.

12-кесте - «Таңдалған дінді ұстану себептеріңіз?» сұрағы бойынша респонденттердің жауаптарының бөлінісі

Жауап нұсқалары	Жасыңызды көрсетіңіз					Барлығы
	16 жастан	18 жастан 20	20 жастан 22	22 жастан 24	24 жастан асқан	

12-кестенің жалғасы						
	18 жасқа дейін	жасқа дейін	жасқа дейін	жасқа дейін		
Діндар туыстар, достар және таныстар	27	123	64	21	14	249
	50,0%	49,4%	45,7%	50,0%	30,4%	
Мешітте, шіркеуде және т.б. жерлерде жүргізілетін діни уағыздар	20	93	36	13	7	169
	37,0%	37,3%	25,7%	31,0%	15,2%	
Интернет, Skype, теледидар және т.б.	15	61	31	8	4	119
	27,8%	24,5%	22,1%	19,0%	8,7%	
Діни оқу орындарында білім алу	7	23	12	7	1	50
	13,0%	9,2%	8,6%	16,7%	2,2%	
Діни әдебиеттерді оқу	8	36	21	9	4	78
	14,8%	14,5%	15,0%	21,4%	8,7%	
Рухани тәлімгерлер мен ұстаздар	5	25	14	5	1	50
	9,3%	10,0%	10,0%	11,9%	2,2%	
Діни қауымдастық жиналыстары (жамағат, шура жәнет.б.)	6	15	7	2	1	31
	11,1%	6,0%	5,0%	4,8%	2,2%	
Дін қызметкерлерімен қарым-қатынас жасау	7	21	11	4	0	43
	13,0%	8,4%	7,9%	9,5%	,0%	
Дін туралы білім алмаймын	5	24	20	4	14	67
	9,3%	9,6%	14,3%	9,5%	30,4%	
Басқа	7	29	26	5	8	75
	13,0%	11,6%	18,6%	11,9%	17,4%	
	54	249	140	42	46	531

Ескерту: автормен құрастырылған.

Респонденттер терроризм ұғымын әртүрлі сипаттайды, ал жауаптардың бөлінісін төмендегі 13-кестеден көруге болады.

13-кесте - «Терроризм – бұл» деген сұраққа берілген жауаптардың жас ерекшелігі бойынша бөлінісі

Жауап нұсқалары	Жасыңызды көрсетіңіз					Барлығы
	16 жастан 18 жасқа дейін	18 жастан 20 жасқа дейін	20 жастан 22 жасқа дейін	22 жастан 24 жасқа дейін	24 жастан асқан	
Зорлық-зомбылық	27	150	67	27	25	296
	50,0%	60,2%	47,9%	64,3%	54,3%	
Заңды бұзу	39	171	84	24	24	342
	72,2%	68,7%	60,0%	57,1%	52,2%	
Билік үшін күрес	19	88	46	11	14	178
	35,2%	35,3%	32,9%	26,2%	30,4%	

13-кестенің жалғасы						
Бостандық үшін күрес	6	27	14	2	5	54
	11,1%	10,8%	10,0%	4,8%	10,9%	
Қатыгездіктің көрінісі	38	171	94	27	22	352
	70,4%	68,7%	67,1%	64,3%	47,8%	
Төзімсіздік	6	39	22	9	10	86
	11,1%	15,7%	15,7%	21,4%	21,7%	
Этникалық топтар арасындағы күрес	18	68	40	11	14	151
	33,3%	27,3%	28,6%	26,2%	30,4%	
Діни фанатизм	22	111	81	30	27	271
	40,7%	44,6%	57,9%	71,4%	58,7%	
Шектен тыс көзқарастарды ұстану	19	90	62	24	23	218
	35,2%	36,1%	44,3%	57,1%	50,0%	
Қорқыту	27	131	60	20	18	256
	50,0%	52,6%	42,9%	47,6%	39,1%	
	54	249	140	42	46	531

Ескерту: автормен құрастырылған.

Ер студенттердің 61,6%-ы, ал әйел респонденттердің 69,7%-ы терроризмді қатыгездіктің көрінісімен байланыстырады. Ерлердің 58,9%-ы және әйелдердің 68,4%-ы терроризм көбіне заң мен құқықтық тәртіпті бұзумен байланысты деп санайды. Ер студенттердің 56,7%-ы, ал әйелдердің 55%-ы терроризмді зорлық-зомбылық ретінде сипаттайды. Сонымен қатар, ерлердің 58,9%-ы және әйел студенттердің 45,3%-ы терроризмді діни фанатизммен байланыстырады.

Жас ерекшелігі бойынша респонденттердің басым бөлігі терроризмді қатыгездіктің көрінісі ретінде қабылдайды. Терроризмді зорлық-зомбылық ретінде қабылдау 18–20 және 22–24 жас аралығындағы топтарда жиі байқалады.

Терроризмді заң бұзумен байланыстыратындардың үлесі жас топтары бойынша төмендегідей:16–18 жас – 72,2%,18–20 жас – 68,7%,20–22 жас – 60%. Жоғары курс студенттерінің басым бөлігі терроризмді діни фанатизммен байланыстырады: 20–22 жас – 57,9%,22–24 жас – 71,4%,24 жастан жоғары – 58,7%.

Сонымен қатар, жоғары курс студенттері терроризмді шектен тыс көзқарастарды ұстанумен байланыстырады, бұл көрсеткіш 22–24 жас тобында 57,1% құрайды. Ал терроризмді қорқыту ұғымымен көбінесе төменгі курс студенттері байланыстырады: 16–18 жас – 50%, 18–20 жас – 52,6% респондент (14-кестеде толық көруге болады).

14-кесте - «Террористік қызметке тартылудың себептері мен факторлары» сұрағына берілген жауаптардың гендерлік тұрғыдан бөлінісі

Жауап нұсқалары	Жынысыңызды көрсетіңіз		Барлығы
	еркек	әйел	
Материалдық әл-ауқатқа жетуге ұмтылу	87	149	236
	38,8%	48,5%	

14-кестенің жалғасы			
Белгілі бір идеологияны ұстану	145	148	293
	64,7%	48,2%	
Әлемді өзгертуге ұмтылу	71	73	144
	31,7%	23,8%	
Әділеттілікке жетуге ұмтылу	38	41	79
	17,0%	13,4%	
Адамдарға үстемдік етуге ұмтылу	77	101	178
	34,4%	32,9%	
Қауіп-қатер мен өткір әсерлерге қызығушылық	27	42	69
	12,1%	13,7%	
Серіктестер табуға, белгілі бір топтың мүшесі болуға ұмтылу	50	48	98
	22,3%	15,6%	
Өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылу	38	36	74
	17,0%	11,7%	
	224	307	531

Ескерту: автормен құрастырған

15-кесте - нің мазмұны жастарды терроризмге тартудың себептері мен факторлары бойынша жауаптардың келесідей бөлінетінін көрсетеді: ер респонденттер арасында негізгі себеп ретінде «белгілі бір идеологияны ұстану» (64,7%) аталады, ал әйел респонденттер бұл құбылысты көбіне «материалдық әл-ауқатқа жетуге ұмтылумен» (48,5%) байланыстырады. Жетекші факторлардың бірі ретінде респонденттер «басқаларға үстемдік ету сезімін сезінуге ұмтылуды» да атап өтеді (34,7% ерлер және 32,9% әйел студенттер). Сонымен қатар, ер студенттердің 31,7%-ы терроризмге тартылудың факторларының бірі ретінде «әлемді өзгертуге ұмтылуды» көрсеткен. Жас ерекшелігі бойынша, бұл сұраққа берілген жауаптар келесідей бөлінді: 18 жастан бастап 24 жастан жоғары жастарға дейінгі барлық топтар үшін жетекші фактор ретінде «белгілі бір идеологияны ұстану» аталады.

15-кесте - «Террористік қызметке тартылудың себептері мен факторлары» сұрағына берілген жауаптардың жас ерекшелігі бойынша бөлінісі

Жауап нұсқалары	Жасыңызды көрсетіңіз					Барлығы
	16 жастан 18 жасқа дейін	18 жастан 20 жасқа дейін	20 жастан 22 жасқа дейін	22 жастан 24 жасқа дейін	24 жастан асқан	
Материалдық әл-ауқатқа жетуге ұмтылу	23	118	52	19	24	236
	42,6%	47,4%	37,1%	45,2%	52,2%	
Белгілі бір идеологияны ұстану	22	136	83	27	25	293
	40,7%	54,6%	59,3%	64,3%	54,3%	
Әлемді өзгертуге ұмтылу	17	68	39	11	9	144
	31,5%	27,3%	27,9%	26,2%	19,6%	

15-кестенің жалғасы						
Әділеттілікке жетуге ұмтылу	11	37	23	6	2	79
	20,4%	14,9%	16,4%	14,3%	4,3%	
Адамдарға үстемдік етуге ұмтылу	16	92	48	13	9	178
	29,6%	36,9%	34,3%	31,0%	19,6%	
Қауіп-қатер мен өткір әсерлерге қызығушылық	7	38	14	8	2	69
	13,0%	15,3%	10,0%	19,0%	4,3%	
Серіктестер табуға, белгілі бір топтың мүшесі болуға ұмтылу	6	48	31	8	5	98
	11,1%	19,3%	22,1%	19,0%	10,9%	
Өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылу	8	34	19	7	6	74
	14,8%	13,7%	13,6%	16,7%	13,0%	
	54	249	140	42	46	531

Ескерту: автормен құрастырылған.

Жоғары курс студенттері бұл құбылысты көбіне «материалдық әл-ауқатқа жетуге ұмтылумен» байланыстырады, ал 18–24 жас аралығындағы студенттер оны көбіне «адамдарға үстемдік етуге ұмтылумен» байланыстырады (16-кесте). Бір қызығы, респонденттердің ең жас тобы (16–18 жас) терроризмге тартылудың негізгі факторларының бірі ретінде «әлемді өзгертуге ұмтылуды» атайды.

Жалпы алғанда, Қазақстандағы студент жастар елдің саяси өміріне, экономикалық жағдайына және Қазақстан тарихына көбірек қызығушылық танытады.

16-кесте - Студент жастардың қызығушылықтары бойынша жиынтық мәлімет

Саяси өмірге деген қызығушылық		Экономикалық өмірге деген қызығушылық		Қазақстан тарихына деген қызығушылық	
Онша жоғары емес	Өте жоғары, жеткілікті жоғары	Онша жоғары емес	Өте жоғары, жеткілікті жоғары	Онша жоғары емес	Өте жоғары, жеткілікті жоғары
27,3%	72,7%	24,5%	75,5%	23,4%	76,6%

Сонымен қатар, 16–18 жас аралығындағы жастар көбіне экономикалық өмірге қызығушылық танытады, 18–20 жас аралығындағы жастар Қазақстан тарихына көбірек қызығады, ал 20 жастан бастап, 24 жастан жоғары жас аралығындағы жастар экономикалық өмір мен Қазақстан тарихына қатар қызығушылық білдіреді.

Қазақстанда респонденттердің басым бөлігі өздерін қауіпсіз сезінеді – 65,9%. «Көбіне жоқ» деп жауап бергендер – 16,9%, мүлде қауіпсіз сезінбейтіндер – 6,2%, ал 10,9% жауап беруге қиналған. Респонденттердің жасы ұлғайған сайын, олардың елдегі қауіпсіздікке деген сенімі де арта түседі.

Сонымен қатар, сауалнамаға қатысқан жастар Қазақстанда терроризм мәселесі мен қауіп-қатері бар деп есептейді – 40%. «Көбіне жоқ» деп

санайтындар – 16,6%, мүлде жоқ деп есептейтіндер – 12,3%, ал 31,1% бұл сұраққа жауап беруге қиналған.

Терроризм қаупін бағалау кезінде нақты жауап беруге көбіне төменгі курс студенттері қиналғаны байқалды.

Террористік актілер құрбандарына сауалнамаға қатысқандардың 70,6%-ы жанашырлық білдіреді, 14,1%-ы бейтарап көзқараста, ал 24,3%-ы жауап беруге қиналған. Бұл көрсеткіштер негізінен 16–18 және 18–20 жас аралығындағы респонденттерге тән.

17-кесте - Өмірдің түрлі салалары бойынша қанағаттану деңгейіне қатысты алынған жауаптардың жиынтық нәтижелері

	Толық қанағаттанамын	Негізінен қанағаттанамын	Қанағаттан баймын	Жауап беруге қиналамын
Жеке өмірімен	68,4%	24,5%	4,0%	3,2%
Оқуымен	60,8%	33,1%	2,6%	3,4%
Материалдық жағдайымен	71,6%	20,7%	4,7%	3,0%
Қоғамдағы әділеттілікпен	39,7%	28,8%	24,1%	7,3%

Енді жастардың өмірінің үш негізгі саласы бойынша жалпы қанағаттану деңгейін қарастырайық: жеке өмірі, оқу үдерісі, материалдық жағдайы және қоғамдағы әділеттілік деңгейі. Толық 17-кестеде сипатталған.

Сонымен, 17-кесте мазмұны жастардың өз өмірінің түрлі салаларына жалпы қанағаттанатынын көрсетеді. Дегенмен, қоғамдағы әділеттілік деңгейіне қанағаттану көрсеткішіне ерекше назар аудару қажет. Жас ерекшелігі бойынша қоғамдағы әділеттілікке қанағаттанбайтындардың ең жоғары үлесі 20–24 жас аралығындағы топта байқалады. Егер 16–20 жас аралығындағы респонденттер үшін оқу мен жеке өмір маңыздырақ болса, жасы үлкен респонденттер үшін материалдық жағдай мен қоғамдағы әділеттілік мәселелері анағұрлым маңызды болып келеді.

Алынған нәтижелер қазіргі кезеңде адамның өміріндегі діннің рөлі мен маңызын түсінуде, сондай-ақ, терроризм қаупін қабылдауда жас және гендерлік тұрғыдан айырмашылықтар бар екенін көрсетеді. Дінге қатысты сұрақтарды талдау барысында респонденттердің кейбір пікірлерінде жауаптардың нақтылығы, белгілі бір деңгейде «жетілмегендік» және жасырын агрессия байқалды.

Зерттеу нәтижелері респонденттердің діни түсініктерін қалыптастыратын негізгі институт ретінде білім беру жүйесін іс-жүзінде қарастырмайтынын көрсетеді. Мұны «Сіздің ойыңызша, адамдар діни мәдениет туралы түсінікті қайдан алуы тиіс?» деген сұраққа берілген жауаптардың бөлінісінен байқауға болады. Жалпы алғанда, студенттер терроризмнің салдарын түсінеді және оның себептерін де негізінен дұрыс түсіндіреді.

3.2 Студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамыту бағдарламасы

Алынған нәтижелерге сүйене отырып, жастардың өзін-өзі қабылдауын, олардың діни, әлеуметтік, психологиялық және басқа да мәселелер бойынша түсініктері мен көзқарастарын тұрақты түрде мониторинг жасап, талдап отырудың маңызы зор екенін атап өткен жөн. Сонымен қатар терроризмге қарсы сананы қалыптастыру кезеңі стратегиялық тұрғыдан күрделі және көпқырлы үдеріс екенін де көрсету қажет. Шетелдік әдебиеттерді талдау жастармен жүргізілетін алдын алу жұмысының қалай ұйымдастырылатынын және осы қызметтің басым бағыттарын көрсетеді.

Білім алу ортасын экстремистік топтар бірнеше себеппен арбап тартудың сапалы платформасы ретінде қарастырады: мектептер мен университеттерде (негізінен 15-тен 25 жасқа дейінгі) жастар шоғырланған, олар радикалды көзқарастардың қалыптасуына ең бейім келеді; арбап тартушылар өз идеяларын тарату үшін оқу орындарының ішіндегі бұрыннан қалыптасқан достық және әлеуметтік байланыстарды жиі пайдаланады; саяси немесе әлеуметтік дағдарыс жағдайында университет кампустары идеологиялық қақтығыстар алаңына айналып, экстремистер үшін «қолайлы ортаға» айналуы мүмкін; кейбір өңірлерде радикалды топтар мемлекет бұл міндеттерді толық орындай алмайтын жағдайларда білім беру қызметтерін, баспананы немесе жұмысқа орналасуға көмекті ұсынып, жақтастарын өз қатарына тартады.

Дереккөздерге сәйкес, жастар арасындағы терроризмнің алдын алуда университеттердің рөлі көпқырлы болып табылады және ол алдын алу шарасы мен реабилитацияны қамтитын білім беру тұғырына негізделеді. Университеттер бұл құбылысқа қарсы негізгі бағыттар арқылы әрекет ете алады:

- профилактика (алдын алу) – оқу бағдарламаларына діндегі (әсіресе исламдағы) ұстамдылық тұжырымдамасына арналған курстарды енгізу арқылы жүзеге асырылады. Бұл жаһандық өзгерістер жағдайында студенттердің діни негіздерді дұрыс түсінуін қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар студенттердің мәселелерін талқылап, оларды заңдарды шектен шықпай сақтауға бағыттауды қамтиды;
- террористік топтарға тартылып кеткен тұлғаларға арналған бағдарламалар. Бұл олардың зияткерлік деңгейін арттыру, тәубесіне түсіп, кінәсін мойындаған экстремистердің мысалдарын талдау және олардың діни сенімін даналық пен насихат арқылы ел игілігіне бағыттау арқылы жүзеге асырылады;
- терроризмге қарсы және діндегі «орталықшыл» көзқарасты насихаттауға арналған семинарлар мен конференциялар өткізу. Оқытушылар бұл тақырыптарды тек сабақ барысында ғана емес, сонымен қатар сабақтан тыс уақытта да талқылауы тиіс;
- конструктивті диалогты белсенділендіру, өзге пікірге құрметпен қарауға тәрбиелеу және студенттердің сыни ойлау қабілетін дамыту.

Ғылыми әдебиеттерде жастардың радикалды идеологиялардың ықпалына түсу қаупімен байланысты әлеуметтік-экономикалық, психологиялық, ақпараттық, саяси және дүниетанымдық факторлар қарастырылады. Олардың қатарына әлеуметтік теңсіздік, жастардың өзін қоғамнан шеттетілгендей сезінуі,

қолайсыз әлеуметтік ортаның ықпалы, ақпаратты сыни бағалау дағдыларының жеткіліксіздігі және радикалды идеяларды тарататын ақпараттық ресурстардың әсері жатқызылуы мүмкін. Аталған факторларды ескеру студент жастарда терроризмге қарсы сананы дамыту бағдарламасының мазмұнын анықтауда маңызды. Атап айтқанда, бағдарлама аясында ақпараттық сауаттылықты арттыруға, манипуляциялық ықпалды тануға, әлеуметтік мәселелерді зорлық-зомбылықсыз шешуге және құқықтық жауапкершілікті түсінуге ерекше назар аударылады.

Ұсынылған материалдарға сәйкес, терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы жастармен жұмысты ақпараттандыру, сыни ойлау және практикалық дайындық қағидаттарына негізделеді. Мұнда негізгі назар жастарды «хабардар болу» деңгейінде оқытуға аударылуы тиіс, бұл оларға қауіп-қатерлерді тиімді анықтауға және халықпен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орындарындағы терроризмнің алдын алуға бағытталған білім беру және тәрбие жұмысы студенттердің құқықтық білімін кеңейтумен қатар, олардың ақпараттық қауіпсіздік мәдениетін, сыни ойлау қабілетін және әлеуметтік жауапкершілігін дамытуға негізделеді. Бұл жұмыс терроризмнің мәнін түсіндіруді, ақпаратты ажыратуды, құқықтық нормаларды сақтаудың маңызын ұғындыруды және даулы мәселелерді зорлық-зомбылықсыз шешу тәсілдерін меңгеруді қамтиды.

Осы мақсатта пікірталас, мәселелік жағдаяттарды талдау, рөлдік ойындар, рефлексия және практикалық тапсырмалар сияқты белсенді оқыту әдістерін пайдалану ұсынылады. Бұл әдістер студенттерді ақпаратты сыни бағалау арқылы сүзгіден өткізе алуына бағыт береді.

Студенттерге арналған терроризмге қарсы көзқарасты қалыптастыру бағдарламасында басты назар терроризмнің қоғам үшін қауіпті екенін түсіндіруге бағытталады. Бағдарлама құқықтық сауаттылыққа ден қояды, сыни ойлау мен жалған, манипуляциялық әсерлерге төтеп беруді үйретеді. Осының аясында төмендегідей негізгі бағыттар қарастырылған:

1. *Терроризм мен экстремизм түсінігі және олардың қоғамға әсері.* Студенттер терроризм мен экстремизмді бір-бірінен ажыратып, екеуінің адамның өзі мен қоғамға, сондай-ақ, қоғамдық қауіпсіздікке не зиян келтіретінін анық ұғады.

2. *Терроризмге қарсы күрестің құқықтық негіздері.* Қазақстандағы терроризмге қарсы заңдармен, азаматтардың құқықтары мен міндеттерімен, сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздікке қатысты негізгі құқықтық қағидалармен танысады.

3. *Манипуляция мен радикалды ақпаратты тану.* Студенттер түрлі ақпарат көздерінің қаншалық дұрыс екенін анықтап, манипуляция тәсілдерін байқап, интернеттегі радикалды мазмұнға сыни көзқараспен қарауды үйренеді.

4. *Сыни ойлау мен дербес шешім қабылдау.* Әртүрлі дереккөздерді салыстырып, ұсынылған ойлардың негізділігін тексеріп, күрделі жағдайларды саралауды және өз пікірін дәлелді қорғауды машықтайды.

5. *Азаматтық жауапкершілік пен зорлық-зомбылықсыз іс-әрекет.* Адамның құқығы мен бостандығына құрметпен қарап, әлеуметтік және діни

айырмашылықтарға төзімді болуды, қақтығысты бейбіт түрде шешуді және қоғамға жауапкершілікпен қарауды нығайтады.

Барлық осы бағыттар студенттің терроризмге қарсы көзқарасын - танымын, құндылықтарын және мінез-құлқын - тұтастай дамытуды көздейді. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында тек теория ғана емес, пікірталас, кейстік талдау, рөлдік ойындар мен рефлексия сияқты белсенді оқыту тәсілдері қолданылады.

Бағдарламаны іске асыруда студенттердің белсенді қатысуына негізделген оқыту әдістеріне ерекше мән беріледі. Атап айтқанда, рөлдік ойындар, проблемалық жағдаяттарды талдау және топтық пікірталастар білім алушылардың сыни ойлауын, коммуникативтік қабілеттерін және жауапты шешім қабылдау дағдыларын дамытуға бағытталған педагогикалық құралдар ретінде қарастырылады.

Рөлдік ойындар – білім алудың және практикалық дағдыларды пысықтаудың орталық әдістерінің бірі. Негізгі нысандар мыналарды қамтуы мүмкін: студенттер нақты жағдайлардың егжей-тегжейлі жазылған сценарийлерімен жұмыс істейтін үстел үсті жаттығулары (Table-top exercises) (мысалы, қоғамдық орталықта күдікті автомобильді табу немесе мұнай өңдеу зауытында жарылыс). Сценарийдің мәселелік сұрақтарына жауап іздеу үшін 5-6 адамнан тұратын шағын пікірталас топтары жасақталады. Бұл нақты жағдайларда ұжымдық шешім қабылдауды имитациялайды. Классикалық рөлдік ойындардан басқа инсценировкалар (скиттер), имитациялық жаттығулар және кейстерді талдау (case studies) пайдаланылады.

Сыни ойлауды, пікірлерді және мәселелерді шешу дағдыларын дамыту сценарийлерді пайдаланудың бірінші кезектегі мақсаты болып табылады. Технология келесі элементтерді қамтиды. Біріншіден, мәселелік-бағдарланған тұғыр. Мұнда студенттер шынайы өмірдегі жағдайға тап болғанда жақсы оқиды. Дайын жауаптардың орнына фасилитатор «жоғары деңгейдегі ойлауды» ынталандыратын және дүниетанымды кеңейтетін сұрақтар қояды. Бірегей технология болып табылатын күн тәртібін (Agenda setting) орнату. Сценарий бойынша «миға шабуыл» кезінде студенттер айтқан идеялар іс - жүзінде келесі сабақтар үшін «оқу жоспарын» қалыптастырады. Бұл білім алушыларды міндетті шешу үшін өз бетінше білімнің жетіспеушілігін сезінуге мәжбүрлейді. Одан әрі студенттерді «дағдылы» жағдайларды бағалау кезінде сыни ойлауға үйретеміз. Сценарий аяқталғаннан кейін іс-әрекеттерді бағалау кезеңі жүргізіледі. Студенттер олардың қаншалықты тиімді жұмыс істегенін, қандай қателіктер жасағанын және болашақта осындай оқиғалардың алдын алу үшін ұзақ мерзімді шешімдер бар ма екенін талдауы тиіс. Сыни ойлаудың маңызды бөлігі азаматтардың қауіпсіздігі мен құқықтары арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ете отырып, терроризмге қарсы әрекеттерді сақтаумен байланыстыра білу болып табылады [195].

Бұл технология білім алушыны пассивті тыңдаушы рөлінен мәселелік жағдайларды талдау арқылы өз бетінше білім алатын белсенді қатысушы рөліне ауыстырады.

Жүргізілген эмпирикалық және теориялық талдау 1–2 курс студенттерінің «Мен, сен, біз терроризмге қарсымыз» атты терроризмге қарсы санасын дамыту бағдарламасын әзірлеудің өзектілігін көрсетті. Бағдарлама YouTube арнадағы теориялық бөлімнен тұрды [196]. Бұл материалдар студенттердің тақырыптармен өз бетінше танысуына мүмкіндік береді [197]. Бұл бөлімнің мақсаты – студенттерді терроризмге қарсы іс-қимылдың маңыздылығы туралы ақпараттандыру, құқықтық аспектілермен таныстыру және терроризмге тартылудың алдын алу әдістерін түсіндіру.

«Мен, сен, біз терроризмге қарсымыз» курсының түзетілген мазмұны 3 модульден тұрады (18-кесте).

18-кесте - курстың мазмұны

Тақырып	Тақырыптың атауы	Қысқаша мазмұны
1	2	3
1- МОДУЛЬ. Терроризмге қарсы сананың нормативтік-құқықтық негіздері		
1-тақырып	Терроризмге қарсы сана дегеніміз не?	Терроризм қоғамға қазіргі заманғы қауіп-қатер ретінде. Террористік әрекеттің салдары. Террористік қатерлердің жаһандануы. Қазіргі заманғы террористік ұйымдар, олардың идеологиясы, қаржыландыру көздері. Терроризмге қарсы сананың тұрақтылығы, оның компоненттері.
2-тақырып	Терроризмге қарсы сананың нормативтік-құқықтық негіздері.	Қазақстанда терроризмнің пайда болу тарихы мен себептері. Терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамалық және НҚА. ЖОО-дағы терроризмге қарсы іс-шаралардың өзектілігі.
3-тақырып	Мәселе туындаған кезде не істеу керек және менің іс-әрекетім?	Тіршілік қауіпсіздігі мәдениеті. Террористік қатерлер жағдайындағы жеке қауіпсіздік шаралары. Күдікті заттар табылған кездегі мінез-құлық қағидалары. Химиялық, биологиялық, радиологиялық және ядролық қаруды қолдана отырып, террористік шабуылдарға ден қою. Стресстік факторларға қарсы тұру тәсілдері.

18-кестенің жалғасы		
2-МОДУЛЬ. Санамен манипуляциялау		
4-тақырып	Манипуляция әсер ету стратегиясы ретінде және манипулятивтік процесс.	Манипуляция ұғымы. Өзара іс-қимыл стратегиясы ретінде манипуляциялаудың ерекше сипаттамалары. Манипуляция критерийлері. Манипуляцияны бастау. Манипуляциялардың негізгі түрлері: гедонистикалық, прагматикалық. Психологиялық «тұзақты» құру және «жабылу» процесі, манипулятивтік әсер нысаналары, «тұзаққа» түсу сигналдары, манипулятивтік әсердің психологиялық салдары. Манипуляция стратегиялары: бұғаттау және қысым
5- тақырып	Манипулятивтік әсер ету әдістерінің мінездемесі.	Коммуникативтік қызметтегі әріптестердің психофизиологиялық және мінез-құлық реакцияларын есепке алу. Ақпараттық алаңның таңдаушылығы. Зияткерлік шабуыл түсінігі мен нысандары, оны коммуникацияларда пайдалану әлеуеті. Жан дүниесінің индукциясы: орналасу және жеке тұлғаға әсер ету тәсілі ретінде сезіну.
6- тақырып	Манипуляцияға конструктивті қарсылықтың негіздері.	Манипулятивті әсер етуге өркениетті қарсы тұру түсінігі мен алгоритмі. Манипуляциядан белсенді және пассивті қорғану. Эмоциялар мониторингі. Психологиялық өзін-өзі қорғау түсінігі мен техникасы. Ақпараттық диалог түсінігі мен техникасы. Конструктивті сын түсінігі мен техникасы. Ағылшын профессорының, шексіз нақтылау техникалары. Өркениетті қарсыласу алгоритмі. Әсерге қарсы тұрудың қосымша тәсілдері. Психологиялық қорғау заңдары.
3-МОДУЛЬ.Терроризм қауіптерін тани білу және қарсы тұруға дайын болу		
7- тақырып	Сыни ойлауды дамытудың практикумы.	Сыни ойлау. Сыни ойлауды дамытудың кезеңдері. Ақпаратқа рефлексиялық көзқарасты дамыту. «Идеал» стратегиясы (Дж.Брэмсфорд және К.Бирс). Жұмыс

		тәсілдері мен стратегиялары:мәселені сәйкестендіру, мәселені тұжырымдау, шешімдерді жинақтау (миғашабуыл), шешімді таңдау, талдау. Стратегия шеңберіндегі жұмыс қағидаттары.
8- тақырып	Бөтен адамның әсеріне қалай қарсы тұра аламын?	Психологиялық ықпал ету түсінігі. Ықпал ету және ықпалға қарсы тұру түрлері. Ықпалдың шынайы мақсаттары. Психологиялық конструктивті ықпалдың түсінігі. Ықпал етудің және ықпалға қарсы тұрудың «техникалық» құралдары.
9- тақырып	Терроризмге қарсы сананы дамытудың әдістері.	Сыни ойлауды дамыту әдістері. Толеранттылықты дамыту әдістері. Жастар ортасында экстремизмге қарсы және терроризмге қарсы сана мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыру факторы ретінде ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Теориялық дайындықты толықтыру мақсатында проблемалық жағдаяттарды талдау, пікірталас, рөлдік ойындар және рефлексияға негізделген тапсырмалар ұсынылады.

Бағдарламаның мазмұны терроризмге қарсы іс-қимылдың құқықтық негіздерін түсіндіруді, сыни ойлауды дамытуды, манипуляциялық ықпалды тануды және зорлық-зомбылықсыз мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруды қамтиды. Аталған бағыттар Қазақстан Республикасының Конституциясының қағидаттарымен сабақтасады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылыс негіздерін күштеп өзгертуді, аумағының тұтастығына, Егемендігі мен Тәуелсіздігіне қол сұғуды, қоғамдық тәртіпті бұзуды, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруді, соғысты, қарулы қақтығысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, этностық, діни басымдықты немесе алауыздықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға, сондай-ақ осындай әрекеттерге шақыруға жол берілмейтіні айқындалған [198].

Курс мазмұны келесі **құзыреттілікті қалыптастыратын:**

Мәселелік жағдайларды сыни тұрғыдан талдау қабілеті;

Тұлға санасына ықпал ететін әлеуметтік-психологиялық технологияларды қолданудың салдарын болжай білу қабілеті;

Террористік қауіп-қатерге қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамалық және нормативтік-құқықтық құжаттарға сүйене отырып, кәсіби қызметті құра білу қабілеті.

Курс барысы бойынша күтілетін нәтижелер:

экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылдың негіздері мен саяси

технологияларын, террор, терроризм мен террористік қауіп-қатердің айырмашылықтарын, олардың мәні мен ерекшеліктерін түсіну;

мәселелік жағдайлардың құрылымын және оның элементтері арасында туындайтын байланыстарды сәйкестендіруді белгілеу;

коммуникативтік әсер етудің әлеуметтік-психологиялық құралдары мен олардың әсер ететін әлеуеті туралы жүйелі түсініктерге ие болуға;

лингвистика, психология, әлеуметтану ұғымдарын қолдана отырып, коммуникативтік әсер ету тәсілдерін пайдалануды түсіндіре және дәлелдей алады;

манипулятивті және манипулятивті емес үгіттеу коммуникацияларын ажырату.

Эссе және шолу жұмыстарының тақырыптары

1) Халықаралық-құқықтық құжаттардағы экстремизмге және терроризмге қарсы күрес қағидаттары.
2) Экстремистік діни-саяси ұйымдардың мәні мен ерекшелігі.
3) Қарым-қатынастағы манипуляция техникасы.
4) Э.Берн бойынша құрылымдық талдау, трансакциялық талдау, Э.Берн бойынша сценарий түрлері.
5) Сөздер мен бейнелерді, эмоцияларды басқару.
6) Әлеуметтік өзара іс-қимылдың түрлі салаларында адамдарға жасырын әсер етуді пайдалану: бүгінгі күн.
7) Психологиялық автоматизмдерді пайдалану (Манипуляциялық психотехнологиялар).
8) Логикалық амалдар. Адамның ойлау ерекшеліктерін пайдалану. Ұтымды, сенімді дәлелдермен манипуляциялау.
9) Бұқаралық ақпараттық процестердегі манипуляциялық техника.
10) Қарым-қатынас жасайтын әріптестен жасырын ақпарат алудың манипуляциялық техникасы.
11) Менталды-мифологиялық құрылымдарды өзектендіру немесе құру және архетиптер мен метабағдарламаларға әсер ету арқылы манипуляция жасау (Мифологиялық манипуляция).
12) Аудиторияның құндылықтарын өзектендіру арқылы манипуляциялау (Құндылықты-эмоциялық манипуляциялау)
13) Тұлғааралық және тұлғаішілік қорғау.
14) Рухани зорлық-зомбылық технологиялары (сендіру, гипноз, нейролингвистикалық бағдарламалау).
15) Ақпараттық зорлық-зомбылық технологиялары (қорқыту, бопсалау, ақпараттық қақтығыстар).
16) Конструктивті және конструктивті емес психологиялық әсер, өркениетті және манипулятивті өзара іс-қимыл түсінігі.
17) Шабуылға немесе қысымға жауап ретінде өркениетті конфронтация әдістері.
18) Басқа адамды өз мақсатына пайдалану әрекеті ретінде манипуляцияны зерттеу.

19) Жасырын күресті ашық зияткерлік немесе күштік күреске айналдыру әдістері.

Студенттерге арналған шығармашылық тапсырмалар

1-тапсырма: «Манипуляция әдістері» талдамалық жұмысы.

2-тапсырма: «Ақпаратты таратудың құрамдастырылған әдістемелерін құрастыру» шығармашылық жұмысы.

3-тапсырма: «Манипуляциялық жүйелер негізінде жағдайды талдау және болжау» шығармашылық жұмысы.

Одан әрі студенттерге терроризмге қарсы сананың эмоционалдық-уәждемелік және іс-әрекеттік-мінез-құлықтық компоненттерін қалыптастыруға бағытталған практикалық бөлім ұсынылды. Бұл бөлім аясында бірқатар іс-шаралар өткізілді: Алматы қаласының ТҚО мамандарының қатысуымен дөңгелек үстелдер: «Қазіргі терроризмнің шынайылығы мен құралдары», «Терроризмге қарсы іс-қимылдағы студенттік бастамалардың рөлі», мүфтилер мен мешіт қызметкерлерінің қатысуымен «Қазіргі жастардың рухани-құндылықтық басымдықтары», «Қазақстандағы этносаралық келісім», практикалық сабақтар мен тренингтер сериясы: «Сенімді түрде: ЖОҚ!», «Талда және қабылда», «Адамды тану», «Өзіңді таны», «Менің тобым»; бейнефильмдерді көруден кейінгі топтық талқылаулар: «Дұрыс таңдау жасау», «Менің отбасым – менің тірегім»; курстың қорытындысы ретінде білім беру квесті ұйымдастырылды .Өткізілген барлық іс-шаралар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының, сондай-ақ, Философия және саясаттану факультетінің әлеуметтік желідегі парақшаларында жарияланып, ақпараттық тұрғыдан кеңінен қамтылды.

Дөңгелек үстел мен ғылыми конференциялар тұжырымдамасы: талқылауға мамандар (осы мәселемен айналысатын оқытушылар, зерттеу орталықтарының мамандары және т.б.) шақырылады, студенттер тобының ішінде пікірталас ұйымдастыратын модератор таңдалады. Қалған студенттер дөңгелек үстелге қатысады. Дөңгелек үстел оқытушының және шақырылған қатысушылардың сөз сөйлеуінен басталады, содан кейін қатысушылар хабарламалар жасайды (5-7 минуттан шағын сөз сөйлеулер). Қатысушылар іскерлік қарым-қатынас саласында туындайтын қазіргі заманғы мәселелерге өз көзқарастарын білдіреді, өз ұстанымдарын дәлелдейді, әріптестеріне сұрақтар қояды, осы мәселелерді шешу жолдарын ұжымдық талқылайды. Күтілетін нәтижелер: позицияны дәлелдей және негіздей білу, өз талдауының нәтижелерін көпшілікке ұсына білу, топта жұмыс істей білу, сауатты сұрақтар қоя білу, әріптестердің жауаптарына баға бере білу.

Кураторлық сағаттар шеңберінде кеңейтілген әңгімелесу тұжырымдамасы: жоспардың әрбір мәселесі бойынша барлық студенттерді дайын болуын, ұсынылатын міндетті және қосымша әдебиеттердің бірыңғай тізбесімен сабақтарды өткізуді көздейді; студенттердің сөз сөйлеуі (олардың қалауы бойынша немесе оқытушының шақыруы бойынша) және оларды талқылау; оқытушының кіріспе сөзі және қорытындысы.

Күтілетін нәтижелер: ұстанымды дәлелдей және негіздей білу, өз

талдауының нәтижелерін көпшілікке ұсына білу, топта жұмыс істей білу, сауатты сұрақтар қоя білу, әріптестердің жауаптарына баға бере білу.

Пікірталастардан күтілетін нәтижелер: ұстанымды дәлелдей және негіздей білу, өз талдауының нәтижелерін көпшілікке ұсына білу, топта жұмыс істей білу, сауатты сұрақтар қоя білу, әріптестердің жауаптарына баға бере білу.

Ойынды моделдеуден күтілетін нәтижелер: студенттерді конструктивті қарым-қатынасты табысты іске асыру үшін талап етілетін икемдер мен дағдыларды дұрыс анықтауға және іс жүзінде көрсетуге үйрету.

Тәрбие іс-шараларының мазмұны төмендегі 19-кестенің мазмұнында неғұрлым егжей-тегжейлі көрсетілген.

19-кесте – Жоғары оқу орнында ұйымдастырылатын және өткізілетін тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны

Шара түрі	Мазмұны
Ғылыми-тәжірибелік конференция	Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті терроризмге қарсы іс-қимыл факторы ретінде.
Ғылыми-тәжірибелік конференция	Терроризмге қарсы іс-қимылдағы ақпараттық ортаның рөлі.
Дөңгелек үстел	Фундаменталдық тақырып: Адам құқығы және Қазақстандағы ашаршылық (XX ғасырдың 30 жылдарындағы ашаршылық).
Дөңгелек үстел	Қазіргі қоғамдағы толеранттылық пен интолеранттылық.
Дөңгелек үстел	Патриоттыққа тәрбиелеу.
Әңгімелесу және кураторлық сағат	Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесі және оның патриоттық тәрбиедегі рөлі.
Әңгімелесу және кураторлық сағат	«Егер сен мейірімді болсаң» атты кураторлық сағат. Денсаулығы жағдайында мүмкіндігі шектеулі адамдарға толерантты қарым-қатынасқа тәрбиелеу.
Әңгімелесу және кураторлық сағат	Терроризмнің алдын-алу – толеранттылықты дамыту.
Әңгімелесу және кураторлық сағат	Толерантты тұлғаның интолеранттылықтан ерекшелігі неде?
Әңгімелесу және кураторлық сағат	Ертегі терапиясы немесе аңыздар
Ойын	Шындық пен өтірік
Ойын	Сезімнің көпбеттілігі
Ойын	Менің бәтіңкемде жүріп көрші
Ойын	Концентрикалық шеңберлер
Ойын	Даттық бокс
Тренинг	Сыни ойлауды дамытамыз
Тренинг	Ақылға қонымды ойлау

Әлеуметтік желілер, бейне хостингтер және басқа да онлайн платформалар зорлық-зомбылықты ақтайтын, жекелеген әлеуметтік және этникалық топтарға дұшпандық қатынасты қалыптастыратын және террористік әрекетті қоғамдық қақтығыстарды шешудің қолайлы тәсілі ретінде ұсынатын материалдардың тез таралуына жағдай жасайды. Білім беру ұйымдары радикалданудың алдын алуда маңызды рөл атқарады, өйткені дәл оқу кезеңінде дүниетаным, азаматтық бірегейлік, құндылықтар жүйесі және басқа адамдармен өзара әрекеттесудің рұқсат етілген тәсілдері туралы идеялар белсенді қалыптасады. Сондықтан білім беру ортасындағы профилактикалық жұмыс студенттерді терроризмнің қауіптілігі туралы хабардар етуге ғана емес, сонымен қатар ақпаратты өз бетінше бағалау, манипуляциялық хабарламаларды тану, адамның қадір-қасиетін құрметтеу және қақтығыстарды зорлық-зомбылықсыз шешу қабілетін қалыптастыруға бағытталуы керек.

Студенттерге экстремистік мазмұнды тарату қаупі туралы хабарлау ғана емес, сонымен қатар, оларға ақпарат көздерін талдауға, мәлімдемелердің дұрыстығын тексеруге, эмоционалды қысымды анықтауға, топтардың «Өзім – Өзгелер» принципіне қарсы тұруына және зорлық-зомбылықты ақтамауды үйрету қажет. Бұл тәсіл студентті профилактикалық ақпараттың пассивті алушысы ретінде емес, білімді шешімдер қабылдауға қабілетті білім беру процесінің белсенді қатысушысы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты дағдыларды дамыту кезең-кезеңімен жүреді.

Бірінші кезең кинофильмдерді, өзара сыйластық, ынтымақтастық, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік, жанжалдарды бейбіт жолмен шешу және зорлық-зомбылықтан бас тарту тақырыптарын ашатын оқиғаларды талдауды қамтиды. Мәдени маңызды сюжеттерді пайдалану білім беру жұмысының мазмұнын студенттердің өмірлік тәжірибесімен және олардың қоғамдастық құндылықтарымен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Екінші кезең рефлексиялық өзара әрекеттесумен байланысты және кейіпкерлердің іс-әрекеттерін талқылауды, қақтығыстардың себептерін талдауды, ақпараттың дұрыстығын бағалауды, манипуляциялық әдістерді анықтауды және мәселелерді шешудің балама әдістерін қарастыруды қамтиды. Оқытушы диалогты студенттер өз ұстанымдарын дәлелдей алатындай етіп ұйымдастырады, әртүрлі көзқарастарды естиді және негізделген қорытындыға келеді.

Үшінші кезең әлеуметтік-психологиялық дағдылар мен азаматтық белсенділіктің дамуымен ұсынылған. Технологиясы аясында біз ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау, манипуляцияларды тану және зорлық-зомбылықты ақтайтын идеологиялық хабарламаларды талдау, өз эмоционалдық реакцияларымызды сезіну, арандатушылықтарға қарсы тұру және қиын жағдайларда эмпатия көрсету, мәдени және дүниетанымдық әртүрлілікті құрметтеуге, кемсітушілікке қарсы тұруға және басқа адамдардың қадір-қасиеті мен қауіпсіздігіне құқығын мойындауға дайындықты дамытамыз. Бұл құзыреттер терроризмге қарсы сананың дамуына ықпал етуі мүмкін.

3.3 Эксперименттің қалыптастырушы кезеңінің нәтижелері

Эксперименттің қалыптастырушы кезеңінде онлайн сабақтар мен әртүрлі іс-шараларды өткізу барысында эксперименттік және бақылау топтарында студенттердің терроризмге қарсы санасының даму деңгейін анықтауға бағытталған диагностикалық жұмыстар жүргізілді. Ол үшін когнитивті, құндылықтық-уәждемелік, сыни-талдамалық және іс-әрекет-мінез-құлықтық критерийлер бойынша көпдеңгейлі диагностикалық құралдар әзірленді.

Атап айтқанда, когнитивтік компонентті анықтау үшін квиз, викториналар және тестілеу (Қосымша Д) қолданылды. Ал эмоционалдық-уәждемелік және іс-әрекеттік-мінез-құлықтық компоненттерді тексеру үшін В. Фейдің «Басқаларды қабылдау шкаласы», В. Кук – Д. Медлейдің өшпенділік шкаласы, топтағы мінез-құлық тенденцияларын анықтауға арналған «Q-сұрыптау» әдістемесі, сондай-ақ Цукерманның өткір сезімдерді іздеу әдістемесі сыни-талдамалық және іс-әрекет-мінез-құлықтық критерийлерді өлшемдеуде пайдаландық. Өзіміз құрастырған әдістермен қатар (салнамалар, тест, квиз, жағдаяттық тапсырмалар), осы психологиялық диагностикалық құралдарды пайдалану терроризмге қарсы сананы дамыту бойынша көрсеткіштерді сипаттауды кеңейтуге мүмкіндік береді. Айтып кететін жайт, қарастырып отырған феноменнің күрделігіне байланысты нақты бір әдіс бір көрсеткішті өлшемін анық көрсетпейді, сондықтан әдістер бір бірімен түйістіріліп айқаспалы пайдаланылды (20-кесте). Мысалы, ситуациялық кейс, бірнеше көрсеткіштердің даму деңгейін анықтайды.

20-кесте – Диагностикалық әдістер жиынтығы

Өлшенетін критерий	Негізгі диагностикалық құралдар	Неге назар аударылды
Когнитивті	Тест, викторина, квиз	Білімдердің толықтылығы 30 сұрақ 100 баллды құрайды; Тапқырлық және алған білімдерді пайдалану.
Құндылықтық-уәждемелік	Сауалнама, аяқталмаған сөйлемдер сауалы, өзіндік бағалау сауалнамасы, топтағы мінез-құлық тенденцияларын анықтауға арналған «Q-сұрыптау» әдістемесі, В. Фейдің «Басқаларды қабылдау шкаласы»	Өзгелерді қабылдау, өзіндік ойды білдіретін адамдарға қатынасы. Субъективті құндылықтар мен тұлғалық таңдаулардың өзгеруі.
Сыни-талдамалық	Квиз, ситуациялық кейстер, өзіндік бағалау сауалнамасы, Цукерманның өткір сезімдерді іздеу әдістемесі	Қосымша психологиялық фактор ретінде жаңашылдыққа, тәуекелділікке, өткір сезімдерді іздеуге бейімділікті сипаттайды және 4-ші критерийменен байланысты
Іс-әрекеттік-мінез құлықтық	Сауалнама, өзіндік бағалау сауалнамасы, В. Кук – Д. Медлейдің өшпенділік шкаласы,	Өшпенділік ұстанымдарының көрініс табуын және басқаларға деген ықтимал жанжал қарым-

20-кестенің жалғасы		
	Цукерманның өткір сезімдерді іздеу әдістемесі	қатынасты ескеруге көмектеседі

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері радикалданудың жеке тұлғалардың мінез-құлық өзгерістері топтан тыс мүшелерге қарсы зорлық-зомбылық құралдарын қолдануға ынталандыратын процесі екенін және әртүрлі жеке, отбасылық және әлеуметтік факторлармен (жыныс, агрессия, білімнің төмендігі, теріс құрдастар, сәйкестендіру, кемсітушілік пен топтық қауіп туралы түсінік, әділетсіздік, биліктің заңсыздығы және т.б.) байланысты екенін көрсетеді.

Дегенмен, тек тәуекелдерді ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаның қорғаныс ресурстарын зерттеу перспективалы бағыт болып табылады. Мысалы, Duindam және т.б. әлеуметтік мінез-құлық пен топаралық оң байланыс қорғаныс механизмі ретінде әрекет ете алады деп санайды [199]. Біз бұл пікірмен келісеміз және жастардың тек қолданыстағы әлеуметтік ортаға бейімделуі ғана емес, сонымен қатар олардың азаматтық өмірге белсенді араласуы, өзгерістерді бастауы және әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге қатысуға дайындығы да проактивті тұлғамен өзара байланысты және деструктивті манипуляция мен ықпалға қарсы тұруда психологиялық ресурс ретінде әрекет ете алады деп санаймыз.

Алғаш рет Bateman және Crant сипаттаған проактивті мінез-құлық - бұл адамның өзгерісті бастауға, болашаққа назар аударуға және қалаған мақсаттарға табанды түрде ұмтылуға бейімділігін көрсететін тұрақты қасиет [200]. Kim және т.б. [201] зерттеулері проактивтілік пен әлеуметтік әл-ауқат арасындағы тікелей байланысты көрсетеді. Бұл проактивтіліктің тек жеке табыспен ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік интеграциямен де байланысты екенін көрсетеді. Әлеуметтік және азаматтық белсенділік студенттің әлеуметтік жеке басын дамытудың психологиялық ресурсы болып табылады. Дегенмен, басқалармен өзара әрекеттесуге дайындық мұндай белсенділіктің бағытын анықтамайтынын атап өткен жөн. Маңыздысы - студенттің басқаларды қалай қабылдайтыны және олармен өзара әрекеттесе алатындығы.

Адамның басқаларға деген жалпы көзқарасын анықтау үшін В.Ф. Фей 1955 жылы Asseptance of Others Scale (AOS) ұсынды. Бұл шкала адамның сенімділік, моральдық нормалар және қоғамның жалпы сипаты туралы түсініктерін өлшейді. Бұл шкаланы радикалданудың және экстремистік идеялардың көбею қаупінен стратегиялық қорғаныс факторы ретінде топаралық оң байланысты анықтау үшін пайдалануға болады. Басқаларды қабылдау сонымен қатар студенттің субъективті ұстанымын және әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуде басқалармен өзара әрекеттесуге дайындығын көрсетеді.

В. Фей әдістемесінде қарым-қатынас процесінде көрініс табатын реакциялар реактивті және проактивті түрлерге жіктеледі. Реактивті реакция тұлғаның өзін-өзі реттеу қабілетінің жеткіліксіздігімен сипатталады. Мұндай жағдайда адам эмоцияларын ішінара тежей алғанымен, мінез-құлқын толық әрі тұрақты бақылау әрдайым мүмкін болмайды. Проактивті реакция кезінде сыртқы әсер мен оған берілетін жауаптың арасында жағдайды ой елегінен өткізіп, ең

тиімді әрекетті таңдауға мүмкіндік беретін уақыт аралығы болады. Проактивті тұлғалар белгілі бір жағдайға қалай жауап беру керектігін саналы түрде таңдай алады. Проактивті мінез-құлықтың қалыптасуы адамның өзін қабылдауы, өзін мойындауы және өзін құрметтеуімен тығыз байланысты. Адам өзіне қалай қарайтын болса, өзгелерге де солай қарайды. Сондықтан өзін қабылдау басқаларды қабылдаудың маңызды шарттарының бірі болып табылады.

Carthy және т.б. жазған қызықты мақалада адам топаралық байланысқа неғұрлым аз ұмтылса, соғұрлым оның зорлық-зомбылыққа толы саяси қатысуға деген ұмтылысы арта түсетіні көрсетілген [202]. Жалпы қауіп факторы топ ішіндегі жақтаушылық немесе сыртқы топтарға деген дұшпандық болып табылды. Кейбір сыртқы топтардың төмен екендігі туралы түсінік және топ ішіндегі артықшылық сезімі жалпы зорлық-зомбылық экстремизмінің сипаттамаларын анықтайды.

Осыған байланысты біз сенімсіздікті, дұшпандық атрибуттарды, агрессивті жауаптарды және әлеуметтік жалтаруды көрсететін көзқарастар кешенін бағалайтын Cook-Medley шкаласын диагностикалық құрал ретінде пайдалануға болады деп санаймыз. Бұл өлшемнің орталық компоненті - басқаларға деген сенімсіздік немесе циникалық қабылдау, бұл тұлғааралық өзара әрекеттесудің жетіспеушілігімен байланысты. Біз дұшпандық пен сенімсіздікті терроризмге қарсы сананың дамуының тікелей көрсеткіштері ретінде қарастырмаймыз; дегенмен, біз оларды радикалданған көзқарастардың қалыптасуының қауіп контексті ретінде түсінеміз. Сонымен, өшпенділік шкаласы респонденттердің өмірлік іс-әрекеттің әртүрлі қырларын қаншалықты өшпенділікпен қабылдайтынын анықтауға арналған (В. Кук – Д. Медлей).

«Q-сұрыптау» әдістемесі адамның өзі туралы түсініктер жүйесін, оның ішінде шынайы және «мінсіз Мен» бейнесін, сондай-ақ, жеке тұлғаның өзін басқалар қалай қабылдайды деген көзқарасын зерттеуге бағытталған. Аталған көрсеткіштер топ жағдайындағы тұлғаның мінез-құлқының 6 негізгі тенденциясын талдау негізінде анықталады: тәуелділік, тәуелсіздік, қарым-қатынастағы ашықтық, қарым-қатынастағы тұйықтық, күресті қабылдау және күрестен жалтару.

Өткір сезімдерді іздеу шкаласы (М. Цукерман) 1964 жылы ұсынылғанымен, ересек адамдардың әртүрлі сипаттағы сезімдерге деген қажеттілік деңгейін зерттеу үшін жиі қолданылады.

Диагностикалық зерттеу нәтижелері ЭТ белгілі бір өзгерістердің орын алғанын көрсетеді, ал БТ оқу-тәрбие шаралары жүргізілмегендіктен мұндай өзгерістер байқалмайды.

Кук әдістемесі бойынша алынған деректерді салыстырмалы талдау нәтижелері көрсеткендей, көрсеткіштердің басым бөлігі бойынша респонденттердің толық қамтылғаны байқалады, тек кейбір категорияларда жекелеген жауаптардың болмауы тіркеледі. БТ респонденттері талданатын көрсеткіштерді Кук шкаласы бойынша ЭТ қарағанда едәуір жоғары бағалайды. ЭТ нәтижелері көбіне орташа және ортадан төмен деңгейде көрінсе, БТ көрсеткіштері жоғары мәндерге бейімділік танытады. Аталған әдістеме бойынша өте жоғары балдардың жинақталуы адамның қоғамдағы өмірлік іс-әрекеттің

белгілі бір қырларына қатысты өшпенділік деңгейінің айқын көрінісін сипаттайды.

Ұсынылған деректер негізінде Кук шкаласы бойынша екі топқа салыстырмалы талдау жүргізуге болады.

Топтар арасындағы негізгі айырмашылық БТ көрсеткіштерінің ЭТ қарағанда едәуір жоғары болуымен сипатталады. ЭТ орташа балдар 2,20 (№17 тұжырым) мен 4,38 (№10 тұжырым) аралығында өзгеріп отырады. Ал БТ орташа көрсеткіштер айтарлықтай жоғары болып, 3,64 (№23 тұжырым) пен 5,24 (№1 тұжырым) аралығын құрайды.

Респонденттердің топтардағы жауап беру үлгілері де бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленеді. ЭТ жауаптар біршама теңгерімді сипатта болып, көбіне 3 және 4 балл деңгейінде шоғырланған. Сонымен қатар, кейбір тұжырымдар бойынша (№14, 15, 17, 23, 24, 26, 27) респонденттердің басым бөлігі ең төменгі баға – 1 баллды таңдаған. БТ, керісінше, жауаптардың жоғары көрсеткіштерге қарай айқын бағытталғаны байқалады. 27 тұжырымның 24-інде ең жиі таңдалған жауап 6 балл болды. Ал №18, 19 және 23 тұжырымдарында ең кең таралған жауап 4 балл ретінде тіркелген.

Топтар арасындағы бағалаулардың ең үлкен айырмашылығы келесі тұжырымда анықталды.

№1 тұжырым: «Мен өзін сарапшы деп атайтын, бірақ шын мәнінде ондай емес адамдарды жиі кездестіремін». Бұл көрсеткіш бойынша топтар арасындағы айырмашылық 1,72 балды құрайды (ЭТ – 3,52, БТ – 5,24).

№27 «Мен басқа адамдар туралы жағымсыз пікірімді жасыруға ұмтылмаймын» тұжырымы бойынша топтар арасындағы айырмашылық айтарлықтай жоғары (ЭТ– 2,56, ал БТ– 5,04 балды құрайды).

Сол сияқты №26 «Қылмыскердің өз қылмысы үшін дәл сондай қылмыскерлер тарапынан жазаланғаны маған сөзсіз ұнар еді» тұжырымдамасында да елеулі алшақтық байқалады: (ЭТ – 2,48, БТ – 5,08).

Топтар көрсеткіштері бір-біріне ең жақын болған тұжырым – №10: «Адамдардың көпшілігі заңды ұсталып қалудан қорыққандықтан бұзбайды» (ЭТ – 4,38, БТ – 4,88 балл).

Топтардың қай тұжырымдар бойынша ең төмен балл жинағанын талдау да маңызды болып табылады. Ұсынылған деректерге сәйкес, сауалнама нәтижелеріндегі ең төмен көрсеткіштер төмендегідей бөлінеді (21-кесте).

21-кесте – ЭТ және БТ топтарында тұжырымдарды бағалау көрсеткіштерінің бөлінуі

ЭТ		БТ	
17 Менің отбасымдағы кейбір адамдардың әдеттері мені ашуландырады.	2,2	23 Мен адамдарды мүмкіндігінше көбірек пайда табуға немесе барлығын өзіне иемденуге ұмтылғаны үшін айыптамаймын.	3,64
14 Қарсыласымнан басым түсу үшін кейде өз	2,32	14 Қарсыласымнан басым түсу үшін кейде өз	3.76

21-кестенің жалғасы			
ұстанымдарымнан бас тартуым мүмкін.		ұстанымдарымнан бас тартуым мүмкін.	
15 Егер адамдар маған жамандық жасаса, мен оларға міндетті түрде дәл сондай жауап қайтаруға тырысамын, кем дегенде принцип үшін.	2,44	17 Менің отбасымдағы кейбір адамдардың әдеттері мені ашуландырады.	3,96
24 Адам өз мақсатына жету үшін басқа адамдарды пайдаланса, мен оны кінәламаймын.	2,48	18 Мен басқалармен оңай келісе бермеймін.	4,0
26 Қылмыскердің өз қылмысы үшін дәл сондай қылмыскерлер тарапынан жазаланғаны маған ұнар еді.	2,48	15 Егер адамдар маған жамандық жасаса, мен оларға міндетті түрде дәл сондай жауап қайтаруға тырысамын, кем дегенде принцип үшін.	4,04
23 Мен адамдарды мүмкіндігінше көбірек пайда табуға немесе барлығын өзіне иемденуге ұмтылғаны үшін айыптамаймын.	2,52		

Талдау нәтижелері көрсеткендей, 14, 17, 15 және 23 тұжырымдары екі топ үшін де салыстырмалы түрде мәселелік аймақтар болып табылады, себебі олар сауалнаманың басқа тармақтарына қарағанда тұрақты түрде төмен бағаланған. Сонымен қатар, БТ осы тұжырымдар бойынша респонденттер жиі 4 немесе 6 балды таңдаса, ЭТ басым көрсеткіш 1 балл болған.

ЭТ үшін төмен бағаларды жиі қолдану үрдісі байқалады. Ал БТ тұжырымдарды жоғары бағалау басымдыққа ие. Бұл бақылау тобында өшпенділік деңгейінің салыстырмалы түрде жоғары екенін көрсетеді.

БТ ең көп таралған жауап ретінде 6 балдың (шкаладағы ең жоғары мәннің) басым болуы маңызды үрдісті көрсетеді: ЭТ ең жиі кездесетін мән 1 мен 6 аралығында өзгеріп отырса, БТ 27 сұрақтың 24-і бойынша дәл осы 6 балл басым көрсеткіш болып табылады. Бұл аталған топ қатысушыларының қарастырылып отырған аспектілерге қатысты жоғары деңгейде сыни бағалау беретінін аңғартады. Сонымен қатар, ең жиі кездесетін мәннің 6 балл деңгейінде тұрақты сақталуы жауаптар арасындағы пікір алшақтығының айтарлықтай аз екенін көрсетеді. БТ қатысушылары тұжырымдарды бағалауда салыстырмалы түрде бірізді ұстанымды көрсетеді, ал ЭТ пікірлердің таралуы әркелкі сипатта және көбіне бейтарап бағалауға (1 балл) қарай бағытталған. БТ «алты» балдың басым болуы екі іріктеме арасындағы елеулі айырмашылықты айқын көрсетеді. Мысалы, №26 және №27 сұрақтар бойынша ЭТ ең жиі таңдалған жауап 1 балл болса, БТ ең жиі таңдалған жауап 6 балл болып табылады. Бұл екі топтың бірдей мәселелерге қатысты көзқарастарының айтарлықтай айырмашылығын білдіреді. Сонымен қатар, 6 балдың жалпы басымдығына қарамастан, БТ №18, №19 және №23 тұжырымдары ерекшеленеді, өйткені осы тармақтар бойынша ең жиі

кездесетін мән 4 балл болып табылады. Бұл БТ қатысушылары үшін белгілі бір мәселелердің күмән немесе екіұшты пікір тудыратынын көрсетеді (22-кесте).

22-кесте – Көрсеткіштердің жиынтық кестесі (Орташа балл және Ең жиі кездесетін мән)

Тұжырым №	Орташа балл (ЭТ)	Орташа балл (БТ)	Ең жиі кездесетін жауап (ЭТ1)	Ең жиі кездесетін жауап (БТ 1)
1	3.52	5.24	4	6
2	3.44	5.08	4	6
3	2.80	4.88	3	6
4	3.20	4.56	3	6
5	2.80	4.60	3	6
6	3.28	4.96	4	6
7	3.28	4.76	4	6
8	3.08	4.40	3	6
9	4.12	4.76	4	6
10	4.38	4.88	6	6
11	3.12	4.84	3	6
12	2.92	4.84	3	6
13	2.60	4.52	3	6
14	2.32	3.76	1	6
15	2.44	4.04	1	6
16	4.08	4.48	4	6
17	2.20	3.96	1	6
18	2.68	4.00	2	4
19	3.32	4.08	4	4
20	3.56	4.40	4	6
21	4.16	4.60	6	6
22	3.12	4.28	3	6
23	2.52	3.64	1	4
24	2.48	4.44	1	6
25	2.76	4.48	3	6
26	2.48	5.08	1	6
27	2.56	5.04	1	6

Жүргізілген талдау нәтижелері БТ тұжырымдарды барынша жоғары бағалау үрдісінің басым екенін және өшпенділік деңгейінің салыстырмалы түрде жоғары екенін көрсетеді. Ал ЭТ нәтижелері неғұрлым төзімді көзқарасты және әл-ауқат деңгейінің жоғарырақ екенін сипаттайды.

Цукерман әдістемесі бойынша жүргізілген салыстырмалы талдау зерттелушілердің жаңа әсерлерге бейімділік деңгейін немесе психологиялық жайлылық пен қалыптасқан өмір салтын сақтауға ұмтылуын бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл талдау іріктемелердегі мінез-құлық ерекшеліктері мен тәуекелді мінез-құлыққа бейімділікті анықтауға негіз болады.

Екі топ та кәсіби саладағы өзгерістерге белгілі бір деңгейде қызығушылық білдіреді. ЭТ респонденттердің 64%-ы іссапарлармен байланысты жұмысты таңдаса, БТ бұл көрсеткіш 68%-ды құрайды. Сонымен бірге, ЭТ респонденттерінің 92%-ы «өмірден барлығын алу» мақсатын қолдайды. Ал БТ мұндай ұмтылыс төменірек деңгейде көрінеді: 56%-ы өмірден барлығын алуға ұмтылса, 44%-ы тыныштық пен бақытты маңыздырақ деп санайды.

ЭТ тұрақты әрі қауіпсіз қоғамға ұмтылыс басым (60%), ал БТ «белгісіз тарихи дәуірлерге» қызығушылық деңгейі жоғарырақ (48%, ЭТ 40%). Сонымен қатар, екі топ та қаржылық қауіпсіздікке жоғары мән беріп, тұрақты табысты таңдауды жөн көреді (ЭТ 84%, БТ 72%). Сонымен бірге, БТ респонденттері тәуекелді (кесімді) еңбек ақы төлеу түріне бейім (28%, ЭТ 16%).

Жалпы қауіпсіздікке ұмтылысқа қарамастан, екі топтағы респонденттердің көпшілігі жылдам жүруді ұнататыны байқалады: ЭТ 68%, БТ 60%. Сонымен қатар, ЭТ сақтық деңгейі жоғарырақ көрінеді: респонденттердің 84%-ы суға біртіндеп кіруді жөн көреді, ал 88%-ы күмәнді заттардан аулақ болуға тырысады. БТ-да бұл көрсеткіштер салыстырмалы түрде төмен: 64%-ы суға біртіндеп кіреді, ал 80%-ы күмәнді заттардан аулақ болуды қалайды. Бұл мәселеге қатысты қатынас екі топта да бірдей (44%-ы қолдайды, ал 56%-ы қолдамайды).

ЭТ респонденттердің 68%-ы гипнозға ұшырауға қарсы екенін білдіреді. Ал БТ бұл шектеу әлдеқайда төмен: 56%-ы гипнозды қаламаса, 44%-ы мұндай тәжірибеге ашық немесе осы бағыттағы пікірлес адамдармен қарым-қатынас жасауға бейім.

Екі топ та бірдей деңгейде (60%) өзге көзқарастағы адамдардың оларды «жігерлендіретінін» немесе «қуаттандыратынын» атап өтеді.

Жалпы, ЭТ мінез-құлқында белгілі бір қайшылықты ерекшеліктің бар екенін көрсетеді: олар өмірлік тәжірибені барынша толық алуға ұмтылысын білдіреді («өмірден барлығын алу»), бірақ физикалық және қаржылық қауіпсіздік мәселелерінде неғұрлым консервативті көзқарас танытады. Ал БТ салыстырмалы түрде теңгерімді сипатта. Бұл топта өмірлік тәжірибені кеңейтуге ұмтылыс айқын байқалмағанымен, қаржылық тәуекелге бейімділік біршама жоғары және тұрмыстық жағдайларда өзін қорғауға қатысты қатаң ұстаным төменірек көрінеді (суға кіру, гипноз).

Цукерман әдістемесі бойынша екі топтың сауалнама нәтижелерін талдау қатысушылардың басым бөлігін біріктіретін негізгі құндылықтар мен басымдықтарды анықтауға мүмкіндік береді (23-кесте).

23-кесте – Нәтижелердің салыстырмалы кестесі (ең жиі таңдалған жауаптар)

Сұрақтың мазмұны	ЭТ (Ең жиі таңдалған жауап)	БТ (Ең жиі таңдалған жауап)
Жұмыстың сипаты	Іс-сапармен байланысты жұмыс (64%)	Іс-сапармен байланысты жұмыс (68%)
Суыққа көзқарас	Тезірек үйге қайту (80%)	Тезірек үйге қайту (60%)
Қоршаған орта / Иістер	Пікірлес адамдарды таңдау (52%)	Дененің түрлі иістері ұнайды (56%)
Күмәнді заттар	Байқап көргім келмейді (88%)	Байқап көргім келмейді (80%)
Қоғамның идеалы	Қауіпсіз қоғам (60%)	Қауіпсіз қоғам (52%)
Жүру жылдамдығы	Жылдамдықты ұнатамын (68%)	Жылдамдықты ұнатамын (60%)
Еңбекақы түрі	Тұрақты табыс (84%)	Тұрақты табыс (72%)
Өзге көзқарастар	Күш-қуат береді (60%)	Күш-қуат береді (60%)
Сақтандыру	Бұл маңызды (68%)	Бұл маңызды (84%)
Гипноз	Бұған ұшырағым келмейді (68%)	Бұған ұшырағым келмейді (56%)
Өмірлік мақсат	Өмірден барлығын алу (92%)	Өмірден барлығын алу (56%)
Суға кіру	Біртіндеп кіру (84%)	Біртіндеп кіру (64%)
Музыкадағы хаос	Ұнамайды (68%)	Ұнамайды (64%)
Ең жағымсыз құбылыс	Дөрекілік (76%)	Дөрекілік (76%)
Адамдар типі	Эмоционалды адамдар (76%)	Сабырлы адамдар (52%)
Мотоциклдер	Ұнамайды (56%)	Ұнамайды (56%)

Екі топтағы респонденттердің басым бөлігі қаржылық және әлеуметтік қауіпсіздікті маңызды құндылық ретінде бағалайды.

Қатысушылардың жауаптарында қауіпсіздікке ұмтылу және сақтық таныту үрдісі айқын байқалады.

Сонымен қатар, екі топта да мінез-құлық мәдениеті мен эстетикалық талғамға қатысты көзқарастардың ұқсастығы бар.

Тұрақты жалақыға деген ұмтылысқа қарамастан, қатысушылар жұмыстың белсенді форматын қалайды. Бұл, мүмкін, студенттік жастың табиғатына тән белсенді өмір салтымен байланысты болуы ықтимал. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің елеулі бөлігі (ЭТ – 92%, БТ – 56%) «өмірден барлығын алу» қағидасын ұстанады, бұл қарапайым тыныштық пен тұрақтылыққа ұмтылудан басым түседі.

23-кестеде көрсетілген нәтижелер қатысушылардың басым бөлігін әлеуметтік және қаржылық тұрақтылыққа ұмтылыс, физикалық және психологиялық тәуекелдерден сақтану, қарым-қатынас мәдениетіне жоғары талап қою (дөрекілікті қабылдамау), сондай-ақ негізгі қауіпсіздікті сақтай отырып белсенді кәсіби қызметке бейімділік сияқты ортақ құндылықтар біріктіретінін көрсетеді.

Цукерман әдістемесі бойынша екі топта жүргізілген сауалнама нәтижелерін талдау қатысушылардың көпшілігіне тән негізгі құндылықтық бағдарлар мен мінез-құлықтық басымдықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

